

85.31(5K33)

T 22

# Иран Тіасқара



Желкен 70 жетегінде

қаз.тілінде  
85.31(5Каз)

607068

Т 22 Тасқара Иран Тасқараұлы (Ильяшев)  
Желкен 70 жетегінде: (ән мен жырлар,  
естеліктер).-Көкшетау.-2008

~~200тг~~ 400тг







ББК 84(5К)7-5  
ISBN9965-846-91-X

Бұл Иранның төртінші кітабына кейінгі жылдары шығарылған ән-жырлары, естеліктері еніп отыр. Бағасын ел ұрпақ бере жатар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ӘКІМШІЛІГІ



АДМИНИСТРАЦИЯ  
ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11

473000, город Астана, ул. Бейбітшілік, 11

199\_\_ ЖЫЛЫ

№ 06 *ақпаны* 1997 г.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Көкшетау қаласы  
Васильковский мөлг. ауд.  
35үй, 84пәтер  
И. Тасқараға

**Құрметті Иран Тасқараұлы!**

Сіздің хатыңызбен Нұрсұлтан Әбішұлы танысып, ризашылығын білдірді. «Көкше жолы» атты сый кітабыңыз Президенттің жеке кітапханасына тапсырылды.

Хат жазып хабарласқаныңызға рахмет, отбасыңызға береке, шығармашылығыңызға шабыт тілеймін!

Ізетпен,

Қазақстан Республикасы  
Президенті Кеңесінің  
мөңгерушісі

М.Б.Қасымбеков

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІ КЕҢЕСІНІҢ  
БАСТЫҒЫ

НАЧАЛЬНИК  
КАНЦЕЛЯРИИ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Ақорда

2006 жылғы 12 желтоқсан

№ Т - 16465


№ \_\_\_\_\_

Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы,  
Васильковский ықшам ауданы,  
35-үй, 84-пәтер  
И.Тасқараға

Құрметті Иран Тасқараұлы!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевты Тәуелсіздік мейрамымен құттықтап, ізгі тілектеріңізді айтып, әндеріңіз жазылған дискіңізді жолдаған ізет-құрметіңіз үшін Сізге көптен-көп рахмет! Нұрсұлтан Әбішұлы хатыңызбен және сыйыңызбен танысып, жақын қалған ұлы мерекемізге байланысты Сізге де өзінің құттықтауы мен нгі тілектерін жеткізуді тапсырды.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен Елбасымыздың еңбегін шамашарқыңызша әнмен өрнектеуге талпынған ықылас-ниетіңізге ризамыз. Өркеніңіз өсіп, өнеріңіз өрлеп, тыңдаушыңыз көбейе берсін. Зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілейміз.



М.Қасымбеков



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІ КЕҢСЕСІНІҢ  
БАСТЫҒЫ



НАЧАЛЬНИК  
КАНЦЕЛЯРИИ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Ақорда

11 маусым

200

Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы,  
Васильковский ықшам ауданы,  
35-үй, 84-пәтер  
И.Тасқараұлына

Құрметті Иран Тасқараұлы!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевты Астананың 10 жылдық мерекесімен құттықтап, жақсы тілектеріңізді айтып, әндеріңіз жазылған дискіңізді сыйлаған ықылас-құрметіңіз үшін Сізге көптен-көп рахмет!

Нұрсұлтан Әбішұлы хатыңызбен танысып, ізет-ілтипатыңыз үшін ризашылығын жеткізуді тапсырды. Уақыт мүмкіндігі болғанда әндеріңізді де тыңдайды деп ойлаймыз. Зор денсаулық, отбасыңызға амандық, шығармашылығыңызға кең өріс тілейміз.

М.Қасымбеков



Ақын, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың  
Иранға арнап жазып берген «Иран Сал» әнінің бастауы:

«Көкшенің ақтангері Иран Салмын,  
Ұрпағы Ақан Сері, Біржан Салдым,  
Үкілі Шырайдай «тәжкүлетім»  
Еліме бақыт тілеп жүрген жанмын»



Kpaku!

Kpaku unia,  
Atarong Haidai Bolom Bagadai,  
Aimkae Suiy Kumanee,  
Ampen unia atepada.  
Kusung uppe unia ciati-ay,  
Sangop di-ay,  
Bykiri Juey Haidai Bolom Bagadai.

A. S. S. S.

29-XII-2008

Bykiri

A. S. S. S.

*Ақын, ұстаз Бақыт Әбділманова  
Иран Тасқараұлына*

Шын жүректен,  
Ақ тілекпен  
«Көкше жолын» сыйлапсыз.  
Орта толсын, ақ жол болсын,  
Құтты болсын айтамыз.  
Жалғасы деп асылдың,  
Өзі деп сом алтынның  
Біз де баға айтамыз.  
Сал – сөрілер елінен,  
Сұлу Көкше жерінен,  
Иран әні қалықтар  
Сахнаның төрінен.

Уа, Иран, Ақан аға кезіндейсіз.  
Жалғасы, Мағжан аға сезіндейсіз.  
Абайша қалың елдің қамын ойлап,  
Сәкен боп сұлуларға күлімдейсіз.  
Қуаныш «Көкше жолы» бәрімізге.  
Тілейік ашық аспан елімізге.  
Кенші ақын, сазгер ақын, әнші құрбым,  
Тілеймін ұзақ өмір өзіңізге.

«Көкше жолын» алып, оқығаннан кейінгі көңіл күйімді осы елең арқылы жеткізіп едім, қабыл алыңыз.

Сайра Иран, сайра, сайра, ерінбе,  
Сарыарқаның жарқырашы кегінде.  
Мағжан аға өлеңіне ән жазған  
Иран Ильяш осал емес, тегінде  
Сайра Иран, сайра, сайра, ерінбе,  
Көкшетаудың биігінен көрін де.  
Сайра Иран, сайра, сайра, ерінбе,  
Өлең жырың сарқылмасын елімде.  
Асқақтата «Әжелерге» ән жазған  
Мың бір рахмет Иран Тасқара тегіне!

«Әжелерге» ән жазылған соң туған әсерім еді. Қуаныш үстінде туған әсер, қабыл алыңыз.

## *Алғы сөз ретінде*

Адам – қас-қағым деп тарихта аталатын уақыттың перзенті. Ол дүниеге келгеннен кейін, біліп, үйренетін қоғамдық өмірдің үлгісі бар, азамат болып өмірге араласып, өз уақыты, өз заманының ұлы болатындай тәңір жазған нәсібі бар, бұл дүниеден бақилыққа аттанарда артында қалдыратын өлшеулі мұрасы бар, жаратқанның пендесі. Менің замандастарыма сол тарихи өлшемнің күрделі де, дүние тез өзгеріп, шым –шытырық қоғам үрдістеріне жалғанған кезеңдері тап болды. Әкем Тасқара Смағұл қажының кенжесі еді, бай баласы болғасын туған жері, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданынан, кетуге мәжбүр болып, Ресейдегі Омбы облысының ну орманын паналады. Мен осы Омбы облысының «Қожа» деген қазақ ауылында туыппын. Қазақша бастауыш мектепті бітіргеннен кейін, орта мектепті орысша жалғадым. 1957 жылы Алматыдағы тау-кен институтына түсіп, 1962 жылы тау-кен инженері мамандығын алып шықтым. 20 жыл Жезқазған кен өндірісінде әртүрлі инженерлік қызметті атқарып, 1982 жылы Кекшетаудағы алтын шығаратын Васильков тау – кен байыту комбинатына ауыстым. Әке – шешем ел ішінде өнерлі адамдар болғасын, елдегі той-думандар оларсыз өтпейтін. Мен де 10 жасымнан қолыма домбыра алып ән айта бастадым. Қазақша, орысша ыждаһатпен оқып алған білімім өнерді, қызметті дамытатын зор күш болып алдымнан жарқырап шыға келді.

Студент кездерімде Алматыда жастар арасында ән салып, ән шығарып кеңілдерін белсем, кеншілерді де ән мен жырға белеп жүрдім. Көкшетауға жұмысым ауысқаннан кейін қасиетті сал – серілер елі Көкшетау мені құшағына алып, ән несері еселей түсті. Бұл өнердегі ерлеуім еркіндік алған еліміздің құрсаудан босанып самғауымен сай келді. Осы жылдары жүзден аса әндер шығарып, сал-серілердің әндерін шырқап ел абыройына белендім деп айтуға болады. Өз әндерім, өлеңдерім, бұған дейін Алматыдағы «Өнер» баспасынан 1995 жылы «Сағыныш» әндер жинағында, «Мәңгі көктем» қыз-жігіттердің айтыс жинағында, 1999 жылы Көкшетауда «Кекше жолы», 2006 жылы «Тербеген ән-жыр емірім» әндер-өлеңдер жинақтарында басылды. Менің негізгі мақсатым – Көкшенің ұлы сал – серілері Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтардың ән өнерін, шығармашылығын жалғап, дамыту,

ұрпақтарға мұра ғып қалдыру, Арқа әндерінің қасиеттерін жоғалтпай, биіктету.

Осы кітабымды шығаруға көмектескен музыкант, ұстаз Саян Мұхамедьяровқа, қызым Гүлжамалға шын жүректен алғысымды айтамын.

## *Әншілік өнерге байланысты естеліктер* *Омбыдағы «Тамаша»*

1991 жылдың жазында Алматы Қазақ теледидарынан Жамбыл деген жігіт үйге телефон шалды. Оның айтқаны: - Омбы қаласына таяуда концерттік бағдарламамен республикалық «Тамаша» барады, соның концертіне қатысуыңды сұраймыз. - Бір ай бұрын алдын ала Омбы облысының аудандарын аралайық, менімен бірге жүр - деді. Мен жұмыста екенімді алға тартып, бірақ концерттерге қатысуға келісімімді бердім. Сонымен шілде айында жан жарым Рәзиямен бірге Омбы қаласына аттандық. Омбының үлкен қонақүйіне орналасып, «Тамашаның» жігіт-қыздарымен араласып кеттік. Сол «Тамашаның» құрамында есімдері елімізге әйгілі өнерпаздардың біразы бар еді. Олар «Тамашаның» тарландары Құдайберген, Тоқсың, Мейірман, Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Мадина Ералиева, Нағима Есқалиева, Қапаш Құлышева, өнер қайраткерлері Шәміл Әбілтаев, Марат Омаров, Жезқазғандық Шынболат Ділдебаев, тағы басқалар. Сол кезде Омбы қаласында зәулім, үлкен, ішіне мыңдаған адам сыятын спорт комплексі салынған екен, Осында күніне екі концерттен қойылып отырды. Омбы облысының барлық аудандарынан қазақтар лек-легімен келіп жатты. Омбы облысының тумасы болғасын мені де танитындар, сырттан сұрап білетіндер көп болды. Артынан Омбы облысында мектепте бірге оқыған Ғабділмажит деген дос, адамның көптігінен концерттен кейін сахнаға маған жете алмағанын айтып, мәз болды. Екінші күні қонақжайдан далаға шықсам бір топ адам кездесіп, тоқтап амандасты, біреуі өзін Сағат Әшімбаевпын деп таныстырды. Сағатты бірінші кертенім осы еді. Ол салған жерден «Жігіттер, мына Иранға қараңдаршы, жүзінде, тұрысында ешбір жаттықтың, жамандықтың көлеңкесі жоқ, бәрі келіскен, жақсы емес пе?! – деген құлағымға жағымды

сөздерді айтып жатты. Мен аң-таң болып, көптен бері білетін туысым, досым келіп қалғандай құшағымды жая бердім. Жағдайымды, қалай орналасқанымды сұрап жатыр. Жақсыда жаттық жоқ деген осы. Сол концертте Шәміл Әбілтаевтың сұрауымен Мағжан Жұмабаевтың сөзіне жазған «Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін» деген әнімді орындадым. «Мағжан осы жерде оқыды, білім алды, азаматтық іске араласты, осы әнді орындауың орынды болды»-деп Шәміл риза болды. Бір концертте әнімді айтып, сахнаның артынан түсе берсем, Сағат тұр екен. Маған - Көп рахмет сізге –деді. Сонда түрінде ішкі жан дүниесінің қозғалысы көрініп тұрғандай еді. Орындаушылар нөмірлерін қалай шығарды, халыққа ұнады ма, тағы басқа өнердің тылсым құпия сәттері оның жайсаң жанын үнемі тербетіп жүргендей ...

Орайы келгенде бұл әнім туралы тағы бір сырды айта кетейін. Бертінде, жаңа ғасырдың басында Қазақ радиосынан Мағжанның жоғарыда аталған өлеңін белгілі әнші Рамазан Стамғазиев күніне екі рет орындайтын болды, тәңертең бір, кешке бір рет. Тыңдасам бір таныс әң, бірақ созыңқырайды. Мынау менің шығарған әнім сияқты, орындауы баяулау, композиторын айтпайды. Дереу Қазақ радиосына телефон соқтым. Трубканы алған, ұмытпасам, аты Бейбіт, қазақ радиосында бастықтың орынбасары екен. Мән-жайды түсіндіріп едім, ол жағдайды білейін деді. Бір күн өткеннен кейін, үйдегі ұлым Ерлан «Ата, радиода сен туралы айтып жатыр» - деп жүгіріп келді. Әңгіменің бас жағын ести алмадым, кім екені белгісіз, бір адам бұл әнді өзі 1997 жылы шығарғанын айтып жатыр екен. Ал жүргізуші диктор Толқын, фамилиясын білмеймін «Кекшетаудан Иран деген ән мөнікі деп таласып жатыр» - деді. Екі күннен кейін қазақ радиосына тағы да телефон шалдым: - Бейбіт, сенің тез шара қолданғаныңа рахмет. Маған белгісіз композитор 1997 жылы бұл әнді шығарса, мен әнді Мағжанның 100 жылдығына арнап 1990 жылы шығарып, оны 1991 жылы Омбыда «Тамашаның» концертінде айттым, оған куә Шәміл Әбілтаев, марқұм Сағат Әшімбаев. 1995 жылы «Өнер» баспасынан «Сағыныш» атты өндер жинағы шықты, сонда Мағжанның сөздеріне жазған екі әнім ноталарымен шықты, әнді нотаға түсірген белгілі композитор Темір Тайбеков. Біріне бірі қатысы жоқ екі адамның бір мәнермен бірінен бірі аумай қалған екі ән шығаруы мүмкін емес. Көп жылдан бері ән шығарып жүргенде менің ұстамым – шығарған әнім

бұрынғы әндеріме ұқсап кеткен жоқ па, халық әніне және мен білетін басқа композиторлардың әнін қайталаған жоқпын ба дегенді мұқият тексеру. Әншінің аузын мен жаба алмаймың айта берсің бірақ мен сіздерге бәрін жазып дәлелдеймін – дедім. Артынан Қазақ радиосының басқармасына 6 бет түсінік хат, ноталары бар Алматыдан, Кекшетаудан шыққан «Сағыныш», «Көкше жолы» атты ән – жырлар жинақтарымды, өзімнің орындауымда жазылған үнтаспаны жібердім. Кеп кешікпей әнді орындауды қойды, мен де істің соңына түсіп соттасуды ар кердім. Жалпы Мағжан сөздеріне мен 4 ән шығардым. «Сағыныш» атты Мағжанның абақтыда жатып шығарған сөзіне жазған әніме тоқсаныншы жылдары композиторлар одағында өткен жиында белгілі композитор Мыңжасар Маңғытаев мынадай баға берді: «Бұл ән Ақан Серінің Құлагерінің мәнеріне ұқсас болғанымен, басқа әң Иранның ез шығармасы, егерде орындаушысын тапса, сахнадан түспейтін ән». 2002 жылы Құрманғазы консерваториясының қолдауымен өткен ән байқауында Мағжанның сөзіне жазған «Сүй, жан сәулем» әнім де зор ілтипатқа ие болды. Сонда әндерді насихаттап, зерттеп жүрген бір ел ағасы: «Мынау әнің Мағжанның езінің әніне ұқсайды » - деп еді. Мен оған - Мағжан домбыра ұстап, ән шығарып, ән айтқан адам емес- деп едім.

Ол: - Оны қайдан білесің? – деді

Мен - Оны маған Мағжанның немере інісі Ғаділша Қахарманов айтты - дедім. Шынында да марқұм, Отан соғысының ардагері Ғаділша Қахармановпен бірге 1993 жылы Ақан Серінің 150 жылдық тойының қарсаңында «Ақан Сері - Абай» автокеруеніне қатысып едім. 7 облысты аралаған керуен әдебиет пәнінің мұғалімдерінен, белгілі ардагерлерден құралған, мені бұған Ақан Сері ұрпағы болып, ән- жырды насихаттау үшін қатыстырып еді. Сол жолы Мағжан сөзіне жазған әндерінің ноталарын Мағжан ауылындағы мұражайға тапсырдым. Ол ноталар жинағын марқұм Ғаділша езінде сақтаған екен, 15 жылдан кейін маған оның жары Шекер керсетті. Бақилық болар алдында Ғаділшамен тағы бір кездестім. Сонда маған - Естелік жазып, Алматыға барып, бар шындықты жайып салдым, Мағжанға артық сез жолатпаңдар, мына мені 10 жасымнан қолымнан жетектеп, ертіп жүрген ағам ол – деп еді. Сол жолы ол Мағжанның домбыра ұстап ән салмағының, ән шығармағанын да қайталап айтты. Тағы бір айта кететін жәйт, Алматы «Өнер» баспасынан 1991 жылы шыққан «Қазақ әндер – антологиясының» 1 томында Мағжан



Жұмабаевтікі деген 5 ән «Ақсұңқар құс», «Дайдидау», «Сен сұлу», «Сүй, жан сәулем», «Япыр-ай»-беріліпті. Осындай қайшылықтардың молдығы қынжылтады. Бір нәрсе шындық - ол Мағжанның өлеңдерін халық есіне сақтап, жаттап айтып жүргені, әрбір әуенге салып айтылуы да заңды. Мен әнші ретінде, ән шығаратын композитор бола тұра айтатын ойым, Фәділшаның естелігі шындық. Ән шын мәнінде шығарылса, ол өлеңімен бір деңгейде, болмаса жоғары тұру керек, егер оның сапасы сезінен төмен болса ол ән тыңдалмайды, күлкілі жағдайға дейін апаруы мүмкін Мағжанның өлеңдері нағыз поэзияның шыңы, ән сұрап сыңғырлап тұрғандай. Мұндай сөздерге ән шығару оңай емес.

Мағжан сөзіне жазған әнім туралы Омбыда да жоғарыда айтылған Сағат Әшімбаевтың сахнаның аржағында тосып тұрып айтқан алғысы мәңгі естен кетпейтіндей. Сол шаттық күндері бізге қыз-жігіттер қайта-қайта келіп: «Сіздерге, аға – жеңге, бізді Сағат Әшімбаев жіберіп отыр, қай жерден тамақ ішсек те, қонаққа қайда барсақ та қалмасын» - дейді.

Міне, Сағаттың үлкенге деген, енерге деген сыйы, ілтипаты қандай еді.

Омбыда бір үйде Сағат, Шәміл, Бектұрғанов Қазбек деген мәнің жерлесім, Шынболат Ділдебаев бәріміз қонақта болдық. Әңгіме барысында өзінің көмекшілеріне: «Жігіттер, сендерде мына Иранның шығармашылық портреті, жазылғандары бар ма?» - деді.

Мен: – Бар болатын, бірақ бұлардың баптарын мен таба алмай өшіріп тастап жүр ме, ол жағын білмеймін – деп күлдім.

Сағат: – Алматыға барғасын міндетті түрде шақыртам, бәрін жазамыз – деді .

Омбыдан оралғасын бір айдан кейін Сағат Әшімбаев қайтыс болды деген суық хабар жүрегімді шымырлатты. Қайраң ерім-ай! Сенің елді дүр сілкіндірген «Парыз бен қарыз» шығармашылығың, елдің, ердің қамын ойлап бір тынбаған қиын-қыстау журналистік, жазушылық еңбектерің қазағымда ұлы бір тұлға екеніңді жарқыратып-ақ тастап еді. Әттең өмірің қысқа болды.

Шүкіршілік, халқың сені ұмытпай, өнеріңді, шығармашылығыңды, азаматтық рухыңды қастерлеп жатыр, елмен мәңгі біргесің.

## *Самсері қазақ мұқалмас*

2002 жылы Кенесары ханның 200 жылдығына арналған шаралар белгіленіп, Кекшетауда мерекеге дайындықтар жүргізіліп жатты. Дәл осы кезде Көкшетау гуманитарлық университетінің ректоры, сол кездегі «Алаш» партиясының төрағасы Жанат Жақып-Сейітұлы Қасымның бастауымен «Хан Кененің жорықты жолдарымен» деген автошеру жасақталып қаржыландырды. Мұны қолдап қаржылық көмек жасаған Ақмола облыстық туризм және спорт басқармасының бастығы Қанат Ахметов, «Тұран-Әлем банкі» Кекшетау филиалының бастығы Бақыт Оспанов мырзалар. Сол шерудің мүшесі болып мен де қабылдандым, ол туралы Астанадан 2003 жылы шыққан журналист Нұрмұхамбет Ысқақовтың «Хан Кененің жорықты жолдарымен» деген кітапта жазылған.

Бұл жорықтан мен байтақ жеріміздің түр-келбетін тамашалап, тарихымен танысып, жиналған халық алдында езім шағарған әндерді, ұлы сал-серілердің, халық әндерін шырқап, кеп рухани азық алдым. Қазақ халқының көмеңгер қолбасшысы, ұлт-азаттық қозғалысының шамшырағы Кенесары Қасымұлының бейнесі, ісі, емірі, өлімі үнемі менің ойымды тербеп жүруші еді. Сол ішкі дүниенің тербелісі сыртқа ән боп шықты. Бұл әнді шерудің бас кезінен бастап, аяғына дейін айтып, нәшіне келтіріп жүрдім. Әннің нотасы дайын болмай, Нұрмұхамбеттің кітабына кірмей қалды. «Соқыр тауыққа бәрі бидай» дейтіндей қазіргі заманның қазақ арасындағы бір кемшілігі, егер бағалайтын, қолдайтын адамы кездеспесе әннің бағы ашылмай қала береді. Өйткені айғай-ұйғайға, жарқ-жұрққа, дыз етпе сезімге үйреніп алған өміріміз осыған әкеп тірегендей. Билеуге, селкілдеуге үйренген ұрпақты дәстүрлі қазақ әуеніне, қарапайым қазақ тілін игеруге қайтара алмай жүргеніміз емір шындығы. «Білгенге - маржан, білмеске - арзан» - деп ұлы Абай айтпақшы, әнімді атақты композитор «Жас дәуреннің» авторы Темір Тайбеков Алматыда естіп: «Иран, менен осы жерде көп адам классика мәнерінде батырлықты суреттейтін ән шығарып бер деп жүр, мына әнің жақсы екен, маған әннің нотасын, өлеңін жазып жіберші» - деді. Мен оның тілегін орындадым да. Бірақ, менің ойымша, жақсы әннің де шығуына көп қаражат, жоғарыдан қолдау керек, осыған қазақ үйренген. Көкшетауда мереке болардың алдында Алматыда Кенесары ханның 200

жылдығына арналған халықаралық конференция болды. Кенеханның Отаны Көкшетаудан Шоқан Уалиханов атындағы университетінің сол кездегі ректоры Абай Айтмұхамбетов бастаған 5 адамнан тұратын делегация конференцияға қатыстық.


Таңертең сағат оннан басталған жиналыс кешкі сағат бесте бітті. Сағат кешкі бесте Қазақ ғылым Академиясының төменгі этажындағы асханада Кенеханға арнап ас берілді. Сол аста кейбір ғалымдар қызу айтысты бастап кетті. Бір ғалым ақсақал: «Біз жалғыз Кенесарыны қолбасшы деп айта бермейік, өйткені, мысалы, Сырым Датов та орыс империясымен 14жыл соғысты, оны да қолбасшыға жатқызайық» - деуі мұң екен, маған жақын отырған ғалым, архитектор, қоғам қайраткері Шота Уалихановтың дауысы қатты шықты: - Ей! Датов өз елі кіші жүзде ғана соғысты, Кенесары Қазақстанның солтүстігінен оңтүстігіне дейін бүкіл қазақты көтерді, оны қолбасшы демей енді кімді айтамыз?! – деп қалды. Анау да, мынау да сөйлеп, мәселе дауға айнала бастады.

Осы кезде маған бір оқыс ой келді. Бұны басу үшін мен Кенесарыға шығарған әнімді айтуым керек.

Осы ойымды жанымда отырыған «Арқа ажарының» бас редакторы Жабал Ерғалиевке айтып едім, ол Абай Айтмұхамбетовке айт деді. Абайға ойымды білгіздім, ол: - Домбыраң жоқ қой – деп қалды. - Мен домбырасыз айтам – дедім де ортаға шықтым. Жиналған халыққа Кенесарының 200жылдығына арналған шеруге қатысып ән шығарғанымды, оны орындайтынымды хабарладым. Шынында да домбырасыз әнді дұрыстап айтатын басты нотаға дөп түсу қиын. Құдай қолдап дәл бастым, залдың іші күңіреніп кетті.

*Кенехан, Кенесары, Кене ерім,  
Сарыарқа – Отаны ерлік туған жерің,  
Мәңгі ешпес шамшырағы азаттықтың,  
Қазақтың қолбасшысы, кемеңгерім.  
Сыйынып ата-баба аруағына,  
Мақтанам Кенемдей ер болғанына,  
Ұрпаққа қуат беріп салған ізі,  
Қол жетті еркін елдік арманыма.  
Көкшетаудай жер болмас,  
Кенекемдей ер болмас,*

607068



*Ұлттық намыс, азаттық –  
Семсері Кене ақ алмас,  
Семсері қазақ мұқалмас!*

Жұрт дуылдап қоя берді. Біреу айғайлап жатты: - Біз бүгінгі жиналысты осы әнмен бастау керек еді-ғой!

Бөтен әңгіме басылды. Отыра бергенде Шота Уалиханов қолын созып, қолымды қысып, басын изеді.

Көкшетауға келгесін Көкшетау мәдениет үйінде салтанатты жиналыс болды, бұған Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы қатысып сөз сөйледі, «Ауылдағының аузы сасық дегендей» мен мерекелік концертке қатыстырылмадым. Кенесарыға шығарған әнімді халық алдында көшеде орнатылған машинаның үстіндегі сахнада айттым. Сол жерде болған Кәкімбек Салықов ағамыз: - Әнің қайырлы болсын – деп құттықтады.

Астананың 10 жылдық мерекесі қарсаңында «Көкше әуені-2» деген әндерімнің екінші дискісін шығарып, «Семсері қазақ мұқалмас» деген әнімді сол дискіге енгіздім.

Онда әндегі өлеңімнің бірінші ауызымен қайырмасын қалдырып, екінші ауызын және екінші қайырмасын былай өзгерттім:

*Астана көшесінен Кенесары,  
Шалқиды елдік, ерлік, достық әні.  
Паш өткен бар ааламға ер Нұрсұлтан  
Қазақтың елдік ісін, намыс, арын.  
Сарыарқадай жер болмас.  
Астанадай төр болмас  
Ұлттық намыс азаттық –  
Семсері Кене ақ алмас,  
Семсері қазақ мұқалмас!*

Тәуелсіз еліміздің Астанасының 10 жылдық мерекесіне орай жаңа дискімді Елбасымыз Нұрекеңе, Астана әкіміне және мәдениет және ақпарат министріне сыйға тарттым. Ол дискінің басында «Ақорда – бәйтерегім» деген жаңа шығарған әнім де бар.

Қазақ елінің намысы, елдік рухымыз әр қазақтың жүрегінде шоқ боп жанып тұруы керек. Ол ұрпаққа - үлгі, болашаққа - аманат.

## *Қазақтың батыры Рахымжан Қошқарбаевпен қалай кездестім*

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Жезқазған шахталарының бірінде инженер болып істеп жүрген кезім еді. Мені бастықтар жұмыстан босатып: - Жезқазғанға Ұлы Отан соғысының батыры, Рейхстагқа бірінші ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев келді, соның жанына шахта жұмыскері, Отан соғысының ардагері Исатаев Әбішпен бірге еріп жүресің – деді. Жезқазған кенішінде шахталарда жастар жұмыс істесе, үйдегі үлкендері жазда езен бойы малдарын бағып, биелерін қымызға байлап, жайлауда болатын.

Киіз үйлері құрылған Кеңгір, Сарысу өзендері бойы шағын-шағын ауылдар болатын. Ауыл аттары: Бәкір ақсақал қонысы, Жараспайдың ауылы, тағы-тағы болып езен бойы созыла беретін. Кеңес үкіметі малды есепке алғанмен бұл жақтың даласында қысы-жазы жүретін үйір-үйір жылқыны ешкім бақпайтын да, санамайтын да. Әрбір үйірді өз айғыры бағып-қағып, қыста құмға қарай от іздеп кетіп, кектемде әр үйір өз жайлауын табатын. Жарықтық, жылқы малы-ай, мінсе – көлік, жесе – азық, ішсе – қымыз. Көктемде адамдар жайлауына барып, үйірлері бір жарым, екі есеге дейін өскенін көріп, құлындарын қуанып ұстап, биелерін қымызға байлай бастайтын. Шебі аз сары далаға шәйір деген сүтті өсімдік берген, оны жидек сыяқты піскен кезде жұлып, қысқа қой-сиырға дайындайды, әлгі шөптің құндылығы еттің майы сыяқты, біраз мал бір айыр шәйірді күні бойы жеп бітіре алмай бөгіп жатады. Ежелден Наймандағы Бағаналы, Балталы елінің тұрмысы жақсы болған, жергілікті жұрт бұл жердің топырағы құнды, майлы деп мақтанады. Қонаққа бір қозы, бір қой сойып тастау кезді ашып, жұмғанша, елінің қонақжайлылығы аңыз қылардай.

Рахымжан ағамен жүздесіп, амандасқаннан кейін көп жылдан бір-бірімізді білетіндей күліп-ойнап жүре бердік. Ұлық болсаң кішік бол, батырлығы, ерлігі мол адам қарапайым да болады деген қағидалар алдымыздан шығып, мен-мұндалап тұрғандай. Рахаң анекдоттарды жақсы айтатын, әзілшіл, ақжарқын кісі екен. Әбіш ағамен бірге бәріміз өзенге суға түстік, сол кезде Әбекең де езінің қулығына басып: - Раха,

маңдайыңды оқ жырып кетіпті ғой, бұл батырлықтың белгісі ме? – деп қағытты. Сонда Рахымжан ағамыз: - Әй! Әбіш, сенің арқаң оқтан жырық-жырық, шұрқ-шұрқ екен ғой, жобасы немістерден қашқасың ғой – деп қалғанда бәріміз шек-сілеміз қатып кеп күлдік.

Сарыарқаның жусан, шәйір аңқыған саумал самалын жұтып, балдай төтті қымызына қанып, марқа қозының жүрекке тимейтін жұмсақ етіне тойып алып, домбырамен әнге басқан қандай бір ғанибет. Біз тап осылай жасадық. Батыр ағамыз соғыста қалай болғанын, рейхстагқа бірінші болып қалай ту тіккенін баптап баяндап отырды. Соғыстан кейін Одақ делегациясының құрамында Германияға барғанда одан кім болып істейсің деп сұрағанда, «банщикпін» депті. Мұны делегацияны басқарған адам естіп, ақырын Рахымжанға сыбырлап: - Қызметіңді айтпай-ақ қой, барғасын көреміз – депті. Елге келгесін Рахаң жаңадан салынған Алматы қонақжайының директоры болып тағайындалыпты.

Жұмыс басты болып, жастықтың қызығына тоймай жүйткіп жүргенде, қазақтың дара батыры Рахымжан ағамен де кездескенге 5 жылдай өтіп кеткенде, маған Алматыға іссапармен баруға жол түсті. Жаз ортасының қайнап тұрған ыстық күні еді. Біз Көпен Каштаев деген Оңтүстік Жезқазған кенішінің бас инженері екеуіміз Алматы қонақжайына орналасу үшін сонда бұрынырақ келіп орныққан Қаныш Сәтбаев атындағы Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының директоры Виктор Васильевич Гурбамен жолықтық. Ол кісі бізге Алматы қонақжайларында орын жоқтығын, Мәскеуден Игорь Мойсеевтің ансамблі, басқа да кеп қонақтар Алматыны жайлап алғанын хабарлап: -Енді қала сыртындағы Медеодағы Жезқазған комбинатының демалатын үйіне барыңдар - деді. Кешеге шыққасын Көпен жерлесі, бірге оқыған, Қазақстан Коммунистік Орталық Комитетінде жұмыс істейтін бір досына телефон шалып, іс шығара алмады.

Қошқарбаевтың осы Алматы қонақжайында директор екені менің есіме түсе қалды. Көпеннен телқұжатын алып, қонақжай директорының кабинетіне бардым. Есігі ашық, Рахаң бір әйелмен сөйлесіп отыр екен, менің сәлемімді алды да, екінші бос орындықты нұсқап, сезін бұрынғы адаммен жалғай берді. Әйел кеткеннен кейін ол: - Ақ, сөйле, жігітім – деді. Мен: -

Жөзқазған – дей беріп едім. – Сен әлгі баяғы өлең айтқан Ирансың ба? – деді, 5 жыл бұрынғы кездесу есіне түсіп. Сөзімді ері жалғастырғызбай, бәрін біліп тұрғандай: - Әкел талқұжаттарыңды – деді. Шіркін, ерім-ай, нағыз ерлікті жасаған тұлған осы бір кішкене мәселені шешуде де бойынаң ойынан жарқыратып нұрын тәгіп тұрғаны-ай – деймін ішімнен. Рахаңмен мәселені шешіп, сұхбаттасып, қонақжайдың кіре берісінде тұрған Көпенге қайтып келдім де: - Жүріңіз, орналасайық – дедім. – Мына ісің бір ғажап, қиыннан қиыстырғандай болды-ау деймін – деп Көпен күліп, көңілденіп қалды.

Енді бір Алматыға келгенімде асығыс қонақжайдың жанынан өте бере Рахаңды тағы да кергендей болдым. Ол кісі қонақжайына транспаранттар ілгізіп, біреулермен сөйлесіп жатыр екен, анадай жерден өтіп бара жатқан маған қайта-қайта қарай берді. Мен ісіне кедергі жасамайың, сәлем беруге артынан бір соғармын деген оймен жүре бердім. Өзімнің осы ағаттық ісім осы күні қайта-қайта еске түсіп, Рахымжандай айбынды, адамгершілігі мол ағаны мәңгі сағынып жүргендәймін.

*Домбыраға қосыл орысша,  
украинша айтқан әндерім*

1988 жылғы жаздың басы, мен Көкшетаудағы Васильков тау-кен байыту комбинатының кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істеймін. Бір күні Мәскеудегі Металлургтер Кәсіподағы Орталық комитетінің шақыру қағазын алдым.

Онда мені кәсіподақ комитетінің төрағасы, ән салатын тау-кен инженері, керкемөнерпаз мүшесі ретінде Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіндегі концертке шақырыпты. Бұл мені көп ойлантты, толқытты. Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосыновтарды тыңдаған Мәскеу көрермендерін қалай толғандыруға, таң қалдыруға болады, мен әртіс емеспін, бір тосын амал табу керек. Ойлап тапқаным, Біржан Салдың «Айтпай» әнін Біржан тіріліп келіп, орысша домбыраға қосып тұрғандай елес беру керек. Содан шығармашылық іске кірісіп

кеттім. Әуелі қара сөзбен орысшаға Біржан Салдың елеңінің сездерін аударып түгел түсінігін беру, екінші, оны әнімен айту үшін сездерді алмастырып, мазмұнын сақтай отырып, әннің ырғақ көлеміне жып-жылмағай қылып сыйғызу, үшінші, орысша рифмалау.

Міне, осының бәрін орындағанда, Біржан орысша әндетіп сала берді. Бірде, облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары Базарбай Көкеновтың айтқаны бар: - Аға, әнді қазақшадан орысшаға сізден артық ешкім аударма алмайды – деп. Сонымен әнді қайта-қайта орындап іштей дайын болдым. Сол кезде жарым Рәзиямен бірге Бурабайдағы Щучье шипажайында демалып жатқанбыз. Ол: - Қазақ зиялыларының алдында ұятқа қаласың, ешкім мұндай үлгі көрсеткен жоқ – деді.

Менің айтқаным: - Бүгін кешке Щучье шипажайының алдында демалып, емделіп жатқандарға осы әнді орындап берем. Орысы бар, қазағы бар топ мақұлдаса, Мәскеуге де бұл ән жарайтын болады. Солай істедім. Бәрі таң қалып: - Біз мұндайды естіп, көргеміз жоқ! – деп мақтап жатыр.

Мәскеуге де жеттім. Концерт те басталды, әр халықтың әндерін ансамблдер, жеке орындаушылар айтып жатыр. Менің де кезегім келді. Біржан Сал атамыздың асқақ әні «Айтпай» домбырамен орыс тілінде Мәскеудің әуесін тербеп жатты. Жұрт қызу қол соғып, сахнадан түскесін мені Украинадан келген Запорожьенің қыздар ансамблі (атын ұмытыппын) қоршап алып, құттықтап, алғыстарын білдіріп жатыр. Осы кезде бір адам маған жақындап келіп: - Сізді КГБ-нің бір майоры шақырады – деді. «Бұл не? Нені бүлдірдім?» - деген жаман ойлар келбеңдегендей болды. Шақырған жерге барсам, майор қазақ жігіті маған сәлем беріп, қолымды алып, өзін таныстырып, сейлеп кетті: - Мен Яхуда Қалиев деген Кекшетаудың жігітімін, мұнда оқуда жүрмін. Жаңа көрме алдындағы метро аялдамасынан шыға келсем, Мәскеудің шетін жаңғыртып радиодан қазақтың домбырасымен қосылып айтқан Кекшетау туралы Біржан Сал атамыздың әнін орысша беріп жатыр екен. - Бұл не ғаламат, қайдан шығып жатыр бұл әсем үн деген ойлар осы жерге жетелеп әкелді. Содан біз біраз уақыт көрмені серуендеп, тамақ ішіп, әңгімелесіп кеңіл кетердік. Яхудамен қоштасып, мен концертті ұйымдастырушылар шақырған



қонағасыға кеттім. Сол қонағасыда маған «Айтпайды» тағы да айтқызды. Мәскеуден кетерде Кәсіподақ Орталық Комитетіндегілер мені екі айдан кейін Украинаның Запорожье қаласында өтетін «Достық концертіне» шақыратынын айтты. Үйге келгесін енді Украинаға баруға дайындалдым. Домбыраға орысшаны қосқасың, украинша неге әндетпеймін деген ой келді. Шын достықты білдіру үшін, халықтың өз ана тілімен сөйлесең ғана жүрекке жетесің.

Енді орысша өлең құрастырып, оны украин тіліне аудару мақсат болды. Біздегі украиндықтардың ішінде де ез тілін ұмыта бастағандар да көп екен, әйтеуір ебін тауып елеңімді украинша құрастырдым. Енді әнін келтіру керек. Бір жағынан домбырамен әсем шығатын қазақтың үні болса, екінші жағынан украин халқының үнін елестететіндей ән элементтерінің болғанын қаладым. Осылай «Украина золота» деген ән шықты. Сонымен, 1988 жылдың жазында Мәскеу арқылы Украинаның Запорожье қаласына сапар шектік. Мәскеуден пойыздың екі вагонына топтастырылған Одақтың әр республикасынан келген әртістер кетеріңкі көңілмен әндетіп келеміз. Мен жол бойы украиндықтардан мына сөзді қалай дұрыс айту керек деп, әнімнің сөздерін талдап, үйреніп келемін. Әртістердің көпшілігі ансамбльдер, хор, бишілер тобы. Қазақстаннан мен жалғыз, футлярға салған домбырамды кергендер: - Что у тебя за ружье? – деп таңырқайды. Мен: - Это ружье стреляет только по сердцу – деп қоям.

Запорожьеге келгесін концерт болатын мың адамдық бір мәдениет сарайының залына жасы елуді еңсеріп қалған режиссёр ер адам бәрімізді жинап репетиция жасады. Жобасы, қазақтарды танып, олардың енерінен хабардар болу керек, маған - Сен домбыраңды тартып, бір жарты сағат жырлайтын шығарсың – деді. – Жоқ, менің айтатыным әндер, олар қысқа болады, мен екі әнді қазақ, орыс және украин тілінде орындаймын – дедім. Ол: - Онда жақсы, мына екі метрлік биіктіктегі сахнаға шықпай, көрермендердің бірінші қатарында отырасыз. Біз сізді шақырып, сахнаның төменгі жағына прожекторлардың жарығын түсіреміз, қатардан шығып сол жерде әндерді орындайсыз – деді.

Ертеңіндегі концертте солай жасалды. Бірінші қатардан шығып, домбырамды қолыма алып Біржан салдың

«Айтпайын» қазақша-орысша орындап бердім. Жұрт қол соғып, қошемет саябырлаған кезде: - Мен сонау Біржан Сал әнге қосқан жер ұйығы, екінші Швейцария атанған, Көкшетаудан Тарас Шевченконың Отаны Украинаға келіп, ұлы жазушы Николай Гоголь «Тиха украинская ночь...» деп толғанған Днепрдің жағасында, Хортица қонақжайында әндетіп жатырмын. Біржан Сал атамыз сыяқты, сіздерге «Украина золота» деген ән шығарып әкелдім, қабыл алыңыздар!

Ән орындалып жатқанда қайта-қайта қол соққан украиндықтар, ән біткен кезде «овация» жасап, барлығы дүрліге орындарынан тұрып, қиқулап жатты: - Приехал настоящий друг, настоящий украинец... Міне ән құдіреті осылай халықтың жүрегіне жол тауып, мен де ақ қанатты періштедей залда қалқып жүре бердім.

Осы «Украина золота» әнімді 20 жыл өткеннен кейін Көкшетау мәдениет сарайында, биылғы «Қазақстанда Украина жылы» мерекесін тойлағанда тағы да украиндық делегацияның, халық алдында орындауға тура келді. Бұл ән арнау ретінде концерттің басында айтылды. Жұрт «овация» жасап, бәрі қосылып әндетіп кетті. Осындай тарихы бар Біржан Салдың «Айтпай», өзімнің «Украина золота» әндерімнің қазақша, орысша, украинша мәтіндерін келтіре кетейін.



*Украина — алтын елім,  
Украина - Золота*

Украина құшақ жайды  
Достық сезім – гүлімен,  
Қарсы алады Қазақстан  
Дархан дала нұрымен.

*Қайырмасы:*

Украина – алтын елім,  
Шын достарың сағынды,  
Саған деген ақ тілегім  
Ән мен жыр боп ағылды.

Прийыхав я на Украину  
По кличу сердца и друзив,  
Примы поклин ты як от сына  
От казахских гир, степыв

*Припев:*

Украина золота,  
Я з тобой зустричи рад,  
Писню щастя цому краю  
Распивая стар и мал

Шевченко табыстырды,  
Бізді қазан дос қылды  
Әрқашанда достығымыз  
Салтанатты көш құрды

*Қайырмасы:*

Сриднив нас Шевченко,  
И жовтын породнив,  
Як бувайте здоровеньки,  
Я вас давно любыв

*Припев:*

Қазақстан қазағымын  
Риза дәм-тұзыңа,  
Запорожье казагының  
Көзім түскен қызына  
*Қайырмасы:*  
Я казах из Казахстана,  
Запирижья ты казак,  
Мицнише дружба наша стала  
И ласкавый казачки згляд.

*Припев:*

### *Бөркің-ай*

Бұл әннің аты кәдімгі басыңызға киетін бөрік, қыздың басындағы құндыз бөрік, айдай сұлу да сымбатты қызды құлпыртып, жарастырып тұратын бөрік. Атақты ақын, әнші, сазгер, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов ағамыз бұл бөрікті де керікті қызды қай жерде көріп, таң қалып, пай-пайлаған кезін айтқан емес. Бірақ, Көкшетауға арнайы келіп, маған; - Иран, саған бір өлең әкелдім, ән шығар, басқа композиторлар біз ән шығарайық дегеніне кенбедім, бұл сөзге Көкшедегі менің інім Иран ғана ән шығарады деп сеніп келдім – дегені бар емес пе. Екеуміз Мәриям жеңгейдің кезінше өлеңнің мәтінін олай қарап, бұлай қарап, ананы, мынаны айтып, шабытқа беріліп кетсек керек, кенеттен жеңгем: - Бірің алпыстың ортасынан асып, екіншің алпысты жағалатып жүріп, өлеңді олай тереңдетуді қойыңдар, - деп қалды. Біз жасымызды ұмытып, жастық еске түсіп, қызыңқырап, әзілді қоюлатуға бет алған кезде, жеңгеміздің қаттырақ шыққан үні бізді сабамызға түсірді. Мен ұсынысты мақұл көріп, өлеңнің мәтінін алып кеттім.

Алдымызда бірер айдан кейін Көкшетау мәдениет сарайында ағамыздың шығармашылық концерті болатын болды, сол концертте жаңадан шыққан «Бөркің-ай» әнін айтуым керек.

Концерт болатын уақыттан бірер күн бұрын Кәкең жеңгеймен Көкшетауға келді. Кәкеңмен жолығып, әнді айтып едім: - Бәрі жақсы екен, Иран, мен өткендегіден әннің мәтінін

өзгертіңкіреп әкелдім – деді. Өлеңді қарасам, мәтіннің кейбір сөздерін алып тастап, өзгертіпті. Алынып тасталған сөз тіркестері: «бір сүйгізші, қалқатай», «қос алмаға қол салу».

- Кәке, бұрынғы мәтін өзгертілмей қалуы керек, әйтпесе, менің әнім шықпайды. Мұндай әзілдер кешегі Жамбылда, басқа да қазақ ақындарында, халық әндерінде көптеп болған, мұны жастар ұнатып айтады – деп мен шыр-пыр болдым да қалдым. Кәкімбек аға мұқият тыңдады да, ешкімге мойын бұрмай: - Жарайды, солай болсын, - деді. «Көкшетау» мәдениет сарайында болған ағаның шығармашылық концерті ете жақсы өтті. Менің осында бірінші шырқаған «Бөркің-ай» әнімді жұрт дуылдап қол соғып қарсы алды. – Біз «Жезкиік» әнін қай қызға шығарғаныңыз туралы хабардармыз, ал мына «Бөркің-ай» әнінің сөздері қай сұлуға арналғаны туралы айтып бересіз бе? – деп Кәкімбек ағаны қолға алып жатты.

Бұл жиырмасыншы ғасырдың соңы. 2000 жылы Алматыда республика бойынша «Жаңа ғасырға – жаңа ән» деген рубрикамен жаңадан шыққан әндерге конкурс жәрияланды. Байқауда авторлардың аты-жөні шаралар аяқталғанша құпия болып, әндер іріктеліп алынғаннан кейін жәрияланыпты. Жюри бастығы атақты қазақ композиторы Еркеғали Рахмадиев айтқандай, конкурсқа 1800 ән түсіпті, соның ішінен 5 номинация бойынша 51 ән таңдалынып алынған екен. «Бөркің-ай» әні осы байқауда жеңімпаз атанып, диплом алып келді. Оны орындаған республикада атақты әнші Ермек Әбілдаев екен. Біз Кәкімбек аға екеуміз оны естімегесін, домбырасыз фортепианомен ба, оркестрмен бе бұл ән Ермектің орындауында қалай шықты екен деп, әлі күнге дейін құмартамыз.

2002 жылы жазда Алматы қаласында Кәкімбек ағаның 70 жылдық мерейтойы өтті. Мен де сол тойға шақырылдым, бірақ барғанда білгенім, Алматы филармониясында өтетін шығармашылық концерттің бағдарламасына жергілікті өнерді басқаратындар мені жазбай, әртіс Ғазиза Жұмекенованы ғана жазыпты. Тойды басқарып жүрген белгілі қазақ ақыны Тұманбай Молдағалиевке телефон шалып едім, ол: - Ой; Ираң, сен айтпағанда бұл тойда кім айтады?! – деп көңілімді бір көтеріп тастады. Мен өзім сахнаға қалайда шығудың қамын ойластыра бастадым. Сахнаның аржақ бөлмелерінде

дайындық жүріп жатыр екен, Мақпал Жүнісова, Қайрат Байбосынов, Бағдат Самединова, Бекболат Тлеуханов, Қапаш Құлышева тағы басқалармен амандасып, мен де дайындыққа кірісіп кеттім. Концерт жүргізушінің тізімінде әлі жоқпын. Жалпы шараның қалай жүріп жатқанын байқасам, әр облыс, қалалардан әуелі сыйлық беріп, сосын арнауын орындап жатыр екен. Мысалы, Қарағанды облысы Кәкеңе машина мінгізіп, арнауын белгілі ініміз, ақын Аманжол Әлтаев айтты. Енді Көкшетаудан ақын Төлеген Қажыбаев жабатын шапанын ұстап, қала әкімнің орынбасары Ғалым Бекмағанбетов сөзін дайындап, сахна теріне кетерілгенде, мен сахнанын арт жағындағы қамыс пердеден шыға келіп, қатарласып тұра қалдым. Ғалым сөзін сөйлеп, Төлеген Кәкеңе шапанын жауып болған соң, сахна төрінде отырған ақын Тұманбайдың есіне менің телефон шалғаным түсті ме: - Ал, енді Кәкімбек ақынның сүйікті інісі Көкшелік Иран ән шырқайды – деп хабарлады. Мен қысқаша әннің қалай шыққанын айтып, «Бөркің-айды» сыйға тартатынымды ескерттім. Алдында әншілер бір-бір әннен айтып, жұрт Мақпалды сахнадан жібермей үш ән айтқызғаны бар. Бір көзде көңілдегі күдіктердің бәрі сейіліп, әнге беріліп кеттім. Байқаймын ән айтылып жатқанда, залда көңілді қозғалыс орын алып, анда-санда қол соғып қояды. Ән бітті, көрермендер қол шапалағы «овацияға» айналды. – Тағы, тағы – деген дыбыстар естілді. Көп күткізбей атақты әнші, ақын, Үкілі Ыбырайдың немересі, марқұм Мұса Асаиновтың сөзіне жазған «Мұсаның әні» деген әніме бастым. Ән бітті, дуылдаған жұрт ұзақ қол шапалақтады. Сахнадан түсіп жатсам алдымнан құшағын соза Қызылжарлық Құдайберген Қалиев, Балташ Тұрсынбаев, Алматылық Шамшидден Әбдіраманов, тағы басқалар құттықтап жатты.

Сол жылы «Беркің-ай» әні Құрманғазы консерваториясы фольклорлық бөлімінің, Қазақ радиосының қолдауымен осы күнгі қазақ әндерінің аудиодискісіне енгізілді.

2007 жылдың ақпан айында Астана қаласы Елордамызда қазақтың атақты ақыны, сазгері, белгілі қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың 75 жылдық мерейтойы өтті. Сол тойға мен де қатыстым. Көкшетаудағы жергілікті лауазымды қызметкерлер конгресс-холлда болатын концертке тағы да мені жазбапты. Содан Кәкеңе телефон шалып, одан

концертті басқарып жүрген республикаға еңбегі сіңген әртіс Серік Оспановпен сөйлесіп, мәселе оңынан шешілді. Жексенбі күні еді, сағат 11 кезінде конгресс-холлдың залына репетицияға бардым. Ұйымдастырушылар мені тыңдады да: - Сіз бесінші нөмір болып шығасыз – деді.

Сол күні сағат төртте конгресс-холлда мерейтойға арналған мәдени шара басталып та кетті. Құттықтау ресми сөздерден кейін концертті республиканың халық әртісі Қайрат Байбосынов Кәкеңнің бір әнімен бастап берді. Одан кейін республикаға еңбегі сіңген әртіс, Жезқазғандық Ғалым Мұхамедин Кәкеңнің сөзіне жазған Жақсыкелді Сеиловтың «Жезкиік» әнімен жалғасты. Конгресс-холлдық толы жиналған жұрт көтеріңкі көңілмен, шапалақты аямай, әртістердің шыққанын, әндеткенін қызу қарсы алып жатты.

Үшінші, президент оркестрінің мүшесі бір келіншек Кәкеңнің сөзіне жазған Мұратхан Егінбаевтың әнін айтты, содан кейін атақты ақын Ғалым Жайлыбай арнау елеңін оқыды. Енді концерт жүргізуші мен әлі алмаған лауазым атақты қосып: - Сахнада Республикаға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Иран Тасқара – деп хабарлап жіберді. Мен жалтылдаған сары оюлармен оқаланған ақ қамзол, Үкілі Ыбырайдың шашағы бар бас киіміндей ақ тақия, балағы оюланған ақ шалбар, ақ көйлек, сары туфлимен шыға келгенде, жұрттың алақан соғысы толқындап біраз тоқталмады. Алғашқы абыржып қалған бойыма серпіліп күш біткендей, қобалжыған жүрегім орныққандай, домбырамды «Беркің-айдың» қайырмасына салып, қаңқылдата бастадым. Хабарлаушы: - Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазған Иран әні «Беркің-ай» - деп жалғастырып жатты. Әуелі айғайға басып алып, әнді бастап кеттім. Зал тып-тыныш, әннің бірінші ауызы мен қайырмасы біткенде жұрт дүрлігіп қолды соқсын-ай келіп. Мен әнді әрі қарай жалғап, екінші ауызын қайырмасымен тағы біте бастағанда, залда көңілді қозғалыс, көтермелеу дауыстар шықты, тағы қол соғылды, одан толқындатып әннің үшінші ауызын шырқай бердім. Енді қайырмасына келгенде, жұрттың алақан соғысы «овацияға» айналды. Ән бітісімен залда отырған жұрт түгелдей орындарынан тұрып қошемет көрсетті. Маған әнді әрі жалғастыруға уақыт жоқ, менен кейін республикаға еңбегі сіңген әртіс қарындасымыз Қапаш Құлышева Кәкеңнің сөзіне шығарған менің әнім, екінші



«Жезкиікті» айтады. Басымды иіп жұрт алдында тағзым етіп, **тобам** көкке жеткендей болып, сахнаның бұрышына қарай **жылжи** бердім. Эртістер дайындалатын бөлмеге келсем, **қарсы** алдымнан құшағын ашып Сенат депутаты, атақты әнші ініміз Бекболат Тлеуханов шығып: - Ой, аға, бүгін неше түрлі дыбыс шығардыңыз ғой, ғаламат болды... – деді.

Концерттен кейін атақты композитор Еркеғали Рахмадиев ағамыз қолымды қысып жатып: - Иран, ты талант, что-ли...? – деп жатты. Бұл әнді Алматыда, консерваторияда жас композитор Аманжолов Бахтияр естіп: - Әннің қайырмасы ғажап, осы толқынның әуенімен біздерге симфония жазуға болады – деді. Қызылжарда өнер сайысында Қайрат Байбосыновтың шәкірттерінің бірі Төлеш: - Аға, мына әніңіз осы күнгінің «Шама» әні ғой – деді, Жарылғапберлінің шамасын нұсқап.

Кәкімбек ағамыз мені керсе: - Бізді жасартып жүрген мына Иран... Халлю, лю, ләллю, лю... – деп мөз болады.

## *Үкілі Ыбырайдаһ асыл тектен*

Бүгінгі ел ағасы, қоғам қайраткері, ақын, композитор Кәкімбек Салықовтың жасаған жезкиік бейнесі- поэзия тілімен өрнектелген, қилы кезеңнен басталып бүгінге жеткен қазақтың жан дүниесі деуге болады. «Ет кесіп өз етімнен берсем дағы, жеңіңе жіберейін емдеп қана ... » Осылай – осылай ән болып, желдей есіп, елді тербеп жатыр. Күрт саны азайып, құрып бара жатқан «адамның көздеріндей екі кезі» Жезқазғанның жез киіктері – адамдар жасап жатқан экологиялық апаттың бір сипатындай.

Сонымен қатар жезкиік – жер байлығы, Жезқазғанның әлемде алтынға балайтын ең ірі жез байлығы, жезкиік – «кешегі қызыл ішік киген» арулар, «түндей тыныш, тәтті ұйқыдай» бейбітшілік, «құмарту, аңсау мезгілі», «жүйткіп бір өтетін ... бір көрудің зор бақыты», «жүректі жеңіл жандыратын» ұлы махаббат ... Көкеңнің кен жағынан, ән жағынан шәкірті боп ойымда мықтап түйген әуелдегі ойлар желісі осылай еді. Кәкімбек ағаның сөздеріне жезқазғандық Жақсыгелді Сейілов **те**, мен де «Жезкиік» атты әндер шығардық. Жуырда бір сөйлескенімде ағамыз 10 томдық шығармаларын дайындап

болғанын айтты. Бұл -75 жасқа толайын деп отырған Кәкең үшін үлкен жетістік, ұрпаққа мәңгілік мұра. Тау-көн инженері болып, техниканы, өндірісті, қоғамның жоғары сатыларын басқаруды игеріп, үлкен парасаттылық, адамгершілікпен ақын –азамат болуы, Нұрғиса Тілендиевтен бастап басқа да белгілі композиторлардың Кәкеңнің сөзіне 400 –ден аса ән шығаруы – бәрі даналықтың көрінісі деп атауға әбден болады. Кәкеңнің сөзіне мен де бірнеше ән шығарғанымды мақтан етемін: «Жезкиік», «Өсиет», «Бөркің-ай», «Жанбота», «Құдалар», «Ертісте туған ерке қыз», «Сағыныш», оның ішінде «Бөркің-ай» әні «Жаңа ғасырға – жаңа ән» республикалық байқауының дипломанты атанды. Жезқазғанда кенші боп жүргенде – ағалық қамқорлық, әншілікте – қолдау, ұстаздық үлгіні көп көрдім.

Әлі есімде, ол Мәскеуде СОКП Орталық Комитетінде жауапты қызметте жүргенде, зайыбым екеуімізді құшақ жая қарсы алғаны. Үйде жеңгей болмаса да тамақты өзі ұйымдастырып: - Ал, Иран, енді домбыраны қолға ал, елең айтамыз - дегені. Кәкімбек ағамен сонау бір жас шағымда қызметте танысып, 45 жыл араласып келеміз, жәй араласу емес, шығармашылық ізденісіміз де бір іспетті. Бірде той үстінде жанына шақырып алып, бір ауыз елең жазып берді де: «Енді Иран салмын деп шырқай бер», - деді. Сондағы бір ауыз өлеңін «Иран сал» деген әніме қостым:

Кекшенің ақтангері Иран салмын,  
Ұрпағы Ақан сері, Біржан салдың,  
Үкілі Ыбырайдай «гәккулетіп»,  
Еліме бақыт тілеп жүрген жанмын.  
Қаройдың әндеткен кең тынысымын,  
Ұшқыны кенші қауым үлгі ісінің.  
Қазақтың жезтаңдайлы жезкиігі,  
Ардақты Кәкімбектің інісімін.

Қысқасы, ағамыз жетпіс бестің жетегінде де денсаулығы мықты болып, шығармашылық табысы тасқындай берсін демекпін.

Қазақтың жез киігі,  
Ақындық сөз биігі,  
Қызылжар, сұлу Көкше,  
Сырымбет – кер миығы.

Барлық ел еркелеткен,  
Әні аққу елге жеткен,  
Үкілі Ыбырайдай  
Кәкімбек асыл тектен.

Асыл кен инженері,  
Еңбекте елдің ері,  
Жалғаған өнерімен  
Үлгісін Сал мен Сері,  
Жезқазған - ерлік төрі,  
Ұлытау – елдік белі,  
Жетісу, Қарақалпақ –  
Бәрінің ер түлегі.

Сарыарқа саңлағы,  
Мәскеудің ер ұланы,  
Шәкірті Қаныш аға,  
Тасытқан кен бұлағын  
Шабыты Құлагердей,  
Жайылған сексен көлдей,  
Жетпістің шалқарында,  
Ағылтсын тізгін бермей.

Бас иіп ұрпақ сізге,  
Үлгі алар ізіңізден,  
Тілейді саулығыңды,  
Ғұмырлық жасты жүзден.  
Аққудай көлде жүзген,  
Қарсы алар жылы жүзбен,  
Айналдым бапкеріңнен,  
Мәриям жеңгемізден.

### *Жәнібек әнші сала алмай кетпін әнімді*

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасындағы жаз айы. Сол кезде Көкшетау облысы мәдениет басқармасынның бастығы марқұм Жақыпбеков Амангелді Бәйкенұлы деген жігіт болатын. Орта бойлы, басы Сократтың басындай, жарқыраған маңдайын тықыр бұйра шаштары көмкеріп, сән



беріп тұратын. Сөйлегенде көздері кішірейіңкіреп, кезілдірігінің ар жағынан ойдың, әзілдің ұшқыны адамды тербететіндей еді. Шапшаң, шаруаны түбегейлі шешетін, мамандығы басқа болғанмен енерді түсініп, енер адамын бағалай білетін. Амангелді облыстық өнерді дамытуда қыруар еңбек сіңірді, ол ел галанттарын топтастырып, ұйымдастыра білді. Міне, сол жарқын азамат маған бір күні сауал тастады: - Мына Бурабайда киноға түсіп, Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов, Майра Ильясова деген белгілі әншілер жатыр, сен әнші, ел ағасы ретінде ұйымдастырып, ел атынан дәм беріп келсең қалай болады? Мен бұл ұсынысты құп алып, шаруаға кірісіп кеттім.

Бір тоқтыны сойдырып, жанымда Амангелді Әбілов деген жолдасым, оның қарындасы, әнші, республикаға еңбегі сіңген әртіс Люба Адилова бар Щучинск қаласына барып, бір үйге тағам дайындадық. Мен «Бұрабай» шипажайына барсам, Қайрат пен Жәнібек орнында екен, Майра Ильясова болмады. Олармен бірінші рет жүздесіп отырғасың, мен езімді таныстырып, әңгімені бастап кеттім.

Әрине, әңгіме арасында ән айтылды. Мен де домбыраны алып, Біржан Салдың «Айтпайын» айттым. Жәнібек: - Ой, аға! Мына өнеріңізбен қайда жүрсіз көрінбей? – деп бір серпіліп қалды. Мен енерден басқа мамандықты қалап алып, өмір мен өнердің арасында жүргенімді айтып, біраз күліп алдық. Ол: - Аға, мына Біржан Салдың «Айтпайын» Жүсіпбекше ышқындармай, басты бұраумен де Сіз сыяқты айтуға болады екен ғой – деп домбыраны алып, олай-бұлай тартып көрді. Енді мен ән шағаратын да енерімді көрсеттім. Сәкен Сейфуллиннің сөзіне жазған «Сағындым» деген әнімді шырқап бердім. Қайрат әңгімеге араласып: - Менің дауысым баритон-ғой, мына әніңіз жақсы екен, Жәнібектей тенорға келісіп – ақ кетеді – деп Жәнібекке қарады. – Ал мен үйреніп көрейін – деп Жәнібек інім домбырасын қолына ала бастады. Екеуміз екі домбыраға жабысып, ән үйрету сабағын бастап көттік. Бір 15 минуттай еткесін Жәнібек асауды мініп үйреткендей, әнді ерттеп сәнденіп, жайқалып шыға келді. Қайрат пен Жәнібекке ел ағасы ретінде қонағасы бергелі келгенімді айтып, Щучинскідегі дәм дайындалып жатқан үйге жеттік. Амангелді мен оның қарындасы Люба бізді күтіп отыр екен. Дәм тату әңгіме, әнмен араласып, қызықты мәжіліс болды. Жәнібек те

жаңа әннің жобасын қайта-қайта айтып, әннің жақсы екенін, оны шығаратыны туралы сөйлеп отырды.

Отырыстан кейін оларды өзім келген шағын автобуспен Щучинскиге жақын Амандық ауылына концертке апаратын болдым. Амандық белек кетті де, Люба бізбен бірге жүрді. Люба ол кезде республикаға белгілі Кекшетау облыстық филармониясының әртісі, тамаша әнші. Нағыз қазақ қызына тән тоқпақтай қос бұрымы еріліп, арт жағында аяқтарының өкшесіне дейін түсіп тұратын, кезі жайнап, сұлулығына қарай беретіндей Люба жігіттердің назарын езіне аудара берді.

Амандыққа жақындай бере бір адырды жағалап келе жатқан жол бойында Жәнібек: - Иреке, сәл тоқтайықшы – деді. Автобустан түстік. олай-бұлай жүріп дем алдық. Бір кезде Жәнібек: - Аға, Любаға етінейікші. Мына адырдың жотасына шығып, Люба қос бұрымын қоя беріп, тұрсыншы, мынандай сұлулықтың ғаламатын Көкше жерінде көргенім есте қалсын – деп маған қарады, Люба да ыңғайсызданып маған көзін тігіп тұр.

Барлығы менің шешімімді күтіп тұрғандай болғасын мен: - Қарағым, әншілер сұлулыққа құштар болады, бұлардың өтінішін орындайық, бәрімізден ұлықсат, ештеңе етпес, жақсыдан – шарапат, жақсылықтан – ұлағат – деп Любаға басымды изедім. Люба қос бұрымын қоя беріп қыратқа қарай беттей берді, Қыратқа көтерілді, біздерге қырын қарап қатты да қалды. Ұясына бет алған күннің кезі қырат үстін жапжарық дүниеге бөлегендей, сұлу Көкше самалы қос бұрымды алақанға салып сәл көтеріп сипағандай, тал шыбықтай қыз белі сүйір найза кеудені жебе қылып алға ұмтылтқандай, Люба мүсіннен аумай қалды. Жәнібек те сақ қырандай кез тігіп, домбыра алып қомданып, бар дауысына салып кең даланы жаңғыртқандай күйде болып тұр...

Қол бұлғап Любаны шақырып алып, ауыл қайдасын деп, жүріп кеттік.

Содан келесі жылдың жазында республика бойынша айтыскер ақындардың Президенті Кекен Шәкеев ағамыздың Жәнібек туралы маған айтқаны. Ол Алматыға командировкаға барғанда қонақ үйіне әнші Жәнібек келіп амандасып, әңгімелесіпті.

Әңгіме арасында мен туралы, менің «Сағындым» әнім туралы сөз қозғапты. Көкен ағамыз: - Әй, Иран, мынау «Сарыарқа» әніңді («Сағындымды» Кекен аға солай деуші

еді) Жәнібек қалай қатырып орындайды, таң қалдым, ғажап, эфирге шығарам деп жүр - деп айтқаны әлі есімде.

Көп кешікпей елге суық хабар жетті, Жәнібек Карменов жол апатынан қаза болыпты.

*- Баласы еді қазақтың сайрап тұрған,  
Күш – жігерді үнімен қайрап тұрған,  
Ұрпағы еді ұлы Абай бұл күндегі  
Тереңінен ел қамын ойлап тұрған.  
Қанат жайып Көкшені шарлады әнің,  
Құлағында елімнің салған әнің,  
Аруағыңа бас иіп, Жәнібекжан,  
Әнші ағаң, боп қайғырып, зарланамын.  
- деп артында қала бердік.*

Міне, сол Арқа өнінің арқасындай Жәнібек інім тағы бір арманын, «Сағындым» деген ән арманын орындай алмай бұл фәниден ерте өтті.

### *«Інілерім» әнімді арнадым деп айта аламын өзіңе...*

Қазақтың аяулы ер азаматтарының бірі Жәнібек Жүсіпұлы Әлжановтың ауырып кенеттен бұл дүниеден озғанын естігенде аузыма оралған сезім осы болып, денем шымырлап, көздің жасын тыя алмадым.

Қазақ айтқандай, қамшының сабындай қысқа, қайраң, өмір-ай, әлі ер жасындағы азамат еді-ғой Жәнібек, елі әлі талай еңбегінің жемісін көретін, ұрпақтарын қызықтайтын дер кезі еді-ғой..., ән арманы жетелеген боздақ еді ол.

1994 жылының наурыз айынан бастап Жәнібек Көкшетауда Ақмола облысы маслихатының шаруашылық істерінің басқарушысы қызметін атқарады. Ақмола төңірегі оның туған жері болғанымен, оған кербез Көкшенің сәні, асқақ әні кекірегі таза адамдары ұнады, қызметі жемісті, кеңілі өрісті болды. 2001 жылы, өзінің ветеринар, комсомол, партия - кеңес жоғары білімді мамандықтары бола тұра, ол Көкшетау гуманитарлық - экономикалық университетін сырттай бітіріп, экономист - финансист мамандығын алды.

Көкшеде жақсы жолдас, достарын тапты, адам сыйлай білетін

оны бәрі де сыйлады. Өмірде үнемі іздеу үстінде болды.

Жәнібек жақсы әнші еді, жүрегі үнемі ән салып тұратындай, мөлдіреген үлкен көздерінде терең сырдың ұшқындары жанасқанды тартып, нұр шашатын еді.

Менімен кездесіп, танысудың да себебі осы әншілігі болды. 2001 жылдың қараша айының басында Жәнібек маған үйге телефон соғып, қаланың орталығында кездесетін болдық. Бір кафеде отырып әңгіме - дүкен құрдық. Ол мені көптен сырттай білетінін, өзі ән айтумен ертеден әуестеніп, жас кезінде лауреат та болғанын айтты.

- Көкше өнеріне қызығамын, ән ордасы деп басымды иемнің, ая, аға, маған бір ән шығарып беріңіз, ол үнемі мен айтып жүретіндей ән болсын. Осы күнгі қазақ әндерін сараласам, әке, ана, ата, әже, бөбек, аға, қарындас т.б. туыс - ағайындарға арналған әндер баршылық. Солардың ішінде ұнатып айтатыным Әсет Бейсеуовтың «Ағаларым» әні. Енді інілер туралы осы «Ағалардай» халыққа жағымды бір ән болса екен деп армандаймын, аға, - деді.

Содан уәделесіп, біраздан кейін хабарласуға келістік.

Бір жұма мен үйде шығармашылық әуреге түстім. Жарым Рәзия да математик болғанымен, үнемі мені қолдап отырғандықтан Жәнібектің сауалына қызығушылық танытып, екеуміз күні - түні жақсы, тартымды әуендерді іздестірумен болдық. Басым жастыққа тигенменен, көңілім сергек, ыңылдаймын күні бойғы әуендерді саралап.

Бір кезде жарым айтады:

- Мына жерін былай созыңқыраса.

- Ой, міне, табылды-деймін, елжірей қарап.

Ән шықты. 7 қараша 2001 жылы келісім бойынша телефон шалып, Жәнібек үйге келді. Рәзия тамақ істеп қойған, дәм басында отырып ән мәселесіне кірістік. Мен домбырамен қосып әнімді айттым. Жәнібек көп ойланып отырып, жымыяп: - Жақсы екен - деді - мына жерін тағы да эстрадаға бейімдеуге келе ме? Содан отырып, әуенін сезіне сәйкес келтірдік.

- Енді бұл әнді менің орындауымда кассетаға жазу үшін не істеу керек? - деді Жәнібек.

Ойланып отырып, керші, жас композитор Арман Ищановқа телефон соғып, әнді таспаға жазуын сұрадық. Бірер күннен кейін Арман әннің фонограммасын жазды, бірер жұмадан кейін

облыстық халық шығармашылық орталығында өн түгел жазылып Жәнібекке берілді. Жәнібекпен хабарласып тұрдық, ол әнді халыққа насихаттап, қалай таратамыз деген сұраққа жауап іздеп, әр жерге барып жүрді, реті келгенде жиналған жұрт алдында әнді шырқай берді. Сондағы айтатыны: - Халыққа өте ұнайды - деген сөзі. Бұл күнде ел болудың ең ұтымдысы экономикалық өрлеу деп ұлттық рухани қалыптасу жағдайын кейінге қалдырып кететініміз әлі басылмай келетін шындық екенін өмір дәлелдеп отыр. Жәнібек те жергілікті өнер ұжымдарынан қолдау көрмейтінін сезді. Астанаға жұмысқа ауысып көшіп кеткеннен кейін Кекшедегі бір туыстары мені көріп: - Аға, Жәнібек сіз шығарған ән «Інілерімді» қайтыс болған інісінің бір жиынында айтып, барлық жұртты жылатты - деді. Біраз уақыт өткеннен кейін бір күні сағат 12 кезінде қазақ радиосын қосып қойып, шай ішіп отырсам, радио жақсы - жақсы әндерді шырқатты-ай келіп, Шәмшінің әні, Әсеттің әні, Еркеғалидың әні, бір кезде менің шығарған «Інілерім» әні Жәнібектің орындауында берілді. Қуанғаннан Астанаға Жәнібекке телефон соқтым. Ол маған: - Осы әнді бір тойда айтып едім радионың қызметкерлері сұрап алып, біз концертке қосамыз - деді. Мен Жәнібекке: - Қазақтың тамаша әндеріне қосылғаныңызды құттықтаймын, мұны бір жеке бағдарлама қылып, кімнің әні, кім айтатынын анықтап айтайық деп радиоға сауал қойыңыз, мен де Астанаға барайын - дедім. Солай келістік. Біраз уақыт өткеннен кейін Жәнібек менімен тағы сөйлесті:

- Иран, мыналар ешбір әнді Нұрлан Өнербаевтың рұқсатынсыз шығара алмаймыз - дейді.

Мен еркін елде мынадай да озбырлық болады екен-ғой деп жағамды ұстадым да қалдым.

Біраз уақыт тағы да өтті, тағы да Жәнібек:

- Иран, осы мен сені қанша Астанаға шақырдым, жанұямды кер, араласайық деп, қолың тимей-ақ қойды, ал мен «Інілерімді» шығару үшін сен Көкшетау филармониясының халық аспаптары оркестрімен келісіп қой, мен солардың сүйемелдеуімен «Інілерім» әнін жарыққа шығарайын. Алматыға Нұрлан Өнербаевқа барамын - деді.

Ақырғы Жәнібекпен хабарласқаным осы болды. Артынан бір журналист арқылы Жәнібек қайтыс болған деген хабарды естіп, қапы қалдым.

Алтын шаһар Астанадай ауылым,



Жәнібектей әнді аңсаған бауырым,  
Артта қалды ән - арманың жетілмей,  
Аласапыран, жанды елемес, дәуірің.

Жәнібек артыңда сені аңсайтын ұрпақтарың, туған туыс,  
дос-жарандарың қалды, еркіндеп, ұлттық руханияттылыққа  
әлі де жете алмай жатқан елің қалды, ұрпақтың бақытын  
ансаған сен қалаған әнің қалды.

Алла жазып, қазаққа қуат берсе, ел еркіндікпен жетілер,  
ұрпағымыз сен қалаған «Інілер» әнін шырқар. Мен болсам,  
осы «Інілер» әнін езің сұрап шығартып, саған арнағандай  
менен жүрек жарды із қалар. Сүйген жарыңды танымасам  
да телефонмен байланысып: - Жәнібек Сіздерді ақырғы  
сапарына дейін аңыздай жыр қылып өтті. Көкшеде жүрегінің  
бір бөлігі қалды. Кітабын шығарайық деп жатырмыз, сізден  
бір мақала жазуды сұраймыз - деді.

Аз уақыт сыйлассам да емірімнің кебіндей,  
Кеңілімнің ән боп түлер көгіндей,  
Жәнібекжан, есте қалдың мәңгілік,  
Жайқалатын ұрпаққа ойың егіндей.

## *Ән шырқаса Сырымбеттен әжелер!*

«Ән шырқаса Сырымбеттен әжелер, жымыңдайды  
жұлдыздарым, аспанда ай, - деп «ақ күмістен теңге шашу  
шашқандай» сыңғырлап, жүрек сезімін қыттықтап тұрған  
маржан жырға қалай ғана әндетпей шыдап тұрасың. Сонау  
тоқсаныншы жылдардың ортасында айыртаулық ұстаз, ақын  
Әбділманова Бақыт Көкшетау облыстық шығармашылық  
орталығында істеп жүрген мені іздеп келгені әлі есімде.  
Көкшеге, Айыртауға, келіндеріне, әжелерге арналған  
жырларын керсетіп ән шығаруымды сұрады. Жүзінен нұр  
тамып, көмейінен жыр төгіліп тұрған құрбыма риза болып,  
ұсынысын құп алып, Бақыттың сөзіне «Әжелер әні» деген әуен  
шығарып едім. Бұған тағы да себеп болған маңызды тарихи  
жағдай, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бастап, қырғыз,  
өзбек президенттері Асқар Ақаев, Ислам Каримовтардың 1993  
жылы тамыз айында Көкшеге, жаңа салынған Ақан сері  
ауылына келуі еді. Бір кез біз президенттерді күтіп алу сәтін  
тосып, халық алдында мен ән шырқап жаттым, ақ кимешек

киген әжелер шашу шашып, билеп кетті. Бір уақытта менің жаныма бір «әже» келіп «жезде» дегені бар емес пе. Мынау не деп тұр деп, шошынып: «Әй, әрі жүріңіздер, мен жігіт боп ән салып тұрсам, сендерге жезде болсам, онда шал болғаным ғой»- деп жұртты бір күлдіріп алдым. Сонда ақ кимешек киіп алған әжелердің ішінде құрбым Бақыт та бар екен ғой. Осы жағдайда шыққан «Әжелер әні» бұл күнде Сырымбеттің таңбасындай, әнұраны іспетті болып кетті. Сол кезде Сырымбетте құрылған «Әжелер ансамблі» «Әжелер әнін» шырқап, Көкшетау облысының керкемөнерпаздар байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Бақытпен бірге Күлпан Хайруллина, Гүлдарай Мұратқажықызы, тағы да басқа қазақтың өнерпаз әйелдері бұл ансамблге көп еңбек сіңірді. Былтыр қыркүйек айында Саумалкөлде Ақмола облыстық филармониясы өткізген менің концертімде әжелер ансамблі тағы да сахнаға шықты. Ақан сері ұрпағы Бақытты үнемі жыртербеп, туған жері, туған елі ақын жүрегін

әлдилеп тұрғандай. Осының нәтижесі болуы керек, 2004 жылы Алматыдағы «Жібек жолы» баспасынан ақын Бақыт Әбділманованың «Жыр-тұмар» атты өлеңдер жинағы шықты. Біраз жылдан бері сырттан хабарлас болып жүр едік, былтыр қайтадан қауыштық, жан жолдасы Қанатбек Балахметов ауыл шаруашылық маманы менімен әзілдесіп: «ЖенПилік бажа»- дейді. Өйткені Бақыт та, менің жарым Рәзия да Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтының математика факультетін бітірген ұстаздар. Кездескенде еске алатынымыз, кеш болса анау ЖенПидің кең, темір шарбақтарына асылып, сүйеніп, ғашықтарын тосып тұрған қайраң жігіттер. Жастық өтті де кетті, біреулері сүйген жар боп қосылды, біреулері сүйгендеріне қосыла алмай жүрегінде ән болып жатталып қалды...

Ойласам, қандай ғажап, бүкіл Қазақстан бойынша қаншама «ЖенПилік бажа» бар?! Әрине, жастық шақ жайнаған бір дәурен еске түседі... Бақыт ақынның да жүрегінде сол бір тамаша Алматының студенттік кештері, сағынған құрбылары... Осыған орай Бақыт құрбым маған тағы да бір «Есінде ме, құрбыжан» деген елең беріп еді, ол да бір ән болып, өнер дүниесінің есігін ашты. Әннің тұсаукесерін Қанатбек пен Бақыт үйінде Саумалкөлде, Көкшетауда біздің үйде жасадық.

- Жырлай бер, Бақыт, жырларың әнге айналып, егеменді еліміздің көгінде қалықтай берсін, - деймін Бақыт құрбыма.

## *Келемін талай елден жөн сұрасып*

Жұртпен сұхбаттасып, сал-серілер әндерін, Кәкімбек Салықовтың және өз әндерімді домбырамен ел алдында талай шырқадым. Бір жарым, екі сағаттық ән кештерін халық шын ықыпасымен тамашалады. Тығыз уақытты үнемді пайдалана отырып, аудан мәдениет бөлімдеріне биылғы жылы баспадан шыққан «Тербеген ән-жыр өмірім» атты әндер мен жырлар жинағымды таныстырып, 2-3 данадан жұртқа тарту етіп кеттім.

Щучье аудандық мәдениет бөлімінің қызметкерлері Болат Сабырұлы Нұрқан Меркин қарсы алып, Абылай хан ауылына жүріп кеттік. Бұл ауыл кешегі халық ақыны Қалияның, ақын Нұрмияш Кебеновтың елі, бұрын сән-салтанаттарына 2-3 рет қатысқанмын. Концерттен кейін бір ауыл ақсақалы алғысын айтып, мынадай пікірді ортаға салды.

- Ертеде қазақ әндерін арнайы насихаттап жүргендер болушы еді, міне, көптен бері қолға алынбаған жақсы істі бастапсың, қайырлы сапар тілеймін, бірақ, жаныңа серіктеріңді, шәкірттеріңді ерте жүр, - деді. Бұланды ауданының орталығы Макин қаласында мені мәдениет бөлімінің қызметкерлері Шәріпхан Касымханұлы мен Бауыржан Аманғазыұлы күтіп алды. Макин қаласының түбіндегі Қараөзек ауылында Бұланды өнерпаздарымен бірге өнер көрсеттік. Мұнда тұратындардың көпшілігі оралмандар болып шықты.

Моңғолиядан оралған Елеш Қабылханұлы атты жас ақын ағасымен айтысып та кетті, өнеріне өте риза болдым, алғысымды айтып, облыс орталығында айтыс бола қалса, міндетті түрде қатысуын сұрадым. Шәріпхан мен Бауыржан ездері Ақкөлге дейін шығарып салды. Жолда Баймырза деген ауыл анадайдан қол бұлғап, Балуан Шолақ атаңның рухына бас имедің-ау, дегендей болды. Қайран жүрек «Ғалия» әнінің әуеніне баса берді.

Ән эстафетасы Ақкөл аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Баян Балқожақызына тапсырылды. Концерт аудан орталығындағы мәдениет сарайында өтті. Тыңдаушылар әнге шөлдеп қалған екен. Кененнің әнін, Кәкімбектің «Аққу жеткенін» айт деп ұсыныс жасап, үйлеріне қайтуға асықпады. Қазіргі Ақкөл тұрғыны, бұрынғы Көкшенің атақты әншісі Совет Балмұханов концерттің соңында ауданның мәдениет бөлімінің бастығы Баянмен бірге сахнаға шығып алғысын айтты, ән шырқады.

Совет екеуміз өмірден өткен әнші достарымызды, ағаларымызды еске алып, біраз әңгіме-дүкен құрдық.

- Енді екеумізден басқа сал-серілердің өнін жалғап жүрген жасы үлкен әнші қалмады-деді Совет сәл күрсініңкіреп. Баянға өзімнің ән-жыр жинақтарымды беріп, оның қолынан сыйлық ретінде Қожа Ахмет Яссауидың, Абайдың елеңдерінің жинақтарын алдым.

*Көз алдымнан бір ақ құсым ұшқандай.  
Тылсым сезім жүрегімді қысқандай.  
Кетіп барам әнге бөлеп Ақкөлді,  
Қазағымның ақсұңқарын құшқандай,*

- деп Ақкөлден ұзап бара жаттым.

Шортанды қаласы—аудан орталығы. Жаздың нағыз ыстық күндері, ауаның температурасы 32 градус. Аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Тереза ханым аудан орталығындағы мәдениет үйінің директоры Айбек Мергенбаевты таныстырып:

- Мына кісі Сізге бекітілген, - деді де, менің сапарымның сәттілігіне күмән туғызды.

Ауданның әкімшілік ғимараты мәдениет үйінен алыс болмады. Аудан әкімін іздеп таба алмадым. Әкімнің орынбасарын сұрап, кабинетке кіріп сәлемдесем, алдымнан күлімсіреп Роза Капезқызы Әздембаева шыға келді.

- Шаруаңызды білем, бәрі ойдағыдай болады, езім бірге жүремің, - деді.

- Әздембаева деген фамилия сізге ой сала ма?-деді тағы да.

- Бала кезімнен Әздембай сал деген есімді жаттап өстім, - дедім.

- Ендеше, сал атаның ұрпағы менің, - деп жымыды.

Аудан орталығындағы бір техникалық училищенің ғимаратында ән шырқалды. Роза қызымыз езінің жеңіл машинасымен елге сыйлы қарт аналарды концертке алдыртты. Сол концерттен кейін аудан орталығынан 30 шақырым жердегі орысша аты «Ключи» деген Розаның туған ауылына бардық. Ауылдағы ақ сақалды аталар, ақ жаулықты аналар, замандастар бізді қоршап алды.

- Құдайберлі Мырзабеков деген жігіт біздің ауылдың ақыны, білесің бе?—деді бір ақсақал

- Иә, ол Көкшенің ақыны ғой,-дедім.

Білгенім, Құдайберлінің туған анасы осы жердің қызы, жуырда

кайтыс болып, Құдайберлі жолдастарымен қырқына келіп кетіпті. Жиналған жұрттың жас шамасына орай, концерттік бағдарламама көбінесе толғау, терме, ескі өндерді, соның мәнерімен шығарылған жаңа өндерімді енгізіп, екі сағаттай мәжіліс құрдық.

*Өлеңді талай жерде ағылтып ем,  
Ән салып Сарыарқаны сағынтып ем.  
Міне, енді, өнерімді үлгі еттім,  
«Мұра» атты Елбасының бааытымен.  
Келемін талай елден жөн сұрасып,  
Кеңінен насихаттап өн мұрасын,  
Өнерін ата-баба жалғағандай,  
Сал-сері ұстағандай домбырасын.  
Бурабай, Бұланды мен Ақкөлдерім,  
Құдайым берген бізге көк белдерім.  
Ниетін халқымның көргеннен соң,  
Көңілім Оқжетпестей көкке өрледің.  
Ән мен жыр сал-серілер жинаған мал,  
Өнерді бағалады шортандықтар.  
Роза, Сәуле қыздар қамқор болған  
Жақсы екен ұрпақтары Әздембай сал,*

- деген шумақтар ел ілтипатынан құйылған бұлақтай, шымырлап бойға жайыла берді.

Розаның анасы Несібелдінің қолынан дәм татып, біз әрі қарай аттанып кеттік. Келесі күні Астананың түбіндегі Целиноград ауданының орталығында аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Шолпан атты тағы бір қызым карсы алды.

Астанадан 30 шақырымдай жерде орналасқан «Новостройка» деген ауылға барып өнер көрсеттік. Бұл жақта «Новостройка», Шортандыда «Ключи» сияқты ауылдардың аттары қашан қазақша аталып, заңдастырылады екен деп жол бойы ойлап жүрдім. Концерттен кейін темір жол вокзалына шығарып салған мәдениет қызметкерлеріне риза болып, тағы да бір ауыз өлең ойыма орала берді:

*Жақсы екен Тың ауданы, Шолпан кызым,  
Шолпанның таң шолпандай көрдім жүзін.  
Жиналды ауылының көрі, жасы,  
Ұрпақтар жалғайтұғын аға ізін.*

*Әндетіп келіп түстім Зерендіге,  
Зеренді — алтын ұя өнерліге.  
Кешегі Көкен ақын заманында,  
Зеренді ән мен жырға көнелді де!*

- деп Зерендіге келгенде марқұм Көкен ақын бейнесі еске түсіп кетті. Көкен ағамыз өз мектебіндегі шәкірттерін бастап, Зерендідегі талай елді мекендерге концерт қойғаны менің жадымда. Бұл күнде Зерендінің халқы ән-жыр кештеріне жиналмайды дегенді жұрт жиі айтады. Не себептен екен?! Бұл сұрақты аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Әсияға, мәдениет үйінің директоры Әселге қоюға бата алмадым, тағы да орысша аталатын «Троицк» селосына барып, әннен шашу шаштық.

Зерендіден Троицкіге, одан әрі Атбасарға мені өз автокөлігімен алып жүрген Қытай Халық Республикасына еңбегі сіңген әртіс, әнші Төкен Ілияс деген жігіт еді. Жолы болар жігітке тілегі бір адам кездеседі, - деп ол көрген жерден мақалдатып жіберді. Қазақ елін аңсап келген арманың, Қытайда қалған туыстарына алаңдайтынын айтып, біраз шерін тарқатты. Кітабымды сыйлап: — Көріскенше, - деп қоштастық. Балкашин деген бұрынғы аудан аты Сандықтау болып езгергенін бәріміз жақсы білеміз. Сандықтау - Қазақстанның әсем жерлеінің бірі, белгілі тарихи тағдырларымызға байланысты тұрғын халықтың басым көпшілігі - орыс және қазақтан басқа ұлттар. Мен келгенде аудандық мәдениет сарайында медицина күнін мерекелеуге дайындалып жатыр екен. Мені аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Лариса Ловячина мен мәдениет қызметкерлері Светлана, Наталья, Ботагөздер қарсы алды. Халық мәдениет сарайына сағат 14-ке қарай жинала бастады. Концерт басталмай тұрып, аудан әкімі Өмірсерік, орынбасарлары Балым, Горохвадатский мен дайындалып жатқан бөлмеге кіріп шықты. Амандасып, хал-жағдайды сұрасқаннан кейін, әкім Өмірсерік: — Бізде 80 пайыздай басқа ұлт өкілдері тұрады, сізді қалай қабылдайды екен, - деп қобалжыды. Мен бірден бағдарламамды езгертіп, әндердің мәтінін орысшаға аударып, қызықтырып шырқадым. Біржансалдың «Айтпай» әнін Мәскеуде орысша аудармамды домбыраға салғандай, Украинада «Украина золота» деген әнімді шығарғанымдай, орыс, украин тілдерінде домбыраға қосып, жұртты дүр сілкіндіріп алдым. Қазақ домбырасын осылай әр тілде сайратқаным, Кәкімбек Салықовтың «Аққу жеткен»

өнін қаздай қаңқылдатқаным, аққудай саңқылдатқаным, Мағжан Жұмабаевтың сөзіне шығарған «Сүй, жан сөулем» өнін үздіргеніме зал дүрілдеп кетті. Концерттен кейін әкім және оның орынбасарлары қолымды тағы қысып, құттықтады. Сандықтаулықтар ризашылығын екінші күні еліне келген Ақмола облыстық мәдениет басқармасының бастығы Нүрикамал Сейітжановаға жеткізіпті.

16 маусым күні Атбасарда да медицина қызметкерлеріне арналған мерекелік концертке қатыстым. Кепшілігі басқа ұлт екілдері екен. Әйтсе де көрермендер шырқаған әндерімді жылы қабылдады. Өз басым орыс және басқа халық өкілдеріне ете ризамын, мен жан-тәніммен беріліп, түсіндіріп айтқасын ба, әйтеуір, балалардың, үлкендердің алдында да үнемі қолдау тауып, абыройға ие болып жүрдім. Атбасарда менің жанымда үнемі аудан мәдениет үйінің директоры Мұхитден Байгенжин жүрді. Қазақтың атақты жазушысы Ілияс Есенберлиннің мұражайын аралап көрдім. Мұражайда ілулі тұрған әнші Бекболат Тілеухан ініміздің қолтаңбасы қойылған портретін көріп, мен де қолтаңба жазып, портретім бар жарнама суретімді беріп кеттім. Бір айналымнан тұратын ән-іс сапарым осылай аяқталып, Кекшетауға оралдым. Кездескен көрермендердің, ел-жұрттың алғысы жүрек тебірентердей. Олар қазақ әндерін осындай насихаттау жиірек болса деген тілек білдірді. Мәдениет қызметкерлері де езерпаздарын баулып, осылай аға буынға ертіп, ауыл-ауылға өнер керсетсе деген пікірді колдап отыр.

Ұлттық өнерді дамытып, ерекшелендіретін қазақтың өні — халқымыздың тілінің дамуының бірден-бір мықты құралы. Кекшетау сал-серілерінің ән үлгісі — әлем таныған классикалық үлгіге жатады. Шын қазақ боламыз десек, осы үлгіні жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, дамыту — бәріміздің ортақ парызымыз.

## *Біржан Сал айтқан екен*

Қарауылдың төрт атасы Атқы, Жауар, Ментік, Сары руларының қоныстары қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Омбыға қарай Үлкен Қарой, Кіші Қарой жерлерін қамтып, бүгінгі Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданына дейін созылады. Менің де ата қонысым осы аймақ, өйткені мен Ментік руынанмын. Қазақтың рушылдық проблемасы осы күнге дейін талқыланып

жатыр. Осы орайда өзімнің көңіліме бекіген тұжырымдарым бар және оны бүгін қоғамда болып жатқан даму өзгерістерімен салыстырып отырамын. Кешегі өтіп кеткен Кеңес Одағының заманында дүние жүзіне белгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқаны есімде. Одан ұғынғаным, қырғызда да қазақ сияқты руын сұрау әдет-дәстүрі бар, бірақ сұраған адамның ойының аржағында тұратын үлкен сауал: -Ата тегінде қандай жақсы үлгі, ерлік, өлдік істер, қасиетті адамдар бар-дегенге саяды – бұл жақсылық, бұл үшін сұраған адамды кіналауға болмайды – дейді ол Қазақта мәтел бар: - Ағайынды жаттай сыйла, жат бойынан түңілсің. Қазақ ертеден ағайынның ішінде ерлігің, елдігің адамгершілік азаматтығын алға қойған, барлығын осыған бағындарған.

Осындай қағидалармен Теле би, Қазбек би, Әйтеке билер ел басқарған. Ағайын біріксе ел болады. Бірлік пен ынтымақ – ырыс жолы, еркіндік елдіктің даму жолы.

Осыны Біржан Сал атамыз жырымен жырлап, әндерімен сырлап, асқақтатып өтті. Ол Жетісуға Сарамен айтысуға барғанда, оған ел ағалары сен Кереймін деп мақтанба, Арғынның атынан шық, сонда жеңесің дегені. Айтыстың қалай болғанын бәріміз білеміз.

Бертінде мен ойламаған жерден қасиетті Біржан Сал атамыздың тағы да бір сөзін бір қарияның аузынан естіп таң қалдым. Ол қарияның аты-жөні Бөкен Фазылұлы Жақып тегі, Мөңтіктен бесінші тармақ болып тарайтын Құдайменді атамыздың ұрпағы. 90 жастан асқан атамыз қазір Көкшетау қаласында тұрады. Бөкен атамыздың айтуы бойынша, Біржан Сал жиі-жиі ел аралап шығып жүріп, аталарымыз қоныстанған елдерде зор марапат, сыйлыққа ие болып қайтады. Сонда Біржан Сал атамызға: - Салым, барған жерлерің, қонған елдерің қандай екен? – дегенде айтыпты:

«Арғы атаң Құттымбет пен

Қараша-ды,

Менің сезім жақсымен жанасады,

Атқы, Жауар болғанда Мөңтік, Сары,

Қайткенде төрт атадан ел асады?!»

Мен Біржан Сал атамыздың ізің салдығын осы заманда жалғап жүрген ұрпағымын деп мақтанамын, шаттанамын.



## *Емхананың емінен туған жырларым*

### *Емші қыздарға*

Биіктеп өрмелеген шыңға жасым,  
Күн шалып, бұлт басқан аппақ шашым,  
Сұлулық қарып кезді, нұрын тегіп,  
Келтірген асқақ, нәзік әннің нәшін.

Өнердің орналастым өр төсіне,  
Сенемін өнерімнің өлмесіне,  
Түстім мен қан қысымы кетеріліп,  
Облыстық жүректі емдеу бөлмесіне.

Белімді басқаратын Алма сұлу,  
Беретін күн көзіндей жаңға жылу,  
Керілген кербез қызым, Райхан гүлім,  
Білетін құпиясын емір сүру.

Айнала қыз-келіншек қолы жұмсақ,  
Ем жасап, зыр жүгіріп тұрмас бір сөт.  
Көтеріп алақанға бұл қыздарды,  
Ер болып артық болмас тағзым қылсақ.

Бұл жүрек не көрмеді, неге кеніп,  
Ел – жұрттың қайғысына ортақ болып?!  
Тозды ма, қайран, жүрек жас ұлғайып,  
Мені де атандырып «гипертоник».

Бұл атақ маған бірақ тағылмайды,  
Сал жүрек мойын ұсынып бағынбайды,  
Бір алла қуат беріп қолдай берсе,  
Әлі де сүюінен жаңылмайды.

Шолпан мен Алма қыздар, ару қыздар,  
Ағаның ақ батасын алыңыздар,  
Тезірек жүрек емін бір қайырып,  
Кезіме енді күшті салыңыздар.

Бар екен Алла атты асыл қызым,  
Оған да жеткізіңдер аға жырын,  
Алланы алла қолдап, сәті түсіп,  
Кезімнің тұманданған жақсын нұрын.

Шығайын жаңа жылға жаңа болып,  
Құшайын аруларды көңіл толып,  
Жалтылдап өнерімнің сан қырлары,  
Алтын құс сайрағандай баққа қонып.

### *Шолпанға*

Мінезде байқалғанмен қаттылығың  
Сүйсінтер балдай балдыз тәттілігің,  
Жанашыр жанға дәрігер, Шолпанжаным,  
Өмірде білінбеген жат қылығың.

Үлгісін ата-ана жалғап келдің,  
Қол созып туыс, жатқа кемек бердің.  
Білімді, ақ халатты абзал жансың  
Айналған абыройлы қызына елдің.

Білместік надандыққа күйіп-пісіп,  
Бір мезгіл құлазисың кеңілің түсіп.  
Жездеңнің қолдан келер қамқорлығы,  
Кеңіліңді көтереді жырмен құшып.

### *Мәрияға*

Мәрия айтты: - Ардақты, ағажаным,  
Жарқырайды жанарың, атып таңың,  
Бізге көздің, әзірше, керегі жоқ,  
Бізге керек сипайтын алақаның.

Болдым мез айтқанына қайран қалып,  
Кез келгендей шырқайтын әнді салып.  
Өкінгенмен келмейтің, қайран, жастық  
Қол бұлғайды осылай артта қалып.

Мен әзілге ризамын, қарындасым,  
Алдан шығып жақсылық жарылқасын,  
Көңіліңді кетеріп жаратқаным,  
Бақ пен дәулет басыңнан арылмасын.

Қызымдайсың, жерлесім Омбы жақтан,  
Қоныс теуіп Көкшетау саған жаққан,  
Қоса ағарып қосыңмен, күндей күліп,  
Нәр ала бер Кекшедей сұлу бақтан.

Бұл ағаңды немере атасы деп,  
Елге сыйлы, үлгілі отбасы деп,  
Қабыл ал, қарғам, жырлап айтқанымды  
Иран Салдай атамның батасы деп.

## *Шырағымды қайтадан жандырған Алла*

Кез ауруына шалдығам деген түсіме де кірмейтін жағдай еді. Ең әуелі бір көзім, содан кейін екінші көзім «катаракта» болып, қиын жағдайға түстім де қалдым. 2005 жылғы желтоқсан айында сол кезіме, 2008 жылғы қаңтар айында оң кезіме операциялар жасалып, Көкшетаудың облыстық көз микрохирургиясы орталығына 4 рет жатып, кеп уақыт емделдім. Көз микрохирургиясы орталығының меңгерушісі, жоғарғы санатты дәрігер Алла Леонидовна Маркова және ол жетекшілік ететін ұжымның ыждаһатты емі жемісін берді. Екі көзімнің шырағы да орнына келді деуге болады. Ғалымдардың пайымдауы бойынша адам екі кездің нұры арқылы дүниенің қыры мен сырының 70 пайызын танып, біліп, сезеді екен.

Бұрын өлең, ән жазып, жұрт алдында ән-жырды насихаттап жүрген өнерпазға кезі кермей қалу қандай қиямет десеңізші...

Міне, сол екі шырағымды қайтадан жандырып, шығармашылығыма жол ашқан дәрігер Алла Леонидовна Марковаға мың да бір алғысымды айтамын. Көз киелі, тар жер деп айтады қазағым. Кезге көп білімді, тәжірибені талап ететін бұл операцияны 24 жылғы дәрігерлік өтілі бар Алла ете шеберлікпен жасауға әдеттенген, мұны барлығы мойындайды. Мен өзім алғашқы кезде бойымды қорқыныш билегенмен дәрігеріме сендім. Операциялар сәтті жасалғаннан кейін Аллаға ақын ретінде қуанышымды, бұрын орысша өлең жазбасам да, орыс тілінде жеткізіп келді:

*-Как поэт, глаголя акына устами,  
Обратил я взор на глазного врача,  
А врач в ответ: -Хрусталик заменим,  
Будет свет очей, будешь видеть как всегда.  
Имя Алла схоже с именем бога,  
Почитаемого мною всегда.  
И врач Алла-творец волшебства снова,  
С лебедиными крыльями-руками.  
О, я вижу свет, очертания леса,  
И белым снегом покрытые поля.  
Спасибо, Алла, ушла завеса,  
И зажглась для ока утренняя заря...*

Облыстық көз микрохирургиясы орталығында жатқанда көріп, білгенім, Алла Леонидовна басқаратын дәрігерлер ұжымының күнделікті қажырлы еңбегі кепке үлгі боларлықтай. Әрқашанда белмелердің тазалығына, тәртіпке зор мән беріледі. Алла Марковамен бірге жұмыс істеп жүрген жас дәрігерлер Максим Викторович Павчинец, Рахилия Каримова, Берік Нұрқанов, Зәмзәгүл Қайырбекова өз басшыларынан үлгі-өнеге алған, ысылған, ез мамандығының шеберлері. Бұл орталықта дәрігерлердің ою-өрнек тоқығандай нәзік шеберліктері, білім мен тәжірибелері үлкен адамгершілікпен, ауырып келгендерге зор ықылас, ілтипатпен ұласып жатады. Көп операциялары сәтті аяқталып, ауыр жағдаймен түскен адамдарға қолма-қол жеңілдіктер жасалып, көп аурулар ұзақ емделу тізіміне алынып жатады. Алматы, Астана қалаларынан операция жасаған жағдайы ауыр адамдар да Кекшетаудағы осы орталыққа емдеуге жіберіліп тұрады.

Қазіргі таңда республикада білім және денсаулық сақтау салаларына зор мән беріліп жатқанда, Ақмола облысының орталығы Кекшетауда осындай өркендеп келе жатқан орталық бар екенін мақтан тұтып айтуға болады. Мен ауруханадан соңғы рет шығарда облыстың әрбір ауданынан келген көп адамдар маған өтінішін білдірді. Ол өтініш-Алла Леонидовна Марковаға және ол басқарған дәрігерлер ұжымына жасаған емдері, қамқорлығы үшін газет арқылы алғыстарын білдіру.

Олар Қайыржан Бабыров-көкшетаулық еңбек ардагері, көзіне 2 операция жасалған, 2004 жылдан есепте тұрған Еңбекшілдер ауданының тұрғыны Сәлмен Бейсекеев; Макин

қаласында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері 83 жастағы Антон Григорьевич Лысенко; Шортанды ауданында тұратын Зинаида Андреевна Рязанцева; Ерейментаулық Сансызбай Кәрімов пен Жанат Ахметов, Атбасардан Қазбек Бейсенбаев, тағы басқалары. Олардың бәрі дәрігерлерге емдері мен қамқорлығы үшін шын жүректен алғысын жолдаиды. Бақытты өмір сүріп, өрге өрлей берсің, еңбектері жемісті болсын - дейді.

## *Науан- Аян*

*(толғау, эссе)*

Өмір, өлім- Алланың жазған ісі,  
Басым түсер елімнен емір күші,  
Сондадағы көңілді құлазытар  
Бейіт, зират – бақилық ескерткіші.

Өмір, өлім далама берген сипат,  
Өмір барда өлім бар- ол ақиқат.  
“Елемесек өлгенді байымаймыз”,  
Дұға оқы зиратқа, бетті сипап.

Бір зират бар Кекшетау қаласында,  
Науан, Аян жерленген арасында.  
Аруақтар қонысы үй түбінде,  
Айдын шалқар Қопа көл жағасында.

Науан хазірет, Наурызбай –молла,ғалым,  
Бұхар, Бағдат бітірген оқуларын,  
Араб, парсы тілдерін қоса игеріп,  
Кекшетауда медресе ашқан дарын.

Білім алып шәкірттер таңы атқан,  
Сусындаған Көкшедей балбұлақтан,  
Шариғат пен табиғат табысқандай,  
Қағидасын мұсылман аспандатқан.

Шәкіртінің сезгендей жанатының,  
Ұшқырлығын кергендей қанатының,  
Сенім артты Наурызбай Шәймерденге  
Болжағандай депутат болатының.

Орыс Петр орысша сабақ берді,  
Ингам Кари өзбегі соңына ерді,  
Игі істі бастаған Алаш қолдап,  
Алихандай арыстар көңіл бөлді.

Ұстаздықтың Наурызбай жолын салды,  
Істеріне қалың ел қайран қалды,  
Құран жолын адамдық нұрға малып,  
Ағартушы, демократ ер атанды.

Еңбек етті аянбай ез еліне,  
Орыс, қазақ таң қалды беделіне.  
Мұсылмандық болғанда Әлмисақтан  
Басқа дінге шоқынып керегі не?

Ойланғанда осылай қазақ тегі,  
Шоқынуға христиан үгіттеді,  
Бұратана халықты бодан қылып,  
Есіп тұрды шовинист ызғар лебі.

Ел дүрлігіп қысымнан құты қашты,  
Қарсы тұрып зорлыққа ұйымдасты,  
Науан хазірет хат жолдап түркі еліне,  
Ұлы хакім Абаймен хабарласты.

Шіркеуліктер Науанға тісін қайрап,  
Ояз бастық қылмыстық ісін сайлап,  
Патша үкімін ақыры орындады,  
Шәймерден мен Науанды Үркітке айдап.

Арыстары Алаштың от намысты,  
Босатуға хазіретті ат салысты,  
Көмектесіп қалың ел есіл ерге,  
Серпілткендей түнерген батпан күшті.

Елге оралып хазірет көңілі тасты,  
Ағайынмен, ел жұртпен құшақтасты,  
Үлкен, кіші кездесе ілтипатпен,  
Ұшқындаған білімнің нәрін шашты.

Жайылды аты Наурызбай шартарапқа,  
Бар мұсылман тұрғандай намаз- сапқа,  
Ақыл, иман, парасат сай болғандай,  
Ұлы ұстаз, ғұлама деген атқа.

Пайғамбардай пәк жүрек, көңілі таза,  
Ел мен жұртын ойласа кеткен маза,  
Мәңгілікті досындай түсініскен  
Сері Ақан мен хазірет болған бажа.

Отырғанда қоныс қып жайлау белді,  
Тарқатқандай іштегі шайпау шерді,  
-Ассалаумағалейкум- деп бір жігіт,  
Ойға шомған Науанға сәлем берді.

-Уағалейкеміссалам-деді Науан-  
Қандай сауал қоясын маған, балам,  
Жігіт айтты: - Жіберді мені сізге  
Дауды шешіп берсін дөп бір топ адам.

Даудың басы адамның бес парызы,  
Одан да көп етейтін мол қарызы,  
Десе біреу, біреуі азайтады,  
Жігіттердің тапсырған осы арызы.

Ғұлама деп сізге олар табынады,  
Шешіміңіз құп болып, бағынады.  
Күнде өтеуге Алланың пөндесіне  
Неше парыз мойнына тағылады?

Хазірет күліп: - Сен жолдан қалма - деді,  
Сәлемімді тобыңа арна – деді,  
Сез қыранын баптайтын әнге белеп,  
Ортаңызда сері Ақан бар ма? – деді.

Бәрі енді осы үйге келе берсін,  
Қымыз ішіп шабытқа ене берсін,  
Бес парызы – бес рақағат намаз болса,  
Алтыншысы - сәлемін бере келсін.

Сәлем беру болғанда ерге парыз,  
Алмасаңыз сәлемді болар қарыз,  
Сол қарызды етер кез маған келді,  
Орындайтын жетінші менен парыз.

Әй, Ақан – ай! Маңайың ән – жыр толған,  
Сал – серілік таймаған сара жолдан,  
Бұл бажаңа жай келмей сынға салдың,  
Әр жүрісің жұртыңа аңыз болған

Кетті кейін жолаушы атпен шауып,  
Жеті қоян алғандай жерден тауып.  
Бір топ жігіт лезде жетіп келді,  
Ақ жаңбырдай сәлемдер жатты жауып.

Ақан сері Науанға қолын берді,  
Ишаратпен нұсқады ұстаз төрді.  
Домбырасын қолға алып сері бажа  
Құйқылжытып әндетіп қоя берді.

Сипап жатты жүректі «Мақпал» үні,  
Сәуле шашты жастықтың «Раушан гүлі»,  
Сырымбетке шақырды ғашықтарды  
Махаббаттың мәңгілік өшпес жыры.

Жан түршігер зарынан «Құлагері»  
Жалындаған серінің шыққан шері,  
Әсемденген кәрілік бойын түзеп,  
Самал кештей сырланған «Әудемжері»

Кәртайғанда серілік сәнін тыйып,  
Қолын берді тағдырға басын иіп,  
«Біреу берген тыйынды олжа қылып,  
Жас адамдай жүрмеді дүние жиып».

Сақтап қалды бойында тектілікті,  
Өткерген жоқ басынан жоқшылықты,  
Серіліктің жолына шашатұғын  
Мал – мүлкі әке болатын жеткілікті.



Қоя алмай да әдетін ол әндеткен,  
Ән – жырымен ел ішін әлдилеткен,  
Сүйенгенде Көкшедей тірегіне,  
Қолдап халқы серіні еркелеткен.

- Тағы, тағы, тағы... – деп жолдастары,  
Сері ағаны демеді, қолпаштады.  
Оқыранған тұлпардай дауысын кернеп  
Әнші тарлан желпініп ойқастады.

Өксіп - өксіп домбыра зарлап кетті,  
Әнші дауысы шарқ ұрды, шарлап көкті,  
Бір мезгілде саңқылдап аққу үнмен,  
Бірде қаздай қаңқылдап сарнап кетті.

Ақтарады сері Ақан іштен шерін,  
Үлгі - өнеге қылғандай көргендерін,  
Еркелеген халқына, сұлуларға  
Бастан өткен жастықта серуендерін.

«Жардан ләззәт мәңгілік ала алмадым,  
Ізбасар боп Ыбан ұл жаралмадың,  
Бәрінен де зұлымдық, кереалмастық  
Ызғарлары ойымнан таралмадың.

Ақтоқтыдай ғашықтан қайғы таптым,  
Қырандары жоғалды жастық шақтың,  
Соққысы өмір серіңе аз болғандай,  
Құлагердің өлімі құлдыраттың.

Науан бажа, әнімді сала келдім,  
Ұстазым деп өзіңді дара көрдім,  
Ән мен жырды доғарып енді өмірде  
Моллалыққа батаңды ала келдім» -

Деген сөзін Ақанның ұғып Науан,  
Алабұртып көңілі болды алаң.  
Маңайында жиналған сал – серілер  
Қалды үнсіз алғандай хабар жаман.

-Бисмиллаһи аррахман иррахим – деп,  
Бір аллаға хазірет келтірмей шек,  
Сөзін төкті сабырлы сипатымен,  
Құлына Алла ешқашан білдірмей кек.

-Айналайын, Ақжігіт, Ақан жаным!  
Елге ұнаған сырлы саз, салған өнің.  
Елдігіммен, ерлікпен ұштасқандай  
Сал – серілік басыңа қонған сәнің.

Құдай саған өнерлі нұрды құйды,  
Бойыңа сән, асқан ән, жырды құйды,  
Ел – жұртыңа жеткіздің Алла берген  
Құлдарына аялап сырлы сыйды.

Елге аян бостан – бос жүрмейтінің,  
Моллалықты бізден кем білмейтінің,  
Жаратушы о бастан есептеген  
Құлдарына сепкені гүлдейтінін.

Сендей өнер бізде жоқ талпынғанмен,  
Дәрия болмас теңіз құр толқындармен,  
Ақын, әнші, саздарың мың құбылған,  
Ән – жырымен өзіңдей жарқылдар кем.

Моллалықты бізге бер, Ақан бажа,  
Бес ракағат намазың болмас қаза,  
Біз берейік ұлықсат, шарықтай бер  
Сырлы сазбен жыр толғап, құлаш жаза!

Науан сөзі толқытты сері тобын,  
Үрлегендей мәңгі өшпес өнер шоғын,  
Сері көңілі гүлденді тапқандай боп  
Даналықтың ендігі сара жолын.

Топ тарқады өндетіп, жайраң қағып,  
Сері ағасын думанды ортаға алып,  
Бұдан бұлай сал - сері жолы болды  
Хазіреттің батасын алған барып.

Заман сырғып бұл өмір өтіп жатты,  
Ақан әні шырағын тағы жақты.  
Бірақ тағдыр сызығы өлшеп қойған  
Өмір соңын серіге жақындатты.

Науқастанып сері Ақан жатқан кезде,  
Жүдегені байқалып көрген көзге,  
Науан хазірет барғанда көңіл сұрап,  
Хош айтысқан онымен келіп сөзге.

«Хал біле көп рахмет келгеніңе,  
Бас сұғып баспанама енгеніңе,  
Тарқаттым көңілдегі бар құсаны,  
Енді көп өкінбеймін өлгеніме.

Ал енді осыменен дем алайын,  
Жүректе айттым сырдың бір талайын.  
Бағыштап атымды атап рухыма  
Дұғаңнан тастамаңыз жұма сайын.»

Өтті өмір, кезді жұмды Ақан аға,  
Көп кешікпей жерленді Науан бажа  
Кекшетауда бейіті хазіреттің,  
Айыртауда зираты Сері баба.

Ескерткіші сомдалған сері бүгін,  
Арқаға артып тұрғандай ұрпақ жүгін.  
Медресесі Науанның – мешіт үйі  
Шығарады азанмен мұңды үнін.

Үлкен мешіт Науанға арнау- заңды,  
Істейміз деп әкімдер қолына алды,  
Бірі кетіп, бірі кеп құрғақ сезбен,  
Күрделі іс аяқсыз босқа қалды.

||

Ер тұяғы – Сәкеннің сәбиі Аян,  
Дұға оқып саған да қолды жаям,  
Құшағында атаңның жатырсың ба  
Қалай келдің Көкшеге халқыма аян?!

Әкесі Аян Сәйфуллин Сәкен ерім,  
Ертегідей жырлаған Көкше жерің,  
« Халық жауы » атанып құрбан болған  
Қызыл сұңқар, дауылпаз ақын, серім.

Аласталып талай ер аймағынан,  
Елге қамқор, жанашыр ой қамынаң,  
Нәубет жылдар сананы басып, жаншып,  
Қалың қазақ айрылған қаймағынан.

Айдап салып қазақты бір –біріне,  
Жиіркеніш дақ түсті бірлігіме.  
Империялық көзқарас тағы лаулап,  
Енгізілді бетбұрыс тірлігіме.

Қозғалады қоғамның ісі әрі,  
Түбірімен жойылса «жаудың » бөрі-  
Деген желеу негіз боп тұтқындалды  
«Халық жауы» әйелі, ұрпақтары.

Сәкен жары Гүлбаһрам тұтқындалған  
Екі жасар Аянын қолына алған,  
Тұтқын болып азаптың вагонында  
Көкшесіне Сәкеннің ізін салған.

Көкшетауға Гүлбаһрам жеткен көппен,  
Аян өліп көз жасын көл ғып төккен,  
-Аманаты Сәкеннің Көкшеге – деп  
Арулауға сәбиін беріп кеткен.

Аян сәби, атаңды құшасың ба,  
Періштедей ақ қанат ұшасың ба?!  
Науан – Аян тұрғандай иман тілеп  
Бақилыққа сапардың көш басында.



## Серік Әкімге

*(Салтүстік Қазақстан облысының әкімі С.Беляловқа)*

Келіп тұрмын ата-қонысы жерім деп,  
Сал –серілер өн шырқаған белім деп  
Мағжан, Евней, Кәкімбектей ерлерін  
Аялаған алтын бесік елім деп.

Ән мен жырды мен де елге арнадым,  
Сал-серілік ұлы енерді жалғадым,  
Мендей ұлын қолдап жатса туған ел  
Болмас еді бұл өмірде арманым

Ел ағасы, Серік інім, әкімім,  
Жақсы әкімнің ел тыңдайды ақылын,  
Ұрпақ үшін, елдік үшін болашақ  
Қолдап жібер Иран Сал ел ақынын.



## Қызылжарға

Мен келдім Қызылжардың қаласына,  
Есілдің ақ қайыңды саласына,  
Атығай – Қарауылым мекен еткен  
Солтүстік Қазақстан даласына.

Малынған ата-бабам жарқын нұрға  
Бұл өлке атамекен мендей ұлға.  
Жетпістің желкенінде ән шалқытып,  
Бөледім елімді мен ән мен жырға

Ұлың боп құшақ жаям бауырларым,  
Қонысы қазақ – дархан ауылдарым,  
Даналар, сал-серілер із қалдырған,  
Жалғаған жақсылықты қауымдарым.

Белгілі болды елге менің бағам,  
Еліме ән мен жырдан алқа тағам.  
Шіркін-ай, тірі болса қуанар ед  
Атақты академик Евней ағам.

Әндерім талай – талай елге жеткен,  
Ұрпаққа ұлттық әуен, үнді сепкен.  
Сарыарқа, сұлу Көкше Иран Сал деп,  
Қалың ел ту кетеріп еркелеткен.

Қызылжар болмас маған енді бөтен,  
Сүйеніп қолдауына мен әндетем.  
Рахмет, қарсы алып жатқаныңа  
Бастаған Серік әкім атамекен.

Әндетіп араладым Ақжар елді,  
Сері Ақан сайрандаған Саумалкөлді.  
Бас ием ән сүйетін қауымдарға,  
Ұлына құшақ жайып, көңіл бөлді.

## *Хамитжө*

Хамитжан, келіп тұрған Иран ағаң,  
Кенші, өнші Сарыарқада сайрандаған.  
Жастығым жалындаған еске түсіп,  
Көруге іздеп келдім бүгін саған

Ағаңмен Аманғали бірге жүрдік,  
Бірге оқып, бірге еңбектің мәнін білдік,  
Жезқазған – Жәйрем кенді алқабында  
Селдетіп кенді, әндетіп сайран құрдық.

Азамат Аманғали қандай еді,  
Маңғазы, ер жігіттің маңдайы еді.  
Ақ көңіл, елпілдеген, ер кеңілді,  
Сабырлы, тыныш атқан таңдай еді.

Бейнесі Аманғали мәңгі есте,  
Жүргендей тірі ойымда өріп кесте.  
Хамитжан, бала кезден біліп өстің  
Мән-жайын сыйластықтың өмір-көште.

Сырғиды өмір бастан, заңы қатаң,  
Иран Сал болып пісті Иран атаң.  
Бұл күнде қабыл болсын деп тілеймін  
Әндетіп ұрпақтарға берген батам.

Аман бол, айналайың, Хамитжаным,  
Жарасып жанұяң мен туыстарың,  
Еркін ел болашағын жарқыратар  
Арайлы болсын әрбір атқан таңың

## *Әшірбекті еске алу*

*(Әшірбек Құманбаевтің рухына)*

- Елім- деп өткен азамат  
Әрқашан біздің ойдасың,  
Өзіңдей ерден ғаламат  
Үлгі алып ұрпақ жайнасың.  
Жетпіске келген жасыңды  
Ел- жұртың бүгін тойласын.  
Сағындым сендей асылды,  
Әшірбек бауырым, қайдасың?!  
Сағындым келбет – нұрыңды  
Тербетіп ойды тұратын,  
Өмірде іскерлігіңді  
Салтанат сайран құратын,  
Достықпен шерткен сырыңды  
Шаттыққа көңіл бұратын,  
Көңілден шыққан сөзіңді  
Төбіренгендей шын ақын.  
Кеншісі болып өмірдің  
Басшысы ел боп түледің.  
Сарыарқа сайран еңірдің  
Ер көңіл, саңлақ ұлы едің,  
Ырыс боп елге төгілдің  
Халықтан болып тірегің.  
Ісіне шек жоқ тәңірдің,  
Сені ойлап сыздар жүрегім.  
Ән болып бізге құдірет  
Шілденің жазғы айында,  
Кездесіп едік соңғы рет  
«Оқжетпес» шипажайында.  
Әнімді менің тыңдадың  
Қуаныш шалқып бойыңда.  
Кездесіп соңғы тұрғаның  
Болмады-ау менің ойымда,  
Соңғы рет қолды қысқаның,  
Құшырланып бір құшқаның,  
Әніме тілек қосқаның  
Сақталар мәңгі ойымда.  
Күш бітер менің мұңыма  
Айғайлап әнді салғандай,  
«Оқжетпес» Көкше шыңына  
Қашалып мәңгі қалғандай.



## *Ақжарға*

Аман ба, ата қонысы – Ақжар елім,  
Карой мен Бестамақтай асқар бөлім,  
Мыңғыртып мал суарған ата-бабам  
Шолақ Су, Бас көл менен Аяқ көлім.

Аталар Атқы, Жауар, Мөңтік, Сарым,  
Әрқашан елдігімнің болған нәрі.  
Мақтаған Біржан салым төрт атама  
Менің де ауа береді ынтызарым.

Ұрпағы Смағұл қажы Иран атым,  
Ішінде Қарауылдың Мөңтік затым  
Жетелеп жеткізгенде жетпіске Алла  
Талмаған аспандайтын ән қанатым.

Туған жер аялаған кенді алтының,  
Сөнбейді ұшқындары ер халқының.  
Омсқауи, Смағұл, Ғаббас даналардың  
Отаны сенсің Ақжар – ақ жарқыным.

Сөз зергері Ғайнитден Мұсабаев,  
Сан қырлы болған ғалым жеріне лайық.  
Осындай асыл ерлер ұмытылмас  
Тұрғанда еркін елдік қанат жайып.

Кенші боп Сарыарқада көп жыл жүрдім,  
Сал–сері болып сауық–сайран құрдым,  
Ақыры туған елге қайта оралып,  
Ағайын алдарыңа келіп тұрмын.

Бар екен азаматтар елді ойлайтын,  
Жеткендей ел жағдайы той–тойлайтын.  
Қуанам ер азамат көбейгенге,  
Ақжарым–ақ жол ырысын ел жоймайтын

Шәкірті Қосымжанның Жаналы аға,  
Атақты Арқа әншісі – алтын жаға.  
Рухы жебегендей бүгін мені,  
Ескендеи мақпал үнді самалы аға.

Ән–жырым–қасиетім, ермегім де,  
Өмірімді әсемдейтін өрнегім де.  
Бір аунап аруақтар жатқан шығар  
Әндетіп жеріне ата келгенімде.

Туғанмен нағашы елде Омбы жақтан  
Дәм тартқан ата қонысым осы жақтан.  
Тепсе де өзегінен кетпейтіндей  
Ұлықмын, қайран, елім, сенім артқан.

Бас ием Ақжар еліме,  
Ата қонысы жеріме.  
Мыңғыртып мал айдаған  
Құнарлы жазық беліме.  
Кеңілді бөл ұлыға,  
Әндеткен сал–сәріңе.  
Шығайын деп мен тұрмын  
Жетпістің желкен сеңіне.  
Сарыарқада сайрандап  
Шықтым елдің төріне,  
Кенші, әнші, сал атым  
Жарасқан мендей еріне!



## *Қайрат Пішөнбаевқа*

Жерімдей жайлы мінезі,  
Елімдей жақсы тілегі,  
Уәде мықты, шын сөзі,  
Соғатын ел деп жүрегі,  
Айналайын, Қайратым,  
Қазақтың бір ер түлегі,  
Қабыл ал ән–жыр сыйымды,  
Ақжардың Иран жыры еді.

## *Ағзам Шастеміровке*

Жарқырап келбет – түріңіз,  
Шашылған елге нұрыңыз.  
Жастық шақ өткен Омбыда  
Қазақтың терең сырымыз.  
Болғанда аға біріміз,  
Біріміз сыйлы ініміз,  
Арналған елге жырымыз,  
Тәуелсіз елдің гүліміз,  
Қабыл ал, Ағзам, ән–жырды,  
Жарқырай берсін күніміз.

## *Мұхамметке*

Болмаймын ешқашанда мен елге жат,  
Елменен қауышамын түскенде сәт.  
Ризамын кейінгі өскен інілерге,  
Мұхаммет күйеу маған – мәслихат.



## *Дулат, Гүлсім тойына*

Көршіміз Қарашаш пен Дәулетжаным!  
Тағыда арайланып атты таңың.  
Құтты боп ұзағынан сүйіндірсін  
Дулат пен Гүлсім құрған отау сәнін.

Бір еді туып өскен ауылдарың,  
Сыйласқан ағайын боп қауымдарың.  
Алғашқы қызықтарың мәңгілік боп,  
Өмірге арқау болсың, бауырларым.

Құда боп жатыр екен Көкше-Семей,  
Аталса Көкше-Семей өсер мерей.  
Екі елде даналар мен әншілер көп,  
Ендеше, бүлкілдесін ән мен көмей.

Ұрпаққа берсін Абай даналығың,  
Шоқанның білімдік пен жаңалығың,  
Сері Ақан, Біржан Сал мен Үкілі Ыбырай  
Әндеткен асқақ үн мен саналығың.

Көкшеге қош келдіңдер құдаларым,  
Дәулетжан аямайды қолда барын.  
Кершісі, бауыры боп құдай қосқан,  
Төгейін Иран Сал боп ән-жыр нәрін.

Дәулетжан, әнге басайын,  
Құдаға құшақ ашайын,  
Бақытын тілеп екі жас,  
Ән – жырдан шашу шашайын.  
Жетсін деп әнім Семейге  
Айғайлап қырдан асайын,  
Осы деп әні Көкшенің  
Толқындатып тасайын,  
Құдаға сый деп Көкшеден  
Үнімді мен де қосайын.

*Шет ауданының (Қарағанды облысы)  
80 жылдық  
мерейтойына арнау*

Сарыарқам- толқындаған жазық, қырат,  
Өн бойын шымырлатқан мың сан бұлақ.  
Баяулап, бірде шалқып Есіл, Нұрам,  
Кесілген кең даламда «мен – мұндалап».

Теңізі Сарыарқаның Балхаш келім,  
Көркейткен сары даламның сары белін.  
Аңызғақ, жусан иісті, саумал желім  
Тербеткен қонақжайлы қалың елін.

Кергенде Тағылы –Бұғылы, Қоныспайды,  
Аюлы-Ақсу, Шалтас, Толағайды.  
Қол бұлғап шақырғандай бабаларым,  
Жүрегім дүрсіл қағып солқылдайды.

Жыр етсек ел қорғаған ерлік жайын,  
Жеңуге жауды ерлерім болған дайын,  
Есбатыр, Жарлығап, Балта ержүректер,  
Жидебай, Ағыбай ер-Ақжолтайым.

Белгілі қазаққа ер есімдері,  
Билері, даналары, шешендері.  
Ұрпаққа үлгі өнеге сөз қалдырған  
Бастаған Қазбек би ел көсемдері.

Халқының қамқор жақыны -  
Шортанбай жырау ақылы,  
Дия қажы, Сәрінжіп,  
Майасар айтыс ақыны,  
Жанқұтты-жақсы атанған,  
Дүйсенбай мен Жаманқұл,  
Көпбай менен Есберген  
Тегілген елге сөзі нұр.  
Елін күймен тербеткен  
Сембек, Әбди, Қыздарбек.

Тәттімбеттей күй шерткен  
Әбікен күйі бір бөлек.  
Өнерін ата жалғаған  
Бүгінгі күйші Дәулетбек

Біріксе ағайындар ел болғаны,  
Ұрпаққа ел тілегі көл болғаны.  
Әлтеке, Сарым, Карсон-Кернейлерім,  
Қонышты-Тағай, Дәулет-ел қорғаны.

Өрбіген елдік, достық ойларында  
Осы елдің болып жүрмін тойларында,  
Сәрінжіп Хасен ұстаз мектепке атын  
Құрметтеп Қайрақтыда қойғанында.

Бұл елім білген ұстаз қасиетін,  
Құп алған шәкірт ұстаз өсиетін.  
Жұматай Құтжан, Шәукей Жұмаханов  
Ұстаздар бүгінгі елім бас иетін.

Қайрақты, Ақжолым мен Ақшатауым –  
Кен орны еңбек еткен кенші қауым.  
Болғасын кенші инженер жолым түсіп,  
Жүруші ем біліп кетіп есен-сауын

Міне енді, келіп тұрмын Көкшетаудан,  
Жерінен Жаратқанның нұры жауған,  
Кенші, әнші ұлындай боп Шет елінің,  
Құттықтап 80 жылдық тойымен аудан

Қайыржан Кәрімұлы-жаңа әкім,  
Жанашыр елге, жұртқа кеңілі жақын,  
Жұмысың жемісті боп елге, Отанға,  
Жайылсын бар қазаққа ерлік атың.

Еркіндік нұрын елге шашып тұр ма?!  
Шаруамыз алға бүгін басып тұр ма?!  
Рахмет, бауырларым, Елбасының  
«Мұрасын» құшақ ашып қолдап тұрған.

Сарыарқа саңлағындай сайран құрдым,  
Кене хан жорытқан жолын қайта жүрдім.  
Серігі Кене Ағыбай ауылына.  
Көкшеден «ақжолтайлап» келіп тұрмын.

Арқадан Сарыарқаның қырына астым,  
Кекшенің сал-серілік үнін шаштым.  
Аңсаған қазақшылық заман туып,  
Кешегі Сәкендердің ізін бастым.

Сәлем Шеттің еліне  
Сұлу Кекше жерінен.  
Инженер болып, құда боп  
Мұнда талай келіп ем,  
Сәрінжіп Маркус сөзіне  
Вальсті жазып беріп ем,  
Құттықтап аудан тойымен  
Қуанышты жырлап өрілем.  
Қабыл ал, Ақсу-Аюлым,  
Жүрекке ән боп егілген!



## Әзірхан аға

Қоңғаны Әз-ағама даналық жас,  
Туған ел пір тұтатын ағалық жас,  
Құрметтеп, қошеметтеп, ту көтеріп,  
Ұлым деп әлпештер ел балалық жас.

Осы жас-жастық шақты сағынатын,  
Жарына арқа сүйеп бағынатын,  
Жан-жаққа ақыл-арна қанат жайып,  
Кекшеде сексен көлдей ағылатын.

Білемін көптен бері аға сырын,  
Анықтап, байыптадым шыққан қырын.  
Ағама Оқжетпестей ой тербеткен  
Кекшенің алып келдім ән мен жырын.

Ермұхан Бекмаханов ұлы тұлға,  
Ұлты үшін жан берердей түскен сынға,  
Алғашқы қарлығашым, шәкіртім деп,  
Кетерген Әзекеңді ғылыми шыңға.

Тарихшы Қозыбаев Манаш ерім,  
Тәуелсіз ел ұмытпас кемеңгерім,  
Жан досы Әзірханның сырлас болған,  
Тарқатып елі үшін бірге шерін.

Ағамыз осы топтан – алшын асық,  
Кенбеген қиындыққа ешбір жасып,  
Кеудесі алтын сандық қазыналы,  
Жүретін жанасқанға нұрын шашып.

Қасында Гауһартасы – сүйген жары,  
Ұл – қызы, өсіп-енген ұрпақтары.  
Құдайым қуат беріп Әзекеме  
Жылдары жылжи берсін жүзден де әрі.

Гауһардай болсын ердің сүйген жары,  
Баладай баққан ерді, балдай нәрі.



Ұйытқан шаңырақта еңсең түспей,  
Ананың жарқыраған аппақ ары.

Кеніндей Сарыарқадай асыл белдің,  
Дәніндей Қостанайдай дархан елдің,  
Дана ер, жайсаң жанды Әзірханның  
Тойына сал-сері үнге салып келдім.

Әз-аға, алға басыңыз,  
Шырағы болып ұрпақтың  
Қырлардан талай асыңыз.  
Қосағыңмен қоса ағарып,  
Жарқырай берсін қосыңыз.  
Көркейіп бірге достармен  
Жарассын дәм, тұз, асыңыз.  
Аталық дана мейірімді  
Ұрпаққа балғын шашыңыз.  
Сарыарқамен сырласқан  
Сау болсын алтын басыңыз.





## Шахаржан

Әндетсем Көкше бойында,  
Жезқазған тұрар ойымда.  
Жетпістің жырын шалқытып,  
Шырқайың, Клара, тойыңда.  
Ұмытпай Ораз досымды,  
Оңтүстік кеніш қосымды,  
Еске алам жарқын жылдарды,  
Сауық та сайран кешімді.  
Шахаржан, елге анасың,  
Ұрпаққа қамқор панасың,  
Шаңырағын Ораз шалқыттың  
Түсірмей ердің бағасын,  
Келін боп түсіп керкейіп,  
Әже боп таптың жарасым,  
Ұрпаққа үлгі із қылдың  
Кеңгір мен Кекше арасын.  
Ашық қып аспан, көгімді,  
Ұзарта берсін өмірді.  
Жалғассын думан – қызықтар  
Ұрпақтарыңмен кеңілді,  
Гүлдене берсін маңайың,  
Азамат достар сенімді.



## *Марат достығу рухына*

Марат досым, кен қазына, ғалым ең,  
Ғалымдардың ішіндегі дарыны ең.  
Бұл фәниден өтіп кеткен еріне  
Қамығады Сарыарқада қалың ел

Күрсінеді сұлу Кекше-жер ұйық,  
Қайғырады Астанамыз ақиық,  
Жарқыратқан ер еңбегін Жезқазған,  
Жезді алқап жүйткіп желген жез киік.

Еңселі еңбек, емірде ернек, сән қалды,  
Басты қосқан жастық дәурен-ән қалды,  
Қуанышын еркін елдің көркейткен  
Отаныңа бар емірің арналды.

Қайран, досым, неге өмірге сыймадың?  
Уа, жаратқан, досты айырып қинадың,  
Топырақ салып қоштасуға Кекшеден  
Келді аңырап Рәзия мен Ираның.

Студенттік дос, желмен жүйрік жарысқан,  
Жезқазғанда біте қайнап табысқан,  
Ұрпақтарды ақ тілекпен жетелеп,  
Жүруші едік сәлем жолдап алыстан.

Қош, бақыл бол, жан жолдасым, Маратым,  
Жарқын жүзбен дос кеңілін табатын,  
Аман болсын туыс, жарың, ұрпақтар  
Жолын өке жалғап нәрін алатын.



## *Марат үні бақидан*

Бақидың қанып сырына,  
Малынып Алла нұрына,  
Тағдырдың салған ізімен  
Кеңсайдың қондым шыңына.

Басымда Күләш-жан жарым,  
Талғат, Дәурен балаларым,  
Майдан, Марал, Мәншәйім,  
Нағашы Көкім ардағым.

Достар Рәзия, Ираным,  
Ұмытпас сайран құрғаның  
Сырымды менің әндеткен  
Естілмес енді жырларың.

Байыттым елді үйіп кең,  
Жарыстым желдей киікпен,  
Қараймын енді бақидан  
Кеңсай деген биіктен.



## *Өр мінезді, өр тұлғалы Сұлтанбек аға*

Бүкіл адамзат қоғамының дамуында заңгерлік іс әрқашанда шешуші басты рөл атқарған. Осы үрдісте заңгер тұлғалар тарихта алғашқы боп жазылып, қоғам өміріне ерекше ықпал жасаған. Осыған орай Қазақстан Прокуратурасының туған күні қарсаңында заңгер тұлғаларымызды еске алу, оларды ұрпаққа насихаттау біздің парызымыз. Еске алатын Көкше өңіріндегі жарқын заңгер тұлғаларының бірегейі— Сұлтанбек Әміржанұлы Әміржанов.

Ол қасиетті Көкше топырағынан жаратылып, көк тасымен біте қайнап, шымыр тасына сынадай қағылып, таласып ескен карағайдай кешегі өрен еді. Еңбек додасына ерте, қыршын жасынан түсіп, он сегізге толмай Ұлы Отан соғысына өзі сұранып аттанды. Атам қазақтың ежелгі ерлігі оны осы жасында неміс-фашистерінің арасында барлаушы да болып, десантшы әскери қызметке де итермелегендей еді. Жауынгерлік ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз, Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды. От пен су кешіп еліне оралды. Көкше жерінде прокуратура, құқық қорғау, мемлекеттік қауыпсіздік салаларында көп жыл өз міндетін мәртебелі де, абыройлы атқарды. Одақтық, Республикалық прокуратуралардан сан рет Құрмет мақтау қағаздарын, алғыс сыйлықтарын алды. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құрметті заңгері атағына, полковник дәрежесіне ие болды. Сексеннің сеңгірінен асып, бұл фәниден өткенге дейін құқық қорғау органдарымен байланысты үзбеді. Ол Ақмола облыстық прокуратурасының ардагерлер кеңесінің бастығының орынбасары болды. Жас мамандарға ұстаз, ақылшы болуды ешқашан тоқтатқан емес.

Мен Сұлтекеңді Көкшеге еңбегі сіңген, халқына абыройлы, рухы Көкшенің еңсесін көтеріп тұратындай кешегі Еркін Әуелбеков, Телеген Досмағамбетов, Құбаш Әшетов сияқты өр тұлғалардың біріндей – деп баға берсем артық болмас. Өйткені, Сұлтанбек аға қиындағы мол, еселі қызмет жасап жүргенде, пейілін, көңілін елі үшін таза ұстады. Оның кеңілі сексен келдей мөлдіреген таза еді. Өле-өлгенше өз көзімен қазақтың еркіндігін керіп, кейбір лауазымды биліктердегінің былығын біліп, налумен өтті. Оны бүгінгі еліміздегі парақорлық, жемқорлық, ұйымдасқан қылмыспен жүріп жатқан күрес дәлелдеп отыр.

Сұлтекеңнің пәрменінен дұшпан ығысып, дос риза болатын,

істің басында зор адамгершілік, ақиқат пен шындық тұратын. Ол дұрысын істеп, ақиқатын орнатып қана қоймай, насихаттап, жырдай қылып жұртына айта да білетін. Ағаның әрбір жұмысы үлкен тебіреністің, ой – толғаудың қортындысы болатын. Сонау Кеңес үкіметі қаһарына мініп тұрғанда да ол елдікті, ерлікті ойлаудан, істеуден танбаған, қиыннап, қиыстырған. Сұлтекеңмен құда болып, інісіндей араласып талай әңгімесін тыңдап, дәмдес болдық. Сол әңгімелерің жұрт аңыз қылғандай мен де жиі есіме аламын. Ер азаматтың артында сүйген жары, өсіп-енген, езінен үлгі-өнеге алған еліне елеулі ұрпақтары қалды.

Көкшенің аяулы перзенті Сұлтанбек аға бұл фәниден өткенде көздің жасымен бірге жаралы жүректің жыры да сорғалап еді, жақсының жақсылығы жырмен бірге тіршіліктен жалғаса берсін.

Аттанған бақилыққа аяулы ерім,  
Жігіттің Абылайы-Сұлтанбегім.  
- Құда - деп анадайдан шұрқырасып,  
Кеңілдің көтеруші ең көкжиегің.  
Мол еді оқыған мен тоқығаны,  
Заңгерлік көп ойлатқан елдің қамын.  
Ұстаздық өнегелі ұрпақтарға  
Жігерін жасытпаған жарқын жанның.  
Кешірген бастан талай қиындықты,  
Еңбекпен ширатылған иі мықты.  
Құрметті заңгері еді Қазақстан,  
Аға еді болған елге сыйы құтты.  
Жан еді ақ көңілі аңқылдаған,  
Сөзі мен ісі бірге жарқылдаған.  
Билердей қара қылды қақ жаратың,  
Адалдық шешімдерден тартынбаған.  
Сұрапыл соғыстың да ардагері,  
-Ақсақал- деп сыйлаған Көкше елі.  
Жоқ бүгін ортамызда ер ағамыз,  
Әңгіме –дүкен, думан жүрген жері.  
Ұмытпас ағаны ұрпақ көзі көрген,  
Шын ықылас, ілтипатты сезіне ерген,  
Мәңгілік ағалардың нұр бейнесі,  
Тарихтың таспиғындай тізбектелген.  
Жүруші-ек ағалармен қолтықтасып,

Асқақтап әсем ән мен жырды шашып.  
Шығарып ақтық сапар жолға ағаны,  
Біз қалдық енді ағаның ізін басып.  
Еліме мұра – аға асылдары,  
Сөзі айтқан, ісі істеген, аға ары.  
Тілейміз аға өмірін жалғастырар,  
Бақытты болсын қалған ұрпақтары.  
Ұрпағың орнатыпты ескерткішті,  
Төрт бұрыш, төрт тағанды, күмбез үсті.  
Дұға оқып тебірендім қабірінде,  
Сөзгендей тірліктегі рухын күшті.  
Қасиетті көрбезденген Көкше жерім,  
Қазалар қайыстырған Көкше бөлім.  
Ұрпақты алмастырып, құдай қолдап,  
Өзіңдей келе берсін өмірге ерім!

### *Еркін әнші*

Көкшеде тума талант, әнші Еркін,  
Көкшедей көрінуші ед келбет-керкің,  
Көкшенің күркіреген аспанындай  
Қосып ед дауысың елге жігер, серпін

Мінекей, сен де кеттің арамыздан,  
Кетпейсің бірақ мәңгі санамыздан,  
Сал-сері үнін жалғап туа берсін  
Өзіңдей дархан дарын саламыздан

Жүруші ек әнді шырқап, күліп-ойнап,  
Әндетсек құлпырушы ед Көкше жайнап,  
Батырдай алғы шөпте тұрушы едің  
Туған ел кетергенде әннен байрақ.

Сап, көңілім, тағдырға адам бағынады,  
Көл болып көздің жасы ағылады,  
Дауысыңды ән тербеген, жан тербеген,  
Ұрпақтар талай-талай сағынады.

Өнерді жас басыңнан құптап едің,  
Еңбекпен егіз қылып баптап едің

Адалдық адамдықты мықтап ұстап,  
Ешкімге ренжіп қабақ шытпап едің.

Мен бүгін көңіл айтам сүйген жарға,  
Анаға зарлап қалған, туыстарға,  
Үлгіңді болашаққа жалғастырап  
Өнерлі, тәрбие алған ұл-қыздарға

## Қожа ұлына

*(Нұрмұхамбет Абырғали рухына)*

Нұрмұхамбет, ерте еттің өмірдөн,  
Орын алдың мәңгі біздің көңілден  
Қожа атаның қасиетті ұлы едің  
Парасатты терең оймен көрінген.

Еске алам бала – құйын кезіңді,  
Шыдай білген қиындыққа төзімді,  
Жарқылдаған ақ көңілді бейнеңді,  
Тура айтар бетке шындық сөзіңді.

Аруақты Әмзе атаның баласы,  
Естен кетпес Зейнеп сынды анасы,  
Көңіл айтам Әмзеұлы Ысқаққа,  
Сиреп қалды-ау қалың Қожа-нағашы.

Келіп тұрмын тағзым етіп басыңа,  
Дұға оқып, иман тілеп асыңда,  
Көңіл айтам жанұяға, туысқа,  
Берік бол деп, қайғыны бас, жасыма.

Мен тілеймін ағайынның бірлігін,  
Қайғысы аз, қуанышты тірлігін,  
Аман болсын артта қалған ұрпақтар,  
Төксін сәуле соларға арнап нұрлы күн.

Қош бол енді, қош бол, Нұрыш, бауырым,  
Нағашыдан жақсы көрген тәуірім,



Мәңгілікке өзіңменен бет бұрып,  
Алыстайды Қожа туған ауылым.

Келді Омбыдан Күлә апасы құлындап,  
Қайраң, жүрек елжірейді шымырлап,  
Көз алдында бақыт қосы-балалық,  
Әке-шеше тұмар таққан ырымдап.

Келді Мәркен, тату бажа Қайыржан,  
Көп туыстар құшағы кеңге жайылған.  
Қанат жайған мына тәтті өмірден  
Ажал жауыз есіл ерді айырған.

Қос құлыны, Азамат пен Жанатым,  
Қайрылмасын әке ұштаған қанатың.  
Ұрпаққа үлгі бере берсін Гүлнәрім,  
Өріске кең құшақ ашып, жаятын.

Асыл жары Зұлқиядай қосылған,  
Аяулы ана текті ата асылдан,  
Балалармен бірге кірген бақыттың  
Тарқамасын нұр-сәулесі басыңнан.

Келді құда Ғабділмәжит ізетпен,  
Суық сөзден жан сезімі дыз еткен.  
Құдандалы ел бір бірімен сыйласқан  
Қалды айрылып ерлігі мол өжеттен.

Боздап келді қарындасы Гүлбарам,  
Көңілінен жазылатын мың жараң,  
Қайта оралмас мәңгі бақи сапардан  
Қарындастың өмірін аға жырлаған.

Қайғың сенің туыстарды зарлатқан,  
Сенсіз, Нұрыш, қарсы аламыз таңды атқан,  
Иман-серік, торқа болсын топырақ,  
Ескерткішім жырдан саған орнатқан.



## *Гүлсім*

Гүлсім жиен, нәзік гүлдей жан едің,  
Көкшетаудың шапақтанған таңы едің,  
Кең даламды көрнеп шалқып, шырқайтын,  
Кенеттен бір үзіліп кеткен ән едің.

Нағашыңдай қалмап едің қызықтан,  
Аса алмадың тағдыр сызған сызықтан.  
Мәңгі есте жарқын жүзің, әсем ән  
Жанасқанның тербеп жанын сызылтқан.

Құлашыңды оңды-солды сермеп ең,  
Ел алдында еңбегіңмен өрлеп ең.  
Жазу солай: отырмыз біз қызықтап  
Айкөніңнің қызығын сен көрмеген.

Талантыңа жүруші едім бас ұрып,  
Жарқылдаушы ең, қалмай сырды жасырып,  
Артта қалған құлындарың ұмытпас  
Ана арманын мәңгілікке асырып.



## Ерейментау

Айналған қазағымның еркесіне,  
Қыратты, самал таудың өркешіне,  
Ерлігі, серілігі аңыз болған  
Асықтым Ерейментау елкесіне.

Ереймен – Сарыарқаның саңлағы,  
Отаны қарт Бөгембай қанжығалы,  
Кешегі хан Абылай хас батыры –  
Қазақта батырлықтың өнұраны.

Қазақта алты алашқа даңқы асқан,  
Саққұлақ биім талай жиын ашқан,  
Аңсатқан самал–сағым Ерейментау,  
Батырым Иманжүсіп әнге қосқан.

Керкіне көз тоймайтын көне жерлер  
Күрсінген ерлерді ойлап Қоржын көлдер,  
Сынығы жақсылардың айдауда елген  
Олжабай, Барлыбайдай – асыл ерлер.

– Сәлем де қанжығалы туған елге –  
Деп айтқан Естай ақын сөзі елерде  
Ұрпағы сал–серілер Көкшедегі  
Әндетіп келіп қалдық Ерейменге.

Осы ма Ерейментау құбылған бел,  
Осы ма жан сырымды ұғынған ел,  
Қанаты сері Ақанның қайырылып,  
Мерт болып Құлагерім жығылған жер.

Билердің өр биігі, Саққұлағым,  
Жандырған дана сөзбен бақ шырағын,  
Ақанның жанашыры болып елде,  
Алтындай бағалатқан ат тұяғын.

Түскендей сөзі бидің заңғар көктен,  
Данышпаң, даналығы бізге жеткен,  
Тоқтатып Сағынай тойын ел алдында  
Құлагер өліміне құн телеткен.

Тұқымы бай, қажының елден безген,  
Қуғын мен қиындыққа кеніп тезген,  
Елінде қанжығалы кеп мұңдасым  
Танысқан Омбы жақта бала кезден.

Жанымда қанжығалы Тұрғын інім,  
Еліне еңбек еткен таппай тыным,  
Қостанай ата қонысы атанғанмен  
Кекшеге бауыр басқан ерім бүгін.

Келгесін Ерейменге жолым түсіп,  
Табысам сүйікті елмен ерді құшып,  
Қасымда қыпшақ інім, Тыныштық ақын,  
Ұрпағы Қобыланды, Иманжүсіп.



## *Сәуле ауылына*

Кең далам қазағымның берекесі,  
Көркейген ауылдармен әр өлкесі.  
Сексен жыл тарихы бар Сәуле елінің  
Қайырлы болсын думан-мерекесі

Тұрғанда толқып, шалқып мына жиың,  
Көкке өрлер, Теміржан - әкім, көңіл күйің,  
Құтты боп 80 жылдық тойы да аудан,  
Халқыңа арта берсін құрмет – сыйың.

Кең далам неткен байтақ, көркем едің,  
Қазынаң – болашағы ертеңгі елдің.  
Тойыңда ән шалқытып, жырды тербеп,  
Кешегі Біржан Салдай еркеледім.

Арулар арайлаған төңірегін  
Керіп ем талай Сәуле серуенін,  
Есімде ақ жол тілеп шығарғаны  
«Сері Ақан – Абай » Көкше керуенін.

Танып ем Қабидендей ақыныңды,  
Тапқандай сыйлы аға жақынымды,  
Шәкірті, інісіндей жалғап жүрмін  
Көнекөз өнер жолың, асыл үнді.

Сәуледен есіп тұрар өнер лебі,  
Айналған ән мен күйге ел тілегі.  
Атанды туған жұртқа ұлы күйші  
Балбармақ Смағұлдың Балғабегі.

Ершік ұл осы ауылдың ері еді,  
Сөкен мен Әбілхайыр серігі еді.  
Шарапи, Елжас, Ғаббас есіл ерлер  
Қоғамды дамытатын көрігі еді.

Бармалдақ, Ехсан, Жәлел ардагерлер,  
Қорғаған елді жаудан майдангерлер.  
Жасатса Ехсан танкті ақшасына,  
Селдеткен терін «тылда» еңбеккерлер.

Болғанда Әл-Машани ұлы тұлға,  
Шәкіртін Маржан қосам мен де жырға.  
Маржан қыз-академик, кенші, өнші,  
Сәулеге тағылғандай алтын сырға.

Мен дағы инженері болып кеннің  
Болашақ жұлдызыма сеніп келдім.  
Жас кезде студенттік танып, біліп,  
Серуендеп Маржан қызбен әндеткенмін.

Әулие Мұхаммед Салық, Байгөбек қажы,  
Жеткізген Науан Хазрет айтқан назын.  
Өміріне, үлгісіне мұсылмандық  
Халқы мен жаратқаны болған разы

Бұл күнде Мұрат қажы жалғап істі,  
Біржола мұсылмандық жолға түсті,  
Үміттей қосағымен Мекке барып,  
Қос қажы Құран, Кәрім ілімін құшты.

Ұлы Ораз Сәуле еліне мешіт салды,  
Бизнесмен еріне жұрт қайран қалды.  
Мінекей, мерейтойын елдің тойлап,  
Ерлерім ел жұртынан алғыс алды.

Жасай бер, Сәуле ауылым,  
Басып та алға қауымың.  
Еркіндік алған қазақтың  
Шалқысын жаңа дәуірі.  
Көтеріліп ел тұрмысы,  
Түзелді ойын-сауығы.  
Тірегі сенсің қазақтың  
Ауылда өскен, бауырым.  
Тілеймін оты өшпесін  
Қазақта барлық ауылдың.  
Біржан елін қолдасын  
Киесі Көкшетауымның



## *Зеренді еліне*

Ұнатам қонақжайлы Зеренді елін,  
Сайрандап тамашалап сұлу белін.  
Мәлік пен Баян сынды асыл ерлер  
Көркейткен Көкшетаудың биік төрін.

Әрқашан Зерендіге жырым дайын,  
Шығарып, төгілтем ән келген сайын.  
Бас иіп ардагерлер еңбегіне  
Қарттарын мерекемен құттықтайын.

Ерболым Болатұлы әкімі аудан,  
Азамат адамдықтың нұры жауған.  
Мақтайдай текті ағаның іскерлігі  
Ерболдай інілерге бүгінде ауған.

Қарсақтық дос Әбілов Амангелді,  
Кім білмес бизнесмен Аман ерді  
Алтынын Көкшетаудың бірге қазған  
Бесаспап кенші инженер маман ерді.



## *Қарсақ — алтын ауылым*

Жыланды таудың бауыры,  
Шағалалы өзен сауыры,  
Ауылдың күнін тойлаған  
Қарсағым- алтын ауылым.  
Қайырлы болсын мереке,  
Ауылым, жаңа дәуірің.

Балуаны елдің сүйгені,  
Қарсақтан ішік кигені,  
Белдескен жанды шыдатпай  
Жауырыны жерге тимеді.

Таралып елге осы аңыз  
Атанды Қарсақ жотамыз.  
Елдікті құрған басшы боп  
Жантемір Жүзжан атамыз,  
Бақилық болған ерлерге  
Осы той болсын батамыз.

Шығады елден нағыз ер  
Абыройды елге әперер,  
Фашисті жеңген майданда  
Тақуов Көкше - «кекелер»  
Қасқырбай, Қожан, Сұлтандар  
Майдангер ерлер – ардагер.

Ерлерден құрап жасақты  
Жауына ауылым тас атты,  
Ерлерді кеткен жоқтатпай  
Күн көрді теріп масақты.

Жасаған ерлік, мәрттікті  
Адамды ауылым пір тұтты.  
Рахымжан, Жанат, Тұяқбай,  
Теміртас құрған төртіпті.  
Әділхан, Серік, Боранбай  
Бұлар да заңды ар тұтты.



Қос-қостан орден тағынған  
Төлеген, Құрман, Кәрімжан.  
Жансерік, Арал, Қажыбай  
Туғандар елдің бағына.

Жеңіспен шаттық күйге ендік,  
Техника мініп үйрендік,  
Шалқытып астық тасқынын  
Көтеріп тыңды игердік.

Тоқтатпас ешкім уақытты,  
Түзетті тарих бағытты.  
Еркіндік алған қазақтың  
Ұрпағы бүгін бақытты.

Таланттар ескен дарынды ел,  
Академик, ғалым, әншілер.  
Әндетсе Люба қыздары,  
Орман ұл –даңқты дәрігер.  
Үлгісін аға жалғаған  
Дәрігер Абай – белгілі ер.

Қарсағым – сәнді көрігі  
Құнарлы Көкше жерінің  
Ұйытқысы тойдың Қайырбай,  
Бизнесмен ері елінің,  
Ботажан, Қайрат ұлдары  
Ақтап жүр елдің сенімін.

Жайнаған ұрпақ, балалар  
Бұлақтан Қарсақ нәр алар,  
Ұмытпай мәңгі жалғайды  
Үлгісін ата – бабалар.

Сүтіндей ана берер нәр  
Өшпесін оты ауылдар.  
Қарсақтың ауыл күніне  
Шығарған өн – жыр Иран Сал.

## *Тұманбай Молдағалиевке*

Есенсіз бе Тұмаштай ел ағасы,  
Ақындардың сүйікті ер дарасы?!  
Қайран, дәурен тоқтамайды сырғанап  
Алыстайды жастық дәрия жағасы.  
Жас кезімде өзіңменен таныстым,  
Жырды дос қып, әнмен кекте алыстым.  
Шахтаны да тас бұзатын тастамай,  
Желдей есіп өмірменен жарыстым.  
Жылжып жылдар айналды ән тірекке,  
Жайнап жырлар кеңілімде гүл екен.  
Тұмаш-аға, жырың ән боп ағылды  
Сізге деген сағыныш тулап жүректе.  
Халқым риза, әрқашан да қостайды,  
Елді ойлаймын, емес маған бас қайғы.  
Бұл күнгі өмір – бәсекесі күндестік  
Бізді аға деп бәйгесіне қоспайды  
Сенем, бірақ, тарихта мен қаламың,  
Ұрпақ іздеп, арнап орын табарын,  
Бере білді ойдағысын Иран –дер –  
Ала алмады бұйыртпаған аларын.  
Көңілі тарлар дүниеге сиған ба?  
Ер кеңілдер жарқылдайды жиғанда.  
Ортасында туған елдің ән-жырмен  
Көркейтеді жүрген жерін Иран да.  
Шумақпенен келген ойды тыймадым.  
Достық үшін шыбын жанды қинадым.  
70 жылдық Көкең аға тойында  
Кітабымды ескерткіш қып сыйладым.



## *Нағашыбайға*

Қазақта қағида көп көңіл бөлер,  
Еліне келгендерді ер деп елер,  
Ақсақал алпыстағы алға шығып,  
Сәбиге алты жасар сәлем берер.

Қош келдің, Нағашыбай, елімізге,  
Көкшедей жұмақ-мысал жерімізге,  
Бас иіп сәлем бердім өзіңіздей  
Ел үшін еңіреп туған ерімізге.

Еңбегі айналғандай жыр-аңызға,  
Мақтанам келген сіздей құдамызға,  
Жарасып елдігіміз, ерлігіміз,  
Тірлікте сауық-сайран құрамыз ба?!





## *Жанат Қасымовқа*

Көкшенің көрігіндей Жанат ерім,  
Сыйлаған мінезіңді Кекше елім,  
Білім мен өнер, спорт саласында  
Таныған қазақ елі еңбектерін

Белгілі қазағыма Жанат есім,  
Нарықта жетелеген елдік көшін.  
Салалы өнеріңе ризамыз,  
Қайырлы болсын жаңа бизнесің

Құлақ сал, Жанат інім, жырларыма,  
Ой тербер тәтті әуен сырларыма,  
Ұрпағың чемпион боп есе берсін,  
Тілеймін саулық сұлу Гүлнарыңа.

Ерлердің қаржы кеп боп қолдарында,  
Көмегін көре берсін мол дарындар,  
Жанат ер кемегімен мен де жүрдім  
Жорықты Кенесары жолдарында.

Мінекей, есік ашты мейрамхана,  
Бұл дағы кәсіпқойлық өнген сала,  
Ішінен арылмасын думан – тойлар  
Үнемі жақсылыққа болып пана.



## Қапар

Еңбегі – ерен, ісі-үлгі,  
Келбеті көркі келісті,  
Азамат ерім Қапарға  
Жетпіс жас қонған жемісті.  
Жасай бер, Қапар – азамат!

Балалары ержеткен,  
Бесігін емір тербеткен,  
Аялап ата-анасың,  
Төріне елдің төрлеткен,  
Жасай бер, Қапар – азамат!

Жетіп бір жетпіс жасына,  
Алиманы айдай қасында,  
Күтімі жар көрінген  
Шалпаған ағы шашында,  
Жасай бер, Қапар – азамат!

Елдігі мықты ойында,  
Сымбаттылығы бойында.  
Досыма Қапар арнадым  
Шуақ жыр, әнді тойыңда.  
Жасай бер, Қапар – азамат!

Өрісінен кең нұр алар,  
Сауық та сайран құралар,  
Үйірілген ер маңына  
Ағайын, достар, құдалар.  
Жасай бер, Қапар – азамат!

Жеткенде жастың көгіне  
Бас ием елдің еріне.  
Тартқан ол мінез ісімен  
Садуақас Смағұл тегіне.  
Жасай бер, Қапар – азамат!



## *Мүслима - Әлиман*

Мүслима - Әлиман  
Ұясындай ар-иман  
Қылығына, сыйына  
Риза елі, барлық жан,  
Риза болған сал Иран.  
Жасап жатқан мерекең  
Жетпіс самал желі екен,  
Көп тілегі көл болып,  
Асыңа берсін береке.  
Үйі бақыт қосындай,  
Қапары көңіл хошындай,  
Елге үлгі ұл-қызы-  
Бақытты ана осындай  
Тілегі өл жырының,  
Үзігі жан сырының,  
Ел анасы сау болып,  
Ұзақ қылсын ғұмырын.  
Жайлап шуақ маңыңды,  
Арайласын таңыңды,  
Қосағыңмен қоса ағар  
Тірлік баптап сәніңді.



## Байқашқа

Досым деп Байқаш ерге құшақты аштым,  
Жүректен жалындаған сырды шаштым,  
Кешегі ер азамат еңбегі ерен  
Жегілді жетегіне жетпіс жастың.

Жетпіс жас жетілген бір ердің жасы,  
Сыйланған ұрпаққа, елге алтын басы,  
Байқаштай азаматтар баға жетпес  
Елдіктің алтын қоры – ел мұрасы.

Білінген зеректігі бала жастан,  
Есігін зерделі емір баппен ашқан,  
Жұмыста ел мен жұрттың қамын ойлап,  
Анықтап азаматтық ізін басқан.

Жас кезде білекті біз түріп едік,  
Қыздарды қаршығадай іліп едік,  
Студенттік салтанатты Алматыда  
Омбылық жерлес болып құрып едік.

Мінекей, отыр ерім ер жасында,  
Жәмештей сүйген сұлу жар қасында,  
Ұл-қызы, сүйікті ұрпақ аймалаған  
Қасиетті Кекше елі ортасында.

Ісіне туған елдің үлес қосқан,  
Бұл емір өтпегендей бостан босқа  
Тілеймін 80, 90, 100-ге кел деп,  
Әндетіп жігер қосам Байқаш досқа.

Байқаш ерім- арысым,  
Елдігімнің нәрісің,  
Жетпіс жасың құтты боп,  
Азаймасын нар күшің,  
Сүре бер өмір жар үшін,  
Бала – шаға, жан үшін,  
Азаматтық сән үшін,  
Еркін елдік таңы үшін,  
Қасиетің адамдық  
Ұрпақтарға дарысын



## *Тұрсынбекке*

Бауырым, ер азамат Тұрсынбегім,  
Ұлысың ұлы ұстаздың, асыл тегің,  
Докторлық дәрежеге ие болып  
Алпыстың жарқыраттың көкжиегің.

Дер кезің кемелденген даналығың,  
Ғылымға енгізер кеп жаңалығың.  
Түсінсек салиқалық ерлігіңді  
Тереңдей түскен елде санаң бүгін

Елімде ту ұстайтын ердің бірі  
Жасадың еңбегіңмен ерлік ірі,  
Қайырлы боп қуаныш қос-қостаған,  
Жалғассын ұрпақтардың тойлы жыры.

Аман боп сүйген жарың, бала-шағаң  
Биіктей берсін елде ерлік бағаң,  
Қоғамда мықты тірек отбасы – деп,  
Сендерді мақтан етер бұл қайнағаң







## *Болат — Баян*

Қазақтың бірлігінің тірегіндей,  
Қыз Жібек, Баян сұлу жүрегіндей,  
Жайнаған Болат, Баян келбеттері  
Ақтөбе, сұлу Көкше іреңіндей

Баяным, жеңгеміздің өзіндейсің,  
Ескерткіш артындағы кезіндейсің,  
Самалын туыстықтың төгіп тұрған  
Нұр шашқан құдыретті сезімдейсің.

Қарамай зымыраған уақытыңа,  
Жете бер тойдың алтын, жаһұтына,  
Қызығы ұрпақтардың толастамай  
Бөлене бер ел ана бақытына.

Болат пенен Баяным,  
Күмістелген той сәнің.  
Ағалық ақ тілекпен  
Құшағымды жаямын.  
Қос аққуым қалқыған,  
Келінде емір шалқыған,  
Арналады сендерге  
Шаттық жыр мен жарқын ән



## *Ел анасы*

*(Жүзін апамға)*

Қоғам түлеп еркін өмір кешкенде,  
Жұпар иісті самалы елдің ескенде,  
Шаттанамын қуат беріп жер ана,  
Ел анасы құшағында өскенге.

Мейіріне ана елі қанғандай,  
Ақ тілектен бағы ұрпақтың жанғандай,  
Ширақ жүріс, қолы-ырыс, пейілі кең,  
Ақ апамның аты аңыз боп қалғандай.

Боталардың аңыраған әжесі,  
Өткендердің қалған нұры, елесі,  
Қолы ашық үлкен, кіші қонаққа,  
Бал татыған берген дәмі, көжесі.

Сырттан сұрап, қанық болып жайына,  
Сағынамыз көрмесек бір айына.  
Әсіресе балаларым қуанад  
Жіберетін елден сары майына.

Мына дүние нұрлы сәуле шашқанда,  
Ұрпақтары өрбіп алға басқанда,  
Апамыздың жас қосылып жасына  
Өрлей берсін даңқы биік аспанға.

## *Садық бажаға*

Садық бажа, сыйласқан жасымыздан,  
Құт-береке кетпеген асыңыздан,  
Жарқыраған жетпіс жас нұрын төгіп,  
Ауыспаған күншуақ басыңыздан.

Сол күншуақ-Күләйім, сүйген жарың,  
Аямаған туыстан қолда барын.  
Елгезектік еңбегің жүрегінде ел,  
Оған күә Рузай, Сарбұлағың.

## *Назымбекке*

70 жас құтты болсын Назымбегім,  
Арғы атаң Жағалбайлы, асыл тегің,  
Жалғасы кешегі өткен Қасым ердің,  
Пір тұтқан Сарбұлақтай саналы елім.

Туғызған Жағалбайлы талай дана,  
Еліне қамқорлықпен болған пана,  
Сенде бір ұшқынысың Жағалбайлы,  
Құдайым ұшқыр ой мен берген сана.

Бұл күнде Кекше елінің ағасысың,  
Біреуге құда, біреуге нағашысың.  
Жетпіс жас асқаралы құтты болсын,  
Жетпіс жас – Алатаудай ақ басты шың.

Батыстан келген атаң Солтүстікке,  
Көкшедей несібесі мол түстікке,  
Сен дағы қазақ болып құшақ жайып,  
Күйеу боп шыға келдің Оңтүстікке.

Мың сәлем Оңтүстіктен келгендерге,  
Құда боп қызын бізге бергендерге,  
Шіркін-ай, осындайда қандай жақсы,  
Керсете білген сыйды ел мен ерге.

Түсірем еске әнмен Ақанымды,  
Сондықтан Иран Сал деп аталыңдым.  
Қабыл ал, Назымбегім, ән, жырымды,  
Кигізер сыйластықпен шапанымды.

Қосылған Зайражандай қосағыңмен,  
Құтты бол қонақжайлы ошағыңмен,  
Жетпістің желкеніне мініп алып,  
Жылжи бер көлінде өмір осы ағыммен.



*Құдайы көрші*  
(Зейнет апама)

Құдайы көрші апамыз,  
Жайылған елге аты аңыз.  
«Генералиссимус, маршал» - деп  
Мадақтап оны жатамыз.

Мінезі бала - апамыз,  
Қабағын шытса қорқамыз.  
Жайылған мықты емендей  
Апаммен сәнді ортамыз.

Сыйлаған бізді апамыз,  
Дәм – тұзын жиі татамыз.  
«Мақпалға» басса мақпал үн  
Қызыққа шексіз батамыз.

Ақ көңіл, жарқын апамыз,  
Өнеге, үлгі – басқан із.  
Қамқоршы тілек тілейтін,  
Дарысын бізге батаңыз.





*Мұрат Көтеновке*

Мұрат інім, ұлымдайсың,  
Жанған ұрпақ нұрымдайсың,  
Бизнеспен белгілеген  
Заманымның сырындайсың.

Ағаң көрді еңбегіңді,  
Инженерлік өрнегіңді,  
Алтын қазып, кен байытып,  
Елге көңіл бөлгеніңді.

Бағың бастан арылмасын,  
Бизнес жолың тарылмасын,  
Қасиетті Көкше қолдап,  
Алла жар боп жарылғасын.





*Құдайы көрші*  
(*Зейнет апамға*)

Құдайы көрші апамыз,  
Жайылған елге аты аңыз.  
«Генералиссимус, маршал» - деп  
Мадақтап оны жатамыз.

Мінезі бала - апамыз,  
Қабағын шытса қорқамыз.  
Жайылған мықты емендей  
Апаммен сәнді ортамыз.

Сыйлаған бізді апамыз,  
Дәм – тұзын жиі татамыз.  
«Мақпалға» басса мақпал үн  
Қызыққа шексіз батамыз.

Ақ көңіл жарқын апамыз,  
Өнеге, үлгі – басқан із.  
Қамқоршы тілек тілейтін,  
Дарысын бізге батаңыз.





*Мұрат Көпеновке*

Мұрат інім, ұлымдайсың,  
Жанған ұрпақ нұрымдайсың,  
Бизнеспен белгілеген  
Заманымның сырындайсың.

Ағаң көрді еңбегіңді,  
Инженерлік өрнегіңді,  
Алтын қазып, кен байытып,  
Елге көңіл бөлгеніңді.

Бағың бастан арылмасын,  
Бизнес жолың тарылмасын,  
Қасиетті Көкше қолдап,  
Алла жар боп жарылғасын.





## *Әйелдерге*

Әйел адам – ер адамның қазығы,  
Жан дүние сарайының азығы,  
Ерлікті ұштар жалаулатқан найзасы,  
Қыр гүліндей жаңған жүрек нәзігі.

Әйелдермен қыздырамын қанымды,  
Әйелдермен түзетемін сәнімді,  
Әйелдермен жігерленіп, шаттанып,  
Шырқатамын асқақ, нәзік өнімді.

Әйелдермен білінбейді шалдығым,  
Биіктейді азаматтық арлығым.  
Қыз-келіншек әндеріме нәр беріп,  
Сақталғандай серілік пен салдығым.





## *Гүлжан шырақ*

Гүлжан шырақ, қарындас ең, келін ең,  
Жезқазғандай Сарыарқаның бөлінен,  
Асқар шыңдай алып жасқа жетіпсің,  
Құттықтаймыз сұлу Көкше елінен.

Білуші едік қыз кезіңнен өзіңді,  
Бірге істеген апаңменен кезіңді,  
Күә болған тұрмыс құрған тойыңда  
Ұмытпаймыз ыстық ықылас сезімді.

Алтынмен тең Жезқазғанның жезіндей  
Қайран, жастық жайнап өткен кезімдей,  
Жақсы көрдік сені, Гүлжан, қарағым,  
Бізге ыстық Жезқазғанның өзіндей.

Сіңілі-апаға, қарындас боп ағаға,  
Жеттің, міне, алтын белес-жағаға,  
Найман елі еркелеткен Сарадай,  
Лайықсың сен құрметтейтін бағаға.

Қаныш атты ұлы есімді ұлыңыз-  
Шаңырақта шамшырақтай нұрыңыз.  
Айгүл, Дана, Гүлмиралар – той-думан,  
Өрістеген елді- елге сырыңыз.

Күйеулерің Санат, Қуат – көмегің,  
Табылатын сұрағанда керегің,  
Бәрін- бәрін құттықтаймыз, құшамыз,  
Ұрпақ сыйлар Көкшетаудай ел едім.

Біздің тілек-ұзақ ғұмыр сүріңіз,  
Жайнай берсін көрік-келбет, нұрыңыз.  
Құттықтаған Иран ағаң, Рәзия,  
Гүлжамал мен Жанар, Ерлан ұлымыз!



### *Ұрпақ таңы*

Ұрпақтың арайланып таңы атқан,  
Атаның тектілігін жарқыратқан.  
Бітіріп оқуларын ұл-қыздарым,  
Диплом, аттестатын алтындатқан.

Ата-ана орындалып арман – ойы,  
Қолтықтап қолдағандай Көкше бойы,  
Нәріндей мәңгі ұрпаққа қуат берер  
Ата мен апа кептен күткен тойы.

Ерлан – күнім жарқырап,  
Әзизам – кәусар балбұлақ,  
Маликам – шабыт – қарқыным,  
Төгілген күйім сарқырап.



## *Жан жарыма*

Жарым менің Рәзиям,  
Жырым жылы, нәзік ән!  
Рәзиямның қолымен  
Жұмақ болған өз ұям.

Разиям – жазым, жас шағым,  
Биік, заңғар аспаным!  
Жан жарым деп жырлайтын  
Аяқталмас дастаным.

## *Ақ жеңгелер* *(Наурыз жеңгеме)*

Ақ жеңгелер, санаң кектей,  
Жаның жұмсақ шүберектей,  
Талай маңғаз жігіттердің  
Дымы құрыған қолы жетпей.

Бағып, қаққан балаларың,  
Күткен әже, аналарың.  
Жұлдыздары қолға қонған  
Бақытты ғой ағаларым

Ақ жеңгелер жүзі жарқын,  
Қастерлейік ата салтын,  
Қайындарға күлімдеген,  
Елге сыйлы, мінезі алтын.

Ақ жеңгелер – ақ теңгелер,  
Сыңғырлаған сазды үні,  
Мөлдіреген, желбіреген,  
Жастық шақтың жаз күні.

## Қайратқа

Бауырым, Қайрат інім 60 жаста,  
60 жас-қашалынған өмір тасқа,  
Жігері, білімі, еңбек өмір жолы  
Болғандай үлгі-өнеге барлық жасқа.

Қайратым, ұрпақтарға ата болдың  
Керсетер даналықты, ата жолды,  
Еркіндік заман орнап туған елге  
Басыңа бақ пен дәулет, бата қонды.

Құттықтап 60 жаспен атқан таңды  
Қалқытып жырды, төгем асқақ әнді  
Қайратжан, емірің әндей шалқып өтсін  
Сыйлайын арнап алған домбырамды.

Жүзім бар сал-серідей жарқылдаған,  
Өнерім 70 жаста сарқылмаған,  
Саусақтың ізі қалсын домбырамда,  
Құлақта өнім қалсын саңқылдаған.

Қайратжан Иран салдан домбыра алсын,  
Үйінде гүжілдетіп әнге салсын,  
Ұрпақтар біз еткен соң мақтан тұтар  
Тартам деп Иран салдың домбырасын.

Қайрат, алпыс-асарың,  
Қару-жарақ, жасағың,  
Аман болсын қасыңда  
Айбикештей қосағың,  
Өсіп-өнген ұрпақтар,  
Толқындаған жас ағым.  
Бауырына тартқан еліңнің  
Қабылдай бер құшағын.  
Әндеткен мен де тілекпен  
Ағаң болып құшамын.



## *Айшажаным — балдызым*

Сарбұлақ – қайын жұртым, өскен ортам,  
Қызы бар Айшажандай көңілі дархан.  
Келгенде екі айналып жиырма бес жас  
Шалқыған қыз күніндей балдыз-қалқам

Жас дәурен жарқыраған кетпес естен,  
Келесің қалмай әлі өмір көштен,  
Айшажан, біздер үшін орның бөлек,  
Қызымыз балалармен бірге өскен.

Қасыңда Асылбегің жақсы керген,  
Орның бар еңбекте де сыйлы төрден,  
Бұл күнде ата-әже атандыңдар,  
Балбөбек немерелер соңыңа ерген

Айналайын, балдызым,  
Сарбұлақтан нар қызым.  
Мерейтойға келгенде,  
Жездең төккен сазды үнін.



## *Ілияс, Мира тойына*

Ақылбек, Алма, думан құтты болсын,  
Бақ орнап жас отауға ырыс қонсын,  
Сегілмей ағайынның ынтымағы,  
«Свежи» құдалармен орта толсын.

Ата-анаң мәпелеген Ілиясым,  
Үйленіп шаңыраққа нұр құясың.  
Қайыржан, Құлзия рухын құлазытпай,  
Сыйлап ет мәңгі ата нұрлы ұясын.

Шарлайтын ерісі кең, балапаным,  
Бақытты бол! – тілегі бар атаның,  
Ұмытпа тәрбиесін, өнегесін,  
Аялы Шолпанжанның алақанын.

Қосылған Ілиястың серігіне,  
Тілейін ақ жол Мира келініме.  
Сыйлы боп, әдепті боп, қонақжайлы,  
Қарағым, айнал туыс көрігіне.

Шүкірлік, тәуба қылып қолда барға,  
Ұмылтсын сыйластыққа үнемі Алла,  
Атынан нағашы елі Ілиястың  
Жолдайын ән-сәлемді құдаларға.

Отау құрған екі жас,  
Иесі отау Ілияс,  
Тірегі боп еркін ел  
Жаңа өмірге аралас,  
Келінменен жарасып,  
Заманыңмен таласып,  
Ұрпақтардан шашу шаш.  
Отауыңнан кетпесін  
Береке, бірлік, ықылас,  
Әрқашан да қолдасын  
Ілиясты Қызыр Ілияс,  
Еш жамандық болмасын  
Жолыңды құдай оңдасын.

## *Бахтияр, Анаргүл тойына*

Алимамед, Сандуғашым, бауырларым,  
Золоторун өсіп, өнген ауылдарың,  
Талдыкөл, Золоторун нағашы ел деп,  
Сағынып жүрем мен де қауымдарын.

Ғалия, Қайыргелді қандай еді,  
Ағайын-туыстығы балдай еді.  
Жөн білер зерделі ана Зейни апам  
Сүйреген елдік жүкті нардай еді.

Солардың сіңіп бойға әлдилері  
Сандуғаш ел қызы боп әпдилендің.  
Міне енді, Бахтияр ұл отау құрып,  
Аметпен қоса ағарар сән – күйге ендің.

Алимамед арғы түбің Ирандардан,  
Тектісің қазағымда сен бір қалған.  
Төгілсін нұр ән- жырдан ұрпағыңа,  
Сыйлайтын қайнағаңыз Иран Салдан.

Атасы Иран Сал боп домбыра алдым,  
Екі жас бақыты үшін әнді салдым,  
Тілеймін оң сапарды келініме,  
Мың жылдық жолдарына құдалардың.

Бахтияр мен Анаргүл  
Жолдарыңа бітсін гүл,  
Ақ тілегі ел көл болып,  
Алла қолдап жаусын нұр.  
Тірегі боп Отанның,  
Еңіреп ел деп өмір сүр,  
Ағайынның екі жақ  
Әрқашанда халін біл  
Жалындаған жастық шақ  
Дер кезіңде ойнап, күл  
Ата-анаңды, үлкенді  
Қазақ болып сыйлай біл  
Өрбіте біл ұрпақты,  
Өтпесін өмір босқа құр,  
Орындалсын бар арман –  
Деп арнаймын мен ән мен жыр.

## *Тіл тағдыры*

Ақ сүтімен анашымның дарыған,  
Ана тілім – шамшырағым жағылған.  
Алла жаққан бұл шырақты өшірмес  
Шала қазақ шенді шекпен жамылған.

Қолдар тілді еркіндігім, елдігім,  
Көбейді ерлер арқалайтын ел жүгін,  
Келді кезің, қазақ елім, бағалар  
Ер жігіттің ұлтжандылық өрлігін.

Ата-баба өсиетін сағынып,  
Тіл туралы заңды орындап бағынып,  
Шалалардың тілін бұрап шыңғыртып,  
Үйретейік тілді ел болып жабылып.

Қазақты ұғып жүрекжарды сезіммен,  
Басқа ұлттар шошымайды сөзімнен.  
Түбін талдап қазіргі іске үңілсек,  
Барлық пәле шығар, қазақ, өзіңнен.

Жас ұрпақты орысшадан тыя алмай,  
Келімсектің көңілін аулап қыя алмай,  
Тегеуірін тыянақ жоқ ісінде,  
Шашыласың айылыңды жыя алмай.

Дегенменен қиындықты жеңеміз,  
Мықты ұлт болып болашаққа енөміз.  
Мың өліп те мың тірілген қазағым  
Тіл тағдырын бермес қолдан – сенеміз.







## Күз

Күз де келіп, табиғат та сыздады,  
Жарқыраған күн көзі де қызбады,  
Анда-санда соғып кетіп суық жел,  
Қамыққанда қалтыратты ызғары.

Ағаш құрап, шөп те солып, сарғайды,  
Кең даламның жел қобызы сарнайды,  
Болашаққа нұр себелеп сұр аспан  
Қазағымның қоңыр күйін толғайды

Солтүстікте қалып шымшық, сауысқан,  
Оңтүстікпен құс төресі қауышқан.  
Бірте-бірте күн сәулесі азайып,  
Түннің ұзақ ұйқысына ауысқан.





### *Қарлы қыс*

Қарлы қысым боран жырын толғайды,  
Аязынан ыстық жүрек тоңбайды,  
Аппақ көрпе жердің кірін жапқандай,  
Аппақ қарды сағынбауға болмайды.

Армысың, қыс, сырғымаңмен желетің,  
Бойымызға шымыр шаттық енетің,  
Дайындалып қыс келді деп қазағым,  
Соғым сойса сенің сәнің келетің.



## *Қыз ұзату-үйлену той*

Жарасып той-думанмен қазақ халқым  
Әндетіп жырға басса жүзі жарқын.  
Құдалық, қыз ұзату, үйлену той  
Ешқашан ұмытылмас ата салтым

Қуанып екі жастың ата-анасы,  
Жасайды құдалығын шашу шашып,  
Ұрпақты толғандырып топқа қосар  
Аталар, әжелердің ақ батасы.

Татыңдар дәмін ас пен тұзымыздың,  
Алыңдар нәрін өн мен жырымыздың,  
Құдалық сый құрметті аямаймыз  
Бас қосқасын жолында ұл мен қызымыздың

Махаббат өмірімен қосқан басын  
Бақытты нұрлы болсын екі жасым.  
Ата-ана, туыстардың ақ тілегі-  
Алдынан ақ отаудың жарылғасын

Ұл үйленсе-думан той  
Ата-анаға-абырой.  
Тағы да бір ақ отау  
Көтереді елде бой.  
Қыз ұзату-той думан  
Қызықтайтын бар туған,  
Тебіренер туған жер  
Кіндік кесіп, кір жуған.



## *Кәрімжан құдаға*

Асқақтаған жыр—әнім,  
Ойын—сауық құрамын.  
Бурабайға келдім де  
Қолына түстім құданың.  
Әндетіп Иран жүреді,  
Ән—жырға толы жүрегі,  
Енді менің жайымды  
Құдай мен құда біледі

\*\*\*

«Ақ желкенің» болды менің тұрағым,  
Шалқығандай сал-серілік жыр-әнім,  
Бурабайдың сәні ерекше көрінді  
Құшағында Кәрімжандай құданың.  
«Ақ желкенің» болды өзімнің үйімдей,  
Сал-серінің бабы келген күйіндей.  
Кәрімжандай құдалардың, жігіттер,  
Кете алмайсың ерлігіне сүйінбей.





## *Құшағыңды аш, Көкшетау*

Көкше – Абылай ерлігі,  
Кенесары ерлігі,  
Асқақ әннің ордасы,  
Біржан, Ақан серілігі.

Орман көлі шалқыған,  
Көкорайы аңқыған.  
Ертегідей аңыздар,  
Бас айналар даңқынан.

Құдай берген сәні бар,  
Самалы ескен таңы бар,  
Жеріне сай жаратқан  
Арлы, сұлу жаны бар.

Табиғатпен сырласам,  
Серуендеп қырға асам,  
Құшағыңды аш, Көкшетау,  
Ән мен жырдан нұр шашам.





### *Жетім бала өні*

Көрмедім ана жүзін тастап кеткен,  
Келбетін көкек әке ұрық сепкен,  
Неліктен жалған дүние қазымыр ең  
Қоғамға жетімдікті жетектеткен.

Айтуға өмірбаян ұяламын,  
Өлімге қайтып жанды қия аламын.  
Тіршілік тербеткесін мен байғұсты,  
Алладан жарық дүние сый аламын.

Уа, Отан Қазақстан, еркін елім,  
Сенемін жарқырайды көркім менің.  
Туған жер сай-саласын зыр жүгіріп,  
Жоғалтпай балалықты еркіндедім.

Уа, Отан – сен ана,  
Тірегім – сен ғана.  
Қол үшін бергенді  
Пір тұтар мен бала.



## *Иран Тасқара - бас жүлдегер*

Түркістан қаласының әкімдігі мен мәдениет бөлімі батагей ақсақалдарымызды халқымызға дәріптеу, рухани байлығымызды молайта түсу, игі қасиеттерді бойымызға ұялату мақсатында осымен үшінші мәрте «Батаменен ел кегерер...» атты республикалық зерделі қариялар байқауын өткізді. Осы жолы оған 11 ақсақал қатысты. Солтүстік еңірден ат терлетіп барған жерлесіміз, ақын-сазгер Иран Тасқараның жолы болып, байқаудың бас жүлдесін олжалады. Ол диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

-Рухани Астана - Түркістан қаласында өткізілген бірінші республикалық байқауға өнер түйғындарының бірі Кәрекең (Кәрім Ілиясов) қатысып, Көкшетауға жүлделі екінші орынмен оралғанынан көпшілік қауым жақсы хабардар. Өкінішке орай, өткен жылғы байқауға қатыса алмадым. Биыл соның сәті түсті. 63 жастан асқан ақсақалдардың арасында осалы жоқ екен. Біздер байқау шарты бойынша үш кезеңнен тұратын сайыста бақ сынастық. Әуелі езімізді таныстырып, бата беру рәсімін жасадық. Екінші кезекте билетте қойылған сұрақтарға жауап беруге тура келді. Қазақтың қонақтары туралы әңгімелеп, би-шешендерге қатысты мақал-мәтелдер айттым. Соңғы сынақта өнер сайысына кезек берілді. Осы жақта Ұлы жүздің беделді деген Сіргелі руы тұрған көрінеді. ұрпақтары қазір де бар. Мен бұл жолы көрермендер назарына «Сіргелі» әнін (сөзі - Рақым Бекмурзиндікі, әні - Иран Тасқаранікі) ұсындым. Сондай-ақ өзімнің «Жүрек сыры» деген толғау-термемді орындап бердім. Орындаушылық шеберлігіме, қайтарған жауаптарым мен жалпы өнеріме риза болған әділ қазылар алқасы мені бас жүлдеге лайықты деп таныды. Әрине, қуанышымда шек жоқ, - деп арқалы ақын Иран ағамыз Түркістан сапарынан сыр шертті.

Біздер де Арқа мен Кекшенің мыңдаған өнер сүйер қауымы атынан Иран ақынды айтулы жүлдесімен құттықтап, алдағы уақытта да шығармашылық табыстар тілейміз.

**Д. АҚБЕКҰЛЫ.**

## *Түркістанда өзімді өзім таныстырғу*

Орта жүз Арғыннанмын аңқылдаған,  
Дауысым аққу құстай саңқылдаған,  
Атығай – Қарауылы сұлу Көкше  
Өнері жалғас тауып сарқылмаған.

Қожаның жиенімін Мөңтік затым,  
Баласы Тасқараның Иран атым,  
Кенші боп Сарыарқада сайран салып,  
Құлпыртқан ән мен жырдың салтанатын.

Жүрмеген қамын ойлап құр басының,  
Елімде жақсы-жайсаң сырласымын.  
Кездесіп жүздескенде ән-жыр төккен  
Президент Нұрсұлтанның құрдасымын.

Сәлем Арқа елінен,  
Кербез Көкше жерінен,  
Оқжетпестей ерінен,  
Сексен сұлу көлінен,  
Біржан, Ақан нәр алған  
Сауық – сайран белінен,  
Солардың ізін жалғаған  
Иран Сал деген серіден.



## *Түркістанда берген елге арналған бата*

Илаһи, әумин! «Ер түріктің бесігі, екі дүние есігі»  
Түркістандай қалада қасиетті,  
Абылайхан баба төрінен,  
Мағжан ақын елінен,  
Беруге батаны Алла нәсіп етті.  
Бабамыз Қожа Ахмет Иассауи пір,  
Түркістанда түмен бап,  
Сайрамда сансыз бап,  
Барлығының атасы Арыстанбап,  
Тебіренсін рухтары бізді қолдап!  
Уа, жаратқан, жасаған,  
Орнады елге еркіндік  
Ата-бабам аңсаған.  
Шаңырақ енді шалқысын,  
Берік болсын босағам.  
Тыныштық берсін еліме,  
Қуат берсін жеріме,  
Еңіреп ел деп ерлерім  
Оза берсін төріме!  
Айырмай көп ұлт достардан,  
Қағыс қылсын қастардан.  
Ұрпақтарым білімді,  
Пейілдері ақ болсын,  
Нашақорлық, арақтан  
Аулақ жүріп сақ болсын.  
Парақорлар жойылып,  
Кердеңдеген менмендік,  
Лауазымға сенгендік,  
Пендешілік тыйылып,  
Әдеттер жаман сап болсын.  
Алтын бесік – ауылға,  
Қара қазақ қауымға  
Мыңғырып мыңдап мал бітсін,  
Бұрынғыдай сән бітсін.  
Ынтымақ, бірлік, береке  
Қыдыр болып бақ қонсын.

Ата-баба салтымен  
Елдігім тапсын жалғасың,  
Ана тілін сайратып,  
Кеңейтсін қазақ арнасын.  
Оза шыққан тұлпардай,  
Іліп түсер сұңқардай,  
Әлемде озық елдерден  
Жарысқанда елім қалмасын,  
Қызыр Ілияс қорған боп,  
Осының бәрі орнасын,  
Бір Алла бізді қолдасын!  
Аллаһакбар!

### *Сексенге келген Рахым аға тойындағы бата*

Уа, жамағат!  
Рахаңның дәм, тұз, асында,  
Жинаған туысы қасында,  
Іні боп бата берейін,  
Соңына аға ерейін.  
Саулық берсін, аға, басыңа,  
Сексендегі сергектік  
Жеткізсін жүздің жасына.  
Жететін ағам жүз жастың  
Тойын мен де көрейін,  
Ағаның сезін ән қылып  
Өсірейін мерейін,  
«Сіргелі» әнін тағы да  
Шырқатып бір берейін.  
Онтүстікпен Сіргелі  
Туыс боп аға табысты,  
Мінезімен биязы  
Жақындатты алысты,  
Мекені Кекше – жерұйық,  
Ағаға осы ел сәні ыстық.  
Уа, құдайым ғұмырды  
Ұзақ қылып жалғасың,  
Еркін елге бақ қонып,

Кеңейтсін қазақ арнасын.  
Көңілі аға қырандай  
Тәуелсіз көкте самғасын,  
Өсіп өнген ұрпақтың  
Қанаттары талмасын.  
Қоса ағартып қосақпен  
Көрілік тапсын жалғасын,  
Аман боп Мағаш жан жары,  
Ағаны хақ қолдасын.  
Бас иемін, Сіргелі,  
Ұлы жүзге сыйлы елі,  
Қарауыл елім іргелі,  
Нағашым Қожа киелі,  
Түркістан берген бас жүлде  
Тапқандай мендей иені.  
Аға деп соғып жүрегім,  
Ниетті ақ қабылдап  
Аллаға жетсін тілегім.  
Аллаһакбар!

### *Шолқытқан сөзім оң тамшылары*

Бұл күнде мен де ағамын самайым қар,  
Қолдаған қалың қазақ маңайым бар.  
Күңкілдеп сөз қылсаң да кейбіреуің,  
Бәріңді жақсы көрдім, ағайындар.

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Мойнымда азаматтық нар жүгім бар,  
Арадай жинаған бал ән-жырым бар.  
Ел-жұртым еркелетіп атын қойған  
Жалғаған Біржан Салды мен де бір сал

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Көкшедей қасиетті елім менің,  
Үлгілі қазағыма, сенімді едің.  
Елдікті жарқыратып шығатындай  
Серпілші Көкшетаулық ерім менің.

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Өтті өмір шовинистер қылған зорлық,  
Еркін ел салтанатын көзбен көрдік.  
Үңілсек Абайша егер бұл өмірге  
Үдепті қазағымда парақорлық.

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Әлі де бірін бірі көре алмаған,  
Қазақша сөйлесуге кене алмаған.  
Ұят қой мына еркіндік заманында  
Үлгіге ұлттық ұрпақ ере алмаған

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Байлық пен билік орнап қиялдаған,  
Нәпсіні дүние қоңыз тыя алмаған,  
Өсиеті ата-баба естен шығып,  
Таптауға ұлт намысын ұялмаған.

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

О, дүние жалған!  
Зымырап жылдар ұлғайдым,  
Білемін мен де  
    Өмірде мәңгі тұрмаймын,  
Достардан ерте  
    Айырып жатыр бір-бірлеп,  
Межеден асып  
    Кете ме дөрия жыр-қайғым.

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Еңбек өттім өзім үшін, ел үшін,  
Елге арналды ән мен жырым, мол күшім  
Қолдап жатса халқым мені, кейбіреу  
Тоқтатпады – ау көреалмастық езді ісін

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Ел аға деп еледі,  
Қыздар көңіл бөледі,  
Мылжың шалға ұқсамай  
Жастау болғым келеді.

\*\*\*    \*\*\*    \*\*\*

Тағы аттадық бұл өмірде бір қадам,  
Мәңгілікке жақындадық бір табан,

Әлі даусым жаңғыртады даламды  
Қазақ өнін асқақтатып шырқаған.

\*\*\* \*\*

Өмір-шарап мас қылатын ішкендей,  
Қазаныңда өмір басың піскендей,  
Алпыс жастың алқабына көрмиық  
Көлеңкесі желкен 70 түскендей.

\*\*\* \*\*

О, тәңірім, жас келсе де қартайтпа,  
Өнерімді елім сүйген ортайтпа,  
Әнім менен сәнім келіп тұрғанда  
Кенбеймін мен анау –мынау «болтайтқа»

\*\*\* \*\*

Болсаң сырлас езбенен,  
Бағаланбас сөз деген.  
Көре алмаса туысың  
Тіректі ізде өзгеден.

\*\*\* \*\*

Пендешілік-құбылып адам өзгерсе,  
Әзәзілдік – жамандаған сөзге ерсе,  
Айтар жерде шындығын айтпай тайсалып,  
Бас сауғалап үндемесе өздерше.

\*\*\* \*\*

Пендешілік – байлығына мастанса,  
Күпірлікпен кердең кеуде ластанса,  
Адамдықтың нұрлы көзін шел басып,  
Қара бастың қамын ойлап баптанса.

\*\*\* \*\*

Пендешілік- шаттанғаның билікпен,  
Жағымпаздан мадақтайтын күй күткен.  
Құр билігін місе тұтқан надандар  
Жарыса алмас жаны жайсаң жүйрікпен.

\*\*\* \*\*

Байлық, билік шырмап алса санаңды,  
Есіртеді, мас қылады наданды.  
Қанағат қып, тәубә етсең барына  
Түсірмейсің өл алдында бағаңды.

\*\*\* \*\*

Мына жалған барады бізден де өтіп,  
Қызықтырып, қыздырып жалт-жұлт етіп,  
Кірген байлық, күшейген билік, мансап  
Асқынбасын межеден кердең кетіп.

\*\*\* \*\*

Еркін елім, дамыған Қазақстан,  
Барлық ұлтты бауырға дос қып құшқан,  
Ата-баба үлгісін жаңғырта біл  
Жаралғандай қазағым ар – намыстан.

\*\*\* \*\*

Шуақ, шаттық мінездерге кендемін,  
Сөзіне «қырт» қырсықтым да көнбедім,  
Тімікісе менен де мін табылар,  
Өйткені мен жұмыр басты пендемін.

\*\*\* \*\*

Болады екен лауазымды шенде мін  
Қоса алмаса ісіне ерлік өрнегін.  
Көрдік талай сыпырылып шенінен  
Сүмірейген мүсәпірін пенденің.

\*\*\* \*\*

Жамандама көпті, болмас елде мін,  
Мен де ойымды елмен бірге тербедім.  
Қателесsem кешір, Алла, кінәмді,  
Жаратылған жұмыр басты пендемін.

\*\*\* \*\*

Адамдықтың шыңдарына өрледім,  
Жамандарға жаны жасық ермедім,  
Елдікті ойлап, ерді сүйіп әндетіп,  
Жігерленіп төріне елдің төрледім.

# Ақ орда — бәйтерегім

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

## Марш екпінімән

Нұр-сұлтан ерлігінің бас-та-ма-сы, Тәуелсіз Қазағыстан Астана-сы,  
Еркіндік елдігіме алтын діңгек - Қазақтың қара шаңырақ баспанасы.  
Қайырмасы:  
Бей! Елдігімнің тілегі, Күш қуаты, білегі, Отаным деп соғатын  
лүпілдеген жүрегі, Көк байрағы, қыраны, Достық әні ұраны -  
Астана ел, Астана ел, Астана ел тірегі

Нұрсұлтан ерлігінің бастамасы —  
Тәуелсіз Қазақстан Астанасы,  
Еркіндік елдігіме алтын діңгек —  
Қазақтың қара шаңырақ баспанасы.

Қайырмасы:  
Елдігімнің тілегі,  
Күш қуаты, білегі,  
Отаным деп соғатын  
Лүпілдеген жүрегі,  
Көк байрағы, қыраны,  
Достық әні, ұраны —  
Астана ел, Астана ел, Астана ел тірегі!

Аңсаған ата-баба арманындай,  
Соғылған мәңгілікке қорғанымдай,  
Қазақтың Еуразия ернегіндей,  
Әлемдік салтанаттың талғамындай

Қайырмасы:

Арқаның кербез, сұлу саласында,  
Орман, көл, жасыл желек арасында,  
Ақ орда, бәйтерегім жарқыраған  
Есілдің алтын аймақ жағасында  
Қайырмасы:

# Мұсылманның әні

Сөзі: Рахым Бекмурзиндікі,  
Әні: Иран Тасқаранікі

## Шалқыта, тебіреңе

Бас - тай - ын бис - мил - ла - дан сөз - дің ба - сын, Ді - ні бір бар мұ -

ба - сын и - ген, Қа - за - ғым дініс - лам - нан - ей жа - ңыл - ма - сын

**Қайырмасы:**

Ей! Жа - сай бер - сін ді - ні - міз, са - на сал - тым, ті - лі - міз. Жар - қы - ра - сын ә - лем - ге

тәу - ел - сіз - дік нұ - ры - мыз, Бар мұ - сұл - ман ба - ла - с(ы)аи Бір Ал - ла - ның құ - лы - мыз

Бір құ - дай - дың құ - лы - мыз - ей

Бастайын бисмилладан сөздің басын,  
Діні бір бар мұсылман бауырласым.  
Адамзат біліміне басын иген,  
Қазағым дін исламнан жаңылмасын.

Сенеміз жаратқанның барлығына,  
Көнеміз өмірі мен жарлығына.  
Болғанда пайғамбар хақ, құран шындық,  
Бәрі де бір Алланың жазуында.

**Қайырмасы:**  
Жасай берсін дініміз,  
Сана-салтым, тіліміз,  
Жарқырасын әлемге  
Тәуелсіздік нұрымыз,  
Бар мұсылман баласы  
Бір Алланың құлымыз,  
Бір Құдайдың құлымыз.



Сабырлық, таулық берсін патшаларға,  
Имамдар уағыз айтсын жиналғанға,  
Байыған биліктегі пендесі Алла  
Үнемі тарта білсін иманды алға.

Бес парыз орындайтын міндетіміз,  
Адалдық мұсылмандық ниетіміз,  
Күнәсіз ақ жүректен нұр шашатын,  
Мұхаммед пайғамбардың үмбетіміз.

Қайырмасы:



## Ана тілі

Сөзі: Ғафу Қайырбековтікі,  
Әні: Иран Тасқаранікі

### Вальс екпінімен

Мейлі шарлап теңіз өттім, тау бастым,  
Мейлі көктің ақ бұлтына жармастым,  
Сонда-дағы сен қалмайсың көкейден,  
Сонда-дағы сені ұмыта алмаспын.  
Ана тілім, күшім менің, қуатым, Жырым сендік жүрегімнен,  
Жүрегімнен туатын. Тауысар ма ырысыңды, қорыңды  
Дізелесіп қатар жазса мың ақын!

Мейлі шарлап теңіз өттім, тау бастым,  
Мейлі көктің ақ бұлтына жармастым,  
Сонда-дағы сен қалмайсың көкейден,  
Сонда-дағы сені ұмыта алмаспын.

Қайырмасы:

Ана тілім, күшім менің, қуатым,  
Жырым сендік жүрегімнен,  
Жүрегімнен туатын.

Тауысар ма ырысыңды, қорыңды  
Дізелесіп қатар жазса мың ақын!

Бар қазақтың орман, көлі, өзені,  
Тау қиясы, жалпақ, жазық, кезеңі,  
Сайрап сөйлөп тұрған жоқ па қазақша,  
Қалай тозар сендік асыл сөз енді!

Қайырмасы:

Сендө емес пе солардың бар ажары,  
Орман үні, бұлағының таза әні.  
Гүл, бәйшешек, көкөрайдың жұпары,  
Жақсы қысы, жомарт көктем, жаз айы.

Қайырмасы:

# Наурыз-көктем-қыз бағы

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

Еркелете, наздана

Наурыз көк - темжыл ба - сы, Ел - ді - гім - нің сыр - ла - сы, Шешіп қыс - тың  
көр - не - сін, Ай - ы - ла - ған қыр - ба - сын, Ай - на - лай - ың, хә - лай - ық  
Құт - ты бағ - сын жа - ңа жыл, Көк - тем тақ - қан си сыр - ла - сын

Наурыз-көктем - жыл басы,  
Елдігімнің сырласы,  
Шешіп қыстың көрпесін,  
Аймалаған қыр басын.  
Айналайын, халайық,  
Құтты болсын жаңа жыл,  
Көктем таққан сырғасын

Наурыз-көктем - қыз бағы,  
Гүлденгендей қыздарым,  
Жібіткендей жүректің  
Қыстан қалған ызғарың.  
Айналайын, қыздарым,  
Еріткендей жүректің  
Түбіндегі мұздарын.

Наурыз-көктем - нұр-иман,  
Құшағына гүл жиған.  
Адамзатқа жарқырап,  
Күннің көзі нұр құйған.  
Айналайын, қыздарым,  
Жүрегінен өн құйған,  
Аялаған бұл Иран.

# Қорғалжын

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

## Шалқыта, сезіммен

Қор - ғал - жы - ным а - ты е - ді, кө - лі - нің. Ай - дын шал - қар,  
те - ніз, дэ - рия, кө - рі - гім Сан құс - тар - дың сал - та - нат - ты ба - за - ры,  
Алла қол - дап а - л - ла - елі - су қо - ры - ғым Ей! Қор - ғал - жын,  
Қор - ғал - жын! Се - ні аң - сап ән мен жыр боп - су тал - ған - дым.

Қорғалжыным - аты елі, көлінің,  
Айдын шалқар, теңіз - дөрия, көрігім,  
Сан құстардың салтанатты базары,  
Алла қолдап аялаған қорығым.

Қайырмасы:

Е..ей! Қорғалжын, Қорғалжын!  
Сені аңсап ән мен жыр боп толғандым.

Көкшетаудай қасиетті елді елеп,  
Ән шығарған Күмісбеков Кенжебек  
Мен де жеттім Қорғалжынға әндетіп,  
Жаны жайсаң өнерпаз боп елгезек.

Қайырмасы:

Сүйсінгендей жазық дала сөніне,  
Қорғалжыным айналған жан нәріне,  
Махаббаттың күйі кернеп кеудемді,  
Салып келдім Дударайдың өніне.

Қайырмасы:

Қорғалжыным күн көзімен нұрланды,  
Әсерлі әнмен көл тербеліп ырғалды.  
Кер маралдай кербезденген арулар  
Кім ұмытар Әмина мен Гүлнарды.

Қайырмасы:

# Ән Сәуле

Сөзі: Төлеген Қажыбаевтікі,  
Әні: Иран Тасқаранікі

Шалқыта, еркелете

Нұр - лы Сәу - ле, сыр - лы Сәу - ле, жан Сәу - ле, Кө - кі - рек - ке саз қон - дыр -  
ған ән Сәу - ле. Ал - т(ы)а - уы - дың ба - сын қос - қан бір кез - де,  
Бар жақ - сы - лық бір ө - зі - ңе тән, Сәу - ле.

Нұрлы Сәуле, сырлы Сәуле, жан Сәуле,  
Көкірекке саз қондырған ән Сәуле.  
Алты ауылдың басын қосқан бір кезде,  
Бар жақсылық бір өзіңе тән, Сәуле.


Жасыл Сәуле, асыл Сәуле, бақ Сәуле,  
Ұрпақтарға алтын тұғыр тақ, Сәуле.  
Ұран болар ұрпағының мекені,  
Көңілдерге шырақ нұрын жақ, Сәуле.

Сәуле жыры таусылмайды мәңгілік,  
Біржан салым толғап өткен ән қылып,  
Ата мекен, құт орнаған ақ мекен,  
Ұрпақтармен жалғас табар жаңғырып!

# Қарсақ

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

Шалқыта сезіммен



Жыланды таудың бауыры,  
Шағалалы өзен сауыры.  
Бастаған жаңа дәуірін  
Қарсағым – дархан ауылым.

Балуаны елдің сүйгені,  
Қарсақтан ішік кигені,  
Белдескен жанды шыдатпай  
Жауырыны жерге тимеді.

Таралып елге осы аңыз,  
Атанды Қарсақ жотамыз.  
Ауылым – алтын бесігім,  
Мекені қазақ атамыз.

Ауылым – елдік қамалым,  
Сергітер бойды самалың.  
Үлгісін ата жалғаған  
Қарсақтық досым Аманым.

Қамқоршы елге ақылы,  
Тірегі, басшы, жақыны,  
Ауылдан шыққан ер тұлға  
Ерболдай аудан әкімі.

Сүтіндей ана берер нәр,  
Өшпесін оты ауылдар  
Ауылды құшып жырымен  
Тербеткен әнмен Иран Сал

# Әнасқақ

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

Шалқыта, жігерлі

Би - тік - тен ал - на - сам - да а - та - ым - ды. Сон - да - да сүй - е - бер - ем  
О - та - ым - ды - ай, Ту - ған ел, Хал - ымы қол - дап и - не - рім - ді,  
Е - сі - мім И - ран сал деп а - та - лын - д(ы)ау, а - та - лын - д(ы)ау  
ха - ла - ла - лай - лім ей ... ей ха - ла - ла - лай - лім - ау - ей -----

Биліктен алмасам да атағымды,  
Сонда да сүйе берем Отанымды.  
Туған ел, халқым қолдап өнерімді  
Есімім Иран Сал деп аталынды.

Арайлап Көкшетауда атқан таңды,  
Жалғадым сал-серілік асқақ әнді  
Ұрпаққа жаны сүйген сұлулықты  
Болғанда Көкше мәңгі,  
еншіалла, мен де мәңгі.

## Дос көңілі (Аман Абиловке арнаймын)

Сөзі мен өні Иран Тасқаранікі

Асықпай, сезімге беріле

Дос көңілі журегімнің шырағы, Шабытымның  
а - лып ұ - шар пы - ра - ғы. Досым бар - да ойым өр - леп ас - пан  
Ә - нім шал - қып сау - ық сай - ран құ - ра - ды  
А - ма - ным, А - ма - ным, ер - лі - гім Ақ көңіл, ақ көңіл се - рілігім Жарқ е - тер  
ал - дым - нан Көк - ше - нің тұл - ға - сы, Жан жол - да - сыр - ла - сым, Көк - ше - дей өр - лі - гі - ң.

Дос көңілі – жүрегімнің шырағы,  
Шабытымның алып ұшар пырағы.  
Досым барда ойым өрлеп аспанға,  
Әнім шалқып сауық-сайран құрады.

Қайырмасы:

Аманым, Аманым – ерлігім,  
Ақ көңіл, ақ көңіл серілігім,  
Жарқ етер алдымнан  
Көкшенің тұлғасы,  
Жан жолдас, сырласым,  
Көкшедей өрлігің.

Дос көңілі - өзен тынбай ағатын,  
Бас қосқанда кең арнасын табатын,  
Ғашықтығым өмірге артып, шаттанып,  
Байқатпайтын тық-тық еткен сағатын.

Қайырмасы:

Дос көңілі – қайғырғанда тірегім,  
Жігер қосар күш-қуатым, білегім.



Доссыз өмір жапырақсыз ағаштай  
Келтірмейді адамдықтың ірөңін

Қайырмасы:

Достар, достар, қалдырмайтын көңілді,  
Дос көңілмен өткізейік өмірді.  
Еркін елдік күйім тербеп адамды,  
Достық әуен көрней берсін көгімді.

Қайырмасы:



## Екі ұстаз қыз

(Жарым Рәзия, оның студенттік досы Бибішке арнаймын)

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

Көңілді, жігерлі

Ес-к(е) а-лып с - ту - бенті - тік жас - тық шақ - ты, Е - кі дос  
бі - рін бі - рі із - деп тап - ты Қар - с(ы)а - лып Көк - ше - теу - да а - ға - йын - дар.  
Маз - да - тып мәң - гі дос - тық о - тын жақ - ты. Ей! Ө - мір, ө - мір, ө - мір - ай,  
ұ - мыт - па - ған дос - тық - ты қай - рақ шір - кін. Е е ей кө - ңіл - ай

Еске алып студенттік жастық шақты,  
Екі дос бірін бірі іздеп тапты.  
Қарсы алып Кекшетауда ағайындар  
Маздатып мәңгі достық отын жақты.

Қайырмасы:  
Еей! Өмір, өмір, өмір-ай,  
Ұмытпаған достықты  
Қайран, шіркін, еей, көңіл-ай.

Достығы екі қыздың еткендей жыр,  
Ұрпаққа сабақтары сепкендей гүл  
Екі ұстаз еңбектері елге еленген  
Көрмепті бірін бірі 47 жыл

Қайырмасы:

Жас қайда жалындаған, сырласатын,  
Қиялдап арман қуып қырға асатын.  
Тәуба қып, шүкіршілік өмірге өткен  
Құдайым қуат бер әлі нұр шашатын.

Қайырмасы:





# Мәдинаның аужары

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

Еркелете, сезіммен

Балалық балдай бал дәурен, жайнаған жастық сал дәурен,  
Аруға бұзін ұзат қай бас-талар енді қай дәурен?  
Ей! Аужарым! Аужарым! Бас-талар енді қай дәурен?

*(Қайырмасы)*

Балалық балдай - бал дәурен,  
Жайнаған жастық - сал дәурен,  
Аруға бүгін ұзатқан  
Басталар енді қай дәурен?!

*Қайырмасы:* Е-ей! Аужарым! Аужарым!  
Басталар енді қай дәурен?!

Аймалап сүйген әке деп,  
Алыстап кетер панадан,  
Ақ сүтін берген мөпелөп  
Алыстап кетер анадан.

*Қайырмасы:* Е-ей! Аужарым! Аужарым!  
Алыстап кетер анадан!

Ағалар күткен гүл еді,  
Үйінде бұлбұл үні еді,  
Алыстап кетер ағалар,  
Сағынып енді жүреді

*Қайырмасы:* Е-ей! Аужарым! Аужарым!  
Сағынып енді жүреді!

Әжелер аппақ, аталар!  
Сіздерден жастар бата алар.  
Ақ бата - тілек көлінен  
Ақ отау – сәні басталар.

*Қайырмасы:* Е-ей! Аужарым! Аужарым!  
Ақ отау сәні басталар.

Достары, қыздар, құрбылар!  
Жастықты жайсаң жыр қылар.  
Сендерді аңсап сағынар,  
Сендердей жан жоқ сырды ұғар!

*Қайырмасы:* Е-ей! Аужарым! Аужарым!  
Сендердей жан жоқ сырды ұғар.

Ағайын, туыс елі еді,  
Кекшедей көрбез жер еді,  
Қалатын мәңгі есінде  
Сауық та сайран төрі еді!

*Қайырмасы:* Е..ей! Аужарым, Аужарым!  
Сауық та сайран төрі еді!

Жаңа өмір жасқа орнайды,  
Толғауын құрбы толғайды,  
Жастықпен, қайран, қоштасып,  
Жыламай сірә болмайды

*Қайырмасы:* Е..ей! Аужарым, Аужарым!  
Жыламай сірә болмайды.

Жаңарған өмір жол басы,  
Қосылды мәңгі жолдасы,  
Оң сапар біздер тілейік,  
Ақ жолын құдай оңдасын!

*Қайырмасы:* Е..ей! Аужарым, Аужарым!  
Ақ жолын құдай оңдасын

Ұзатып қыздар қыр асты,  
Қоштасып елмен сыр ашты.  
Көз жасы көлдей бұлаған  
Қуаныш жаспен ұласты

*Қайырмасы:* Е..ей! Аужарым, Аужарым!  
Қуаныш жаспен ұласты.

Махаббат мәңгі қолқалап,  
Барады қыздар жерге жат.  
Тілегім, жаным, жат елге  
Суындай сіңіп, тастай бат.

*Қайырмасы:* Е..ей! Аужарым, Аужарым!  
Суындай сіңіп, жастай бат.

# Қыз ұзату

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

Ойнақы, шалқыта

Музыкалық нота және ән сөздері:

...бәтәлімді де - мей - мей - сені күн мен ай - йым. Құл - сіз - мені қам - тас - пай - айым

...күн мен ай - йым. Құл - сіз - мені қам - тас - пай - айым. Құл - сіз - мені қам - тас - пай - айым

Сү - йік - ті ба - рі - міз - ге қыз - зым А - йым. Ей... ай Қыз - зым А - йым, Құл - мен а - йым,

Ал - дың - нан жа - рыл - га - сын, ай - на - ла - йым, ал - дың - нан жа - рыл - га - сын, ай - на - ла - йым.

Ата-ана әлпештеген күн мен айы,  
Қадамын қызықтаған ескен сайын.  
Тұрмысқа шығып жатыр ұзатылып  
Сүйікті бәрімізге қызым Айым.

*Қайырмасы:*  
Қызым Айым,  
Күн мен айым,  
Алдыңнан жарылқасын  
Айналайын.

Тіріліп қолын жайып аталарың,  
Бергендей ақ жол тілеп баталарың,  
Еміреніп бозінгендей әжелерің,  
Құшақтап, құттықтайды боталарың.

*Қайырмасы:*

Ата-ана алға тосып дәмін, асын,  
Жасырмай қуаныштан кездің жасын,  
Алдыңнан бағың жансын деп құшады  
Ұядан ұшқан алғаш қарлығашын.

*Қайырмасы:*

Жаңа өмір сәні келді, таңы атып,  
Тілейді Көкше жұрты саған бақыт.  
Жарқырап қосағыңмен барған жерде,  
Келін бол судай сіңіп, тастай батып.

Қайырмасы:

Көкшетау қыз ұзатып сайран құрды,  
Атадан жалғастырып асыл нұрды.  
Мың жылдық құдаларға тапсырамыз  
Аялап, мәпелеген қызыл гүлді.

Қайырмасы:





# Тұсау кесер

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

Көңілді, жігерлі

Кер - без Көк - ше, сұ - лу Көк - ше бой - ын - да, А - та - лар - дың,  
ә - же - лер - дің ті - лек - те - рі ұр - пақ - қа(а)й - тар ой - ын - да сол ті - лек - тер  
сек - сен көл - дей сек - сен көл - дей а - ғыл - ды Бө - бе - гі - нің тұ - сау ке - сер,  
тұ - сау ке - сер, ән - ге ба - сып би - ле - ніз - дер, би - ле - ніз - дер жа - зып бой

Кербез Көкше, сұлу Көкше бойында,  
Аталардың, әжелердің  
тілектері ұрпаққа айтар ойында.  
Сол тілектер сексен көлдей,  
сексен көлдей ағылды  
Бөбегінің тұсау кесер,  
тұсау кесер тойында.

Қайырмасы:

Тұсау кесер, тұсау кесер осы той,  
Әнге басып билеңіздер,  
билеңіздер жазып бой.

Туған елім тұсауын ер кесесің,  
Құлыншағым енді ертең тәй-тәй басып,  
құйындатып кетесің,  
Тұсауыңды Көкше жұрты,  
Көкше жұрты кескесің,  
Арманыңа асқар таудай,  
Заңғар көктей жетесің.



# Жан жарымсың аңсаған

Сөзі: Сансызбай Алпысбайұлынікі

Әні: Иран Тасқаранікі

Терең ойлы, мұңмен

Таң а-тып күн бат-қан-да ой-ға тү-сем, Шір-кі-най, Га-ля жа-ным, бір кө-рін-сең.  
Бі-ле-мін қайт-най-сың сен мәң-гі-лік-тен, мәң-гі-лік-тен,  
Сон-да-да ой-ым-да-сың қай-да жүр-сем. Сон-да-да ой-ым-да-сың  
қай-да жүр-сем. Өт-кен са-йым жа-ның-нан, Жан дү-ни-ем қақ-са-ған,  
Ал-тын а-тып қа-ным-нан Жан-жа-рың-мын аң-са-ған, жан-жа-рың-мын аң-са-ған.

Таң атып күн батқанда ойға түсем,  
Шіркін-ай, Галяжаным, бір көрінсең.  
Білемін қайтпайсың сен мәңгіліктен,  
мәңгіліктен,  
Сонда да ойымдасың қайда жүрсем,  
Сонда да ойымдасың қайда жүрсем.

Қайырмасы: Өткен сайын жаныңнан,  
Жан дүнием қақсаған.  
Жалын атып қанымнан  
Жан жарыңмын аңсаған,  
Жан жарыңмын аңсаған.

Не жетсін арамызда жүргеніңе,  
Тоймайтын бір жымып күлгеніңе.  
Еске алам өмірімді сайрандаған,  
сайрандаған,  
Тәубе етем ұл – қызымды бергеніңе,  
Тәубе етем ұл – қызымды бергеніңе



# Ақсу-Аюлы вальсі

Сөзі Маркус Сәрінжіптікі,  
Әні Иран Тасқаранікі

## Вальс екпінімен

Көз тар - тар Шет ө - ңі - рі Ар - қа - да - ғы. Бұ - ғы - лы - Та - ғы - лы та - у - ы.  
Ар - қа - да - ғы. Бек - те - рі қарт А - ю - лы ю - га то - лы Тер - бе - ген  
сың - ғы - р (ы) Ақ - су сай са - ла - ны, сай са - ла - ны, сай са - ла - ны.  
Қайырмасы:  
Жай - най бер, жай - най бер, же - рім. Жа - сай бер, Жа - сай бер, е - лім.  
Кө - ру - ге а - сық - пын, ұ - лың - мын, ша - шық - пын бір ө - зі - ңе.

Көз тартар Шет еңірі Арқадағы,  
Бұғылы – Тағылы тау-ер қамалы,  
Бектері қарт Аюлы нуға толы,  
Тербеген сыңғыры Ақсу сай саланы,  
Сай саланы, сай саланы.

Қайырмасы:  
Жайнай бер, жайнай бер, жерім.  
Жасай бер, жасай бер, елім.  
Керуге асықпын,  
Ұлыңмын, ғашықпын  
Бір өзіңе.

Сұлу ғой Шеттің төбе, шоқылары,  
Тал жидек қолды бұлғап шақырады.  
Суы бал мөлдір, таза бұлақтары,  
Күн кезі күлімдеген атырабы,  
Атырабы, атырабы.

Қайырмасы:

Елім бай, еңбек сүйгіш адамдарым,  
Шықты ғой Еңбек ері, талай дарын.  
Арнадым ұрпағы боп туған елге  
Еңбек пен жырдың сәтті қадамдарын,  
Қадамдарын, қадамдарын.

Қайырмасы:

# Гүлнәрім

Сөзі: Маркус Сәрінжіптікі,  
Әні: Иран Тасқаранікі

## Сезіммен, ойнақы

Ма-хаб-бат би-леп се-зім-ді, Қос-ты-ғой ма-ған ө-зің-ді. Жү-рек-те  
мәң-гі сақ-тай-мын жай-на-ған жас-тық ке-зің-ді.

Қайырмасы:

Ө-зің-сің, жа-ным, а-яу-лы жа-рым, Гүл - нә - рім. От-ба-сы па-на-сы, ба-ла-лар а-на-сы,  
Гүл - нә - рім, Гүл - нә - рім, Гүл - нә - рім, Гүл - нә - рім.

Махаббат билеп сезімді,  
Қосты ғой маған өзіңді.  
Жүреkte мәңгі сақтаймын  
Жайнаған жастық кезіңді.

Қайырмасы:  
Өзіңсің, жаным,  
Аяулы жарым, Гүлнәрім.  
Отбасы панасы,  
Балалар анасы,  
Гүлнәрім, Гүлнәрім, Гүлнәрім, Гүлнәрім.

Өмірдің ыстық, суығын  
Кештік қой бастан сөзге ермей,  
Басылмай қызық – дуылым  
Қырық жыл да етті сыр бермей.

Қайырмасы:

Ата, енеңді сыйладың,  
Кеңілін жардың қимадың.  
Жайлы да болдың жан-жаққа,  
Жақсыны терге жинадың.

Қайырмасы:


Жазылмай жұбым өзіңмен,  
Арманға мен де жетейін.  
Ендігі қалған өмірде  
Бір сені жырлап өтейін.

Қайырмасы:

# Ана

Сөзі: Маркус Сөрінжіптікі  
Әні: Иран Тасқаранікі

## Сезіммен, шалқыта



Ұй - қы - сын түн - де төрт бе - ліп, Ө - сір - ді а - нам мә - пе - леп,  
Шу - а - ғын тө - гіп ер - ке - лік, Ба - стыр - ды тәй - тәй же - те - леп,  
А - қ та - ңым, а - рым, Мәң - гілік нә - рім, А - қ сү - тің бой - ға та - ра - ған,  
А - қ та - ңым, а - рым, Мәң - гілік нә - рім, А - қ сү - тің бой - ға та - ра - ған,  
Е - сі - ме - й ер - те жат - па - дым, Әл - ди - н а - на жат - та - дым,  
А - қ сү - ті а - на, ақ нә - рі Шы - ры - ным бал - дай тат - қаным.

Ұйқысын түнде төрт беліп,  
Өсірді анам мәпелеп,  
Шуағын төгіп еркелік,  
Бастырды тәй-тәй жетелеп.

Қайырмасы:  
Ей.....й! Анажан,  
Ақ таңым, арым,  
Мәңгілік нәрім,  
Ақ сүтің бойға тараған.  
Ақ таңым, арым,  
Мәңгілік нәрім,  
Ақ сүтің бойға тараған.

Естімей ерте жатпадым,  
Әлдин ана жаттадым.  
Ақ сүті ана, ақ нәрі  
Шырыным балдай татқаным.

Қайырмасы:

Біліммен елге жарқыра -  
Сөзі айтқан ана-есиет,  
Қызмет етсең халқыңа  
Бұл нағыз ұлдық қасиет.

Қайырмасы:

## Қарқаралы

Сөзі: Хасен Сәрінжіпұлынікі,

Әні: Иран Тасқаранікі

Ойлы, тебіреңе

The image shows a musical score for the song 'Қарқаралы'. It consists of three staves of music. The first staff is the vocal line, the second is the piano accompaniment, and the third is the bass line. The lyrics are written below the staves.

А-тың-нан ой-на-лай-ын, Қар-қа-ра-лы, Се-нен бұлт, ме-нен қай-ғы тар-қа-ма-д(ы)ой

Деп Мә-ди ер-те күн-де күңі-рен-се, Бү-гін-гі ақ-ын шал-қып жар-са-ла-ды

Жар-са-ла-ды-ау, уай, ги-ги-гиу и-ги-гай өй, ги-ги-гай, ау-ей

«Атыңнан айналайың, Қарқаралы,  
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамды»-  
Деп Мәди ерте күнде күңіренсе,  
Бүгінгі ақын шалқып жар салады.  
Құтты жер, тауың-орман, далаң-шалғын,  
Жайылған ен жайлауға малың-балғын.  
Қалаңа аз күн қонақ бола жатып,  
Көркіңнен естен кетпес баһар алдым.  
Жер бар ма көркемдігі сенен өткен,  
Табиғат сұлулығын мол қып теккен?!  
Сағынып исі аңқыған жұпарыңды,  
Ынтығып жүруші едім мен де көптен.  
Бір кезде мектебіңнен алдым білім,  
Онда мен сайрандаған жастық күнім.  
Кергенде берекелі байлығыңды,  
Шаттанып шалқи түсті қарттық үнім.  
Шекердей суың мөлдір бал татыған,  
Гүлдерден самал-жұпар исі аңқыған.  
Байлық пен әсемдіктің бәрі сенде,  
Айналаң қалың совхоз құт шалқыған.  
Мың-мыңнан өрген малы берекелі,  
Бұл күнде атаныпсың совхоз елі.  
Кесілген көк жиекке егін шалқып,  
Мені де қызықтыра жетеледі.  
Мектебің дайындайды мамандарды,  
Қажымас қайратты жас адамдарды.  
Еліңе өз үлесін қосу үшін,  
Әр жерге «Зовет» болып балаң барды.  
Жас шағым сенде шалқып өтті менің,  
Қызметпен сыртқа шеттеп кетіп едім.  
Келгенде 60 жасқа тағы кердім,  
Сайыңда бір сайрандау боп тілегім.



## Есіңде ме, құрбыжан

Сөзі: Бақыт Әбділманованікі,  
Әні: Иран Тасқаранікі

Сезіммен, еркелете

Музыкальная партитура с нотами и текстом. Текст под нотами:

Ал - ма - ты - ның Жөн - ПИ - і, Ес - ке ала - тын біз жи - і,  
Бі - лім бер - ген біз - дер - ге Мың бір қыз - дың кең үй - і  
Е - сің - де - ме, е - сің - де - ме, е - сің - де - ме, құр - бы - жан!

Алматының ЖөнПИі,  
Еске алатын біз жиі,  
Білім берген біздерге  
Мың бір қыздың кең үйі  
Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!

Бұлттан үкі тағатын,  
Алатаудың шың-құзы,  
Ерке, тынбай ағатын  
Балбұлақтың сылдыры  
Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!

Иран бақтан аумаған  
Алма бақтың ақ гүлі,  
Таң сәриде сайраған  
Бұлбұл құстың саз үні  
Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!

Дина апаның күйлері,  
Шара апаның билері,  
Баратұғын театрға  
Жігіттерден сый көріп  
Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!

«Қайықта» әнін қалқытқан,  
Вальс билеп шалқытқан,  
Студенттік жаз таңы,  
Шәмші ағаның наз әні  
Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан ?!

Қолдарында гүлдері,  
Төлегендей түрлері,  
Жігіттердің біріне  
Ынтық болған күндерің  
Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!

# Наурыз вальсі

Сөзі: Бақыт Әбділманованікі

Әні: Иран Тасқаранікі

Еркелете, шалқыта

Шат - тан - ган - да нау - рыз көк - тем, сау - мал са - мал бет - тен өп - кен.

Ақ - шақ шати - ры дар - хан да - лам Күн - шу - ақ - қа ал - ты ай күт - кен

Қайырмасы:

Ақ - қу көк - тем, Гак - ку көк - тем! Гүл жай - на - ған бәй - ше - ше - гі,

Таң - га - жай - ып нұ - рын төк - кен, Сал се - рі - лер Гак - ку - лет - кен

Шаттанғанда наурыз-көктем,  
Саумал самал беттен өпкен.  
Құшақ жайды дархан далам  
Күншуаққа, алты ай күткен.

Қайырмасы;  
Аққу – көктем,  
Гакку көктем!  
Гүл жайнаған бәйшешегі,  
Таңғажайып нұрын төккен,  
Сал-серілер «гаккулеткен»

Жаңа жылым есік ашты,  
Құт, береке нәрін шашты.  
Құтты болсын наурыз мейрам  
Қуантатын алты алашты.

Қайырмасы:

Наурыз - көктем жылдың басы,  
Наурыз – көже достың асы.  
Қазақ елі думандатып,  
Той-тойлаған кәрі-жасы.

Қайырмасы:

# Болашағым-бақытым

Сөзі: Иран Тасқаранікі  
Әні: Ерлан Ташеөтікі

## Көңілді

Мен да-лам-ның қыз-ғал-да-ғы, гү-лі Ер-кін ө-сіп жай-на-ған.  
Мен е-лім-нің жар-қы-ра-ған нұ-ры Бо-ла-шақ-қа бой-ла-ған  
Жас-тық шақ-тың жа-лын-да-ған сы-ры, Би-бі-ле-ген, ой-на-ған.  
Қайырмасы  
Би-ле, би-ле, жан-са-сым. Кө-ңіл-дер-ге күй-тол-сын  
Қон-ған ба-қыт ба-сы-мыз-дан тай-ма, Біз-ге а-шық жол бол-сын  
Қон-ған ба-қыт ба-сы-мыз-дан тай-ма, Біз-ге а-шық жол бол-сын

Мен даламның қызғалдағы, гүлі,  
Еркін өсіп жайнаған.  
Мен елімнің жарқыраған нұры,  
Болашаққа бойлаған.  
Отанымның асқақтаған жыры,  
Қуанышын тойлаған.  
Жастық шақтың жалындаған сыры,  
Би билеген, ойнаған.  
Қайырмасы:

Биле, биле жан досым,  
Көңілдерге күй толсын.  
Қонған бақыт басымыздан тайма,  
Бізге ашық жол болсын.

Аталардың, әжелердің әні,  
Бесігін ел тербеген.  
Еркіндіктің, арайланған таңы,  
Қауышады елменен.  
Жаңа ғасыр жалтылдаған сәні,  
Қолдау тауып төрлеген.  
Сырласуға құмар нәзік жаным,  
Өнер қуып өрлеген.  
Қайырмасы:

# Нағашы

Сөзі: Иран Тасқаранікі  
Әні: Арман Ицановтікі

Көңілді

Қа - та - ғым - ның е - лі - де. Қә - сі - ет - ті же - рін - де.  
На - ғашы - ны сый - ла - ған. Дә - ре - же - лі та - рін - де.  
Шы - ғып а - дам ба - ғы - нап, Жа - рал - ған - дай а - ры - нап.  
Жақ - сы мі - нез жи - ен - де. На - ғашы - ны сый - ла - ған.  
Қайырмасы:  
На - ғашы, на - ғашы, На - ғашы - ел а - ғасы.  
Жақ - сы қор - ған жи - ен - де. Е - ліміз - дан да са - мақ - ты.  
а - ғашы - дан да ар - бақ - ты. На - ғашы - ны сый - ла - ған.  
Е - ліміз - дан да са - мақ - ты. На - ғашы - ны сый - ла - ған.  
На - ғашы - ел а - ғасы.

Қазағымның елінде,  
Қасиетті жерінде  
Нағашыны сыйлаған  
Дәрежелі төрінде.  
Шығып адам бағынан,  
Жаралғандай арынан,  
Жақсы мінез жиенге  
Нағашыдан дарыған.

Қайырмасы:  
Нағашы, нағашы,  
Нағашы – ел ағасы.

Жақсы көрген жиенге  
Алтыннан да салмақты,  
Асылдан да ардақты  
Нағашының бағасы.  
Е...ей! Нағашы!

Нағашы ел түлегі,  
Ел деп соғар жүрегі,  
Жанашыры адамның,  
Ағайынның тірегі,  
Жанасқанмен табысып,  
Жанға тарта біледі.  
Нағашының жиенге  
Анасындай тілегі.

Қайырмасы:





## Баянғали

Сөзі, әні Иран Тасқаранікі

### Шалқыта

Көкше-нің ша-рық-ты-а, - тып-қан а-тығы бү-гін. Көше-гі Бір-жан Сал-дай.  
Ә - қып шы - рың - ой Құт-тық-тап ме-рей-той - мен, Та-ғы - да - ғы.  
Ән-дет-сем бі-лі-не - ді, ау жа - ңы н - ды - ғым - ой.  
Қайырмасы:  
Ал-дың-да топ-тың ал - қа - лы Тө-ге бер жыр-ды(ы) ау ар - қа-лы Ту-ған е - лим.  
Көк - ше - тің. Тө - ге - бер - се - не - нім ар - та - дың - ғы.

Көкшенің шарықтатқан атын бүгін  
Кешегі Біржан Салдай ақындығың.  
Құттықтап мерейтоймен, Баянғали,  
Әндетсем білінеді жақындығым.

Қайырмасы:  
Алдыңда топтың алқалы  
Төге бер жырды арқалы,  
Туған елім Көкшетау  
Біздерге сенім артады.

Көршімсің, інімдейсің құдай қосқан,  
Ақ ниет сыйластықпен араласқан.  
Сеңен жыр, менен әндер шалқи берсін  
Еркіндік алған елдің көңілін ашқан.

Қайырмасы:

Өнерді серік қылып бала жастан  
Тарихта қалады енді ізің басқан.  
Кешегі сал-серілір жалғасысың  
Бүгінгі ұрпақтарға нұрды шашқан.

Қайырмасы:

Жазушы, драматург ұшқыр қалам,  
Белгілі Қазақстан елге бағаң.  
- Өнерің өрістеген өрден түспей  
Ұрпаққа мұра болсын – тілегі ағаң.

Қайырмасы:

## Бала сағынышы

Сөзі Маркус Сәрінжіптікі,  
Әні Иран Тасқаранікі

Тебiрене, шалқыта

Са-ғын-дым ә - ке ө - зің - ді, Кү-лім-депайт - қан сө - зің - ді, Нұ-рын-дай көк-тем  
жү - зің - ді, Ай-ма-лап құш-қан, ай-ма-лап құш-қан кө - зің - ді.

Қайырмасы:

Ей! Са-ғын-дым ел - ді, Са-ғын-дым жер - ді, Са-ғын-дым а - та қо - ны - сын.  
Се-ні(ң)аң-сап кел - дім, Ән-жыр-ды өр - дім, Ә - ке - жа - ным, сен ү - шiн.

Сағындым әке өзіңді,  
Күлімдеп айтқан сөзіңді,  
Нұрындай көктем жүзіңді,  
Аймалап құшқан, аймалап құшқан көзіңді.

Қайырмасы:

Ее...ей! Сағындым елді,  
Сағындым жерді,  
Сағындым ата қонысын.  
Сені аңсап келдім,  
Ән-жырды өрдім,  
Әкежаным, сен үшін.

Атыңды ұстаз атақты,  
Есінде елің сақтапты.  
Жүректен шыққан білімің  
Ойында шәкірт, ойында шәкірт от жақты.

Қайырмасы:

Ойлаған қамын елінің,  
Ұлының ақтап сенімін,  
Беріпті мектеп, көшеге  
Есімін сендей, есімін сендей ерінің.

Қайырмасы:



## Мазмұны

Қазақстан республикасы Президенті кеңсесінің бастығының хаттары.....	5
Ақын, қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың Иранға шығарған өлеңі.....	8
Ақын, ұстаз Әбділманованың тілектері.....	10
Алғы сөз ретінде.....	11
Әншілік шығармашылық өнерге байланысты естеліктер.....	12
Омбыдағы «Тамаша».....	12
Семсері қазақ мұқалмас.....	16
Рахымжан Қошқарбаевпен қалай кездестім.....	19
Домбыраға қосып орысша, украинша айтқан әндерім.....	21
Беркің-ай.....	27
Үкілі Ыбырайдай асыл тектен.....	31
Жәнібек әнші сала алмай кетті әнімді.....	33
«Інілерім» әнімді арнадым деп айта аламын өзіңе.....	36
Ән шырқаса Сырымбеттен әжелер.....	39
Келемін талай елден жөн сұрасып.....	41
Біржан Сал айтқан екен.....	45
Емхананың емінен туған жырларым.....	47
Емші қыздарға.....	47
Шолпанға.....	48
Мәрияға.....	48
Шырағымды қайтадан жандырған Алла.....	49
Науан-Аян (толғау-эссе).....	51
Серік әкімге.....	59
Қызылжарға.....	60
Хамитке.....	61
Әшірбекті еске алу.....	62
Ақжарға.....	63
Қайрат әкімге.....	65
Ағзамға.....	65
Мұхамметке.....	65
Дулат – Гүлсім тойына.....	66
Шет ауданының (Қарағанды облысы) 80 жылдық мерей – тойына арнау.....	67
Әзірхан ағаға.....	70
Шахаржан.....	72
Марат достың рухына.....	73

Марат үні бақидан.....	74
Өр мінезді, өр тұлғалы Сұлтанбек аға.....	75
Еркін әнші.....	77
Қожа ұлына.....	78
Гүлсімге.....	80
Ерейментау.....	81
Сәуле ауылына.....	83
Зеренді еліне.....	85
Қарсақ – алтын ауылым.....	86
Тұманбай Молдағалиевке.....	88
Нағашыбайға.....	89
Жанат Қасымовқа.....	90
Қапар.....	91
Мүслима – Әлиман.....	92
Байқашқа.....	93
Тұрсынбекке.....	94
Болат – Баян.....	95
Ел анасы (Күлсін апам).....	96
Садық бажаға.....	96
Назымбекке.....	97
Құдайы көрші.....	98
Мұрат Көпеновке.....	99
Әйелдерге.....	100
Гүлжан шырақ.....	101
Ұрпақ таңы.....	102
Жан жарыма.....	103
Ақ жеңгелер (Нәуке жеңгеме).....	103
Қайратқа.....	104
Айшажаным – балдызым.....	105
Ілияс, Мира тойына.....	106
Бахтияр, Анаргүл тойына.....	107
Тіл тағдыры.....	108
Күз.....	109
Қарлы қыс.....	110
Қыз ұзату – үйлену той.....	111
Кәрімжан құдаға.....	112
Құшағыңды аш, Көкшетау.....	113
Жетім бала әні.....	114
Дәуренбек Ақбекұлының «Иран Тасқара – бас жүлдегер» мақаласы.....	115

Түркістанда өзімді өзім таныстыру.....	116
Түркістанда берген елге арналған бата.....	117
Сексенге келген Рахым аға тойындағы бата.....	118
Толқытқан сезім ой тамшылары.....	119
<b>Әндер</b> .....	123
Ақ орда – бәйтерегім.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	124
Мұсылманның өні. <i>Сөзі Р.Бекмурзіндікі,</i> <i>өні Иран Тасқаранікі</i> .....	125
Ана тілі. <i>Сөзі Ғафу Қайырбековтікі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	127
Наурыз – көктем – қыз бағы. <i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	128
Қорғалжын. <i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	129
Ән Сәуле. <i>Сөзі Т.Қажыбаевтікі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	130
Қарсақ . <i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	131
Әнасқақ.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	132
Дос көңілі.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	133
Екі ұстаз қыз.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	135
Бөбегім Ақмаралым.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	136
Құмарым. <i>Сөзі С. Сауытбековтікі,</i> <i>өні Иран Тасқаранікі</i> .....	137
Мадинаның аужары.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	138
Қыз ұзату.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	140
Тұсау кесер.	
<i>Сөзі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	142
Жан жарымсың аңсаған. <i>Сөзі С.Алпысбайұлынікі,</i> <i>өні Иран Тасқаранікі</i> .....	144
Ақсу –Аюлы вальсі. <i>Сөзі Маркус Сәрінжіптікі,</i> <i>өні Иран Тасқаранікі</i> .....	146
Гүлнәрім. <i>Сөзі Маркус Сәрінжіптікі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	147
Ана. <i>Сөзі Маркус Сәрінжіптікі, өні Иран Тасқаранікі</i> .....	148
Қарқаралы. <i>Сөзі Хасен Сәрінжіптікі,</i> <i>өні Иран Тасқаранікі</i> .....	149
Есіңде ме, құрбыжан. <i>Сөзі Бақыт Әбділманованікі,</i>	

<i>әні Иран Тасқаранікі</i> .....	150
Наурыз вальсі. Сөзі Бақыт Әбділманованікі, <i>әні Иран Тасқаранікі</i> .....	151
Болашағым – бақытым. Сөзі Иран Тасқаранікі, <i>әні Ерлан Ташевтікі</i> .....	152
Нағашы. Сөзі Иран Тасқаранікі, <i>әні Арман Ищановтікі</i> .....	153
Ардагер. Сөзі Иран Тасқаранікі, <i>әні Арман Ищановтікі</i> .....	155
Баянғали. Сөзі, <i>әні Иран Тасқаранікі</i> .....	156
Бала сағынышы. Сөзі Маркус Сөрінжіптікі, <i>әні Иран Тасқаранікі</i> .....	157



## Тасқара Иран Тасқараұлы

*Желкен 70 жетпейінде*  
*(ән мен жырлар, естеліктер)*

*Редактор: Р. Ильяшева.*  
*Бет қаттаушы: А. Шәріпбаев.*

Басуға 04.03.2009 жылы қол қойылды. Қалыбы 30x42 1\16.  
Шартты баспа табағы 10,125. 162 бет. Қаріп түрі "KZ Arial Cyr".  
RISO басылыс. Таралымы 200 дана.  
Тапсырыс №032. Бағасы келісімді.

*Кітап «Изотов С.В.» ЖК*  
*баспа орталығында басылды.*  
*Көкшетау қ-сы, Қанай би, к-сі, 37.*



400-





400 ✓